

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»
№1(45)**

Алматы, 2014



ISSN 1728-8940

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»

№1(45)



Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Әлеуметтік және саяси
ғылымдар» сериясы
№1(45), 2014

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Бас редактор:
ҚР ҰҒА корр.-мүшесі,
филос.ғ.д., проф.
Р.Б. ӘБСАТТАРОВ

Бас редактордың орынбасары:
А.Ж. Мұқажанова с.ғ.д., доцент

Редакция алқасы:

Г.С. Абдраимова а.ғ.д., проф.,
К.У. Бнексиов а.ғ.д., проф.,
Ж.Ж. Жаназарова а.ғ.д., проф.,
Лим Че Ван с.ғ.д., проф. (Корея),
Г.О. Насимова с.ғ.д., проф.,
Н.П. Нарбут а.ғ.д., проф. (Ресей),
И.А. Рау филос.ғ.д., проф.
(Германия),
Т.Ж. Қалдыбаева а.ғ.д., проф.,
С.В. Решетников с.ғ.д., проф.
(Белоруссия),
Ю.М. Почта филос.ғ.д., проф.
(Ресей),
Лоранс Тен а.ғ.д. проф. (Франция),
А.И. Шалтыков с.ғ.д., проф.,
Н.Б. Сейсен с.ғ.к., доцент
М.Н. Мусабеков аймақтау
магистры, аға оқытушы
(жауапты хатшы)

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2014

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде 2009 жылы
мамырдың 8-де тіркелген №10107-Ж

Басуға 10.04.2014 қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 13,75 е.б.т.

Таралымы 300 дана.

Тапсырыс 79.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің

«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е

Пірәлиев С.Ж. Қазақ елі – мәңгілік ел..... 3

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ

Сейсен Н.Б. Қазақстан Республикасындағы саяси жаңғыртудың
жалпыұлттық құндылықтары..... 7
Матакбаева Л.Х. Уроки кыргызского кризиса в контексте
легитимации политического режима..... 12
Әбсаатаров Ғ.Р. Тұлғаның құқықтық мәдениетін
калыптастыруға Қазақстанның бұқаралық ақпарат
құралдарының ықпалы..... 17
Махмутов Б.Л. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы
күрестің саяси механизмдері..... 20
Насырова М.Ю. Роль политики нейтралитета в формировании
системы региональной безопасности..... 27

ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ

Қалдыбаева Т.Ж. Қазақстан Республикасы: балаларды ерте
жастан дамытудың әлсуметтік және методологиялық негіздері..... 30
Қалдыбаева Т.Ж. Орта мектеп: әлеуметтік функциясы мен
дамытушы ортасы..... 34

ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МІНБЕСІ ТРИБУНА ЗАРУБЕЖНЫХ УЧЕНЫХ

Мамбеталиева Ғ.С. Актуальные проблемы образовательной
политики Содружества наций британских колоний в
современных условиях..... 46

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ

Абсаатаров Р.Б., Рау И.А. О ценности наций и национального
языка для человечества. К языковой безопасности..... 50

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Азырханова А.А. Модернизация и традиционное общество..... 55
Мамытов Э.А. Интеграция в постсоветском формате..... 58
Эшанкулова Н.А. Современные проблемы и перспективы
политической элиты Кыргызстана на основе социологического
исследования..... 62
Әли Батиза И.Исабаев шығармашылығының көркемдік
ерекшелігі..... 66
Жасекенова Г. Сотрудничество Республики Казахстан и
Европейского Союза как одно из основных направлений
внешней политики страны..... 72
Саубаева Р. The kazakh diaspora: historical background..... 76
Шәкен М.Ш. Межконфессиональное согласие в независимом
Казахстане..... 79
Байпаков М.К. Эволюция модели партийной системы как
элемент политической модернизации Казахстана в контексте
мирового политического процесса..... 84

ҚАЗАҚ ЕЛІ – МӘНГІЛІК ЕЛ

С.Ж. Піралиев – Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор



Мақалада Қазақ елі – мәңгілік ел мәселелерінің өзектілігі және гуманитарлық-қоғамдық ғылымдарда толыққанды зерттелмеген тұстары қарастырылуда.

Тірек сөздер: қазақ елі, мәңгілік ел, патриотизм, білім, ғылым, экономика, әлеуметтік саясат

В статье рассматриваются актуальные вопросы Қазақ елі – мәңгілік ел, которые еще недостаточно изучены в гуманитарно-общественной науке.

Ключевые слова: қазақ елі, мәңгілік ел, патриотизм, образование, наука, экономика, социальная политика

In article topical issues Қазақ елі are considered – the мәңгілік ел ate which are still insufficiently studied in humanitarian social science.

Keywords: қазақ елі, мәңгілік ел, patriotism, education, science, economy, social policy

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» – қазіргі уақыттың және Қазақ елінің өзекті мәселелері жан-жақты айтылған. Бұл Жолдау – құжаттың халықаралық маңызы зор.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған биылғы дәстүрлі Жолдауының бір ерекшелігі – онда «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудың нақты бағыт-бағдарларын белгілеп, жүйелеп берді.

Стратегия негізінен, біздің мемлекетіміздің қуатын, әлеуетін күшейтуді көздейді. Сондықтан қоғамымыздың әрбір мүшесі осы ұлы іске қатынасуы қажет. Ел-жұрттың, әрбір азаматтың әлеуеті мен қабілеті Қазақ елін бәсекеге сай дамыған мемлекетке айналдыруға бағытталады. Президентіміздің Жолдауларының барлығы халық қолдауына ие болуда. Өйткені олар ел көкейінен шығып жатыр. Бүгінгі Жолдау да халыққа құт болып, елге ырыс әкеледі деп сенеміз.

Маған ұнағаны, бүгінгі Жолдауында Қазақстан қошбасшысы идеология мәселелеріне ерекше тоқталды. Экономика – басты стратегиямыз екені айдан анық. Оны бүгін де, ертең де, бүрсігін де нығайтқан үстіне нығайта түскеніміз абзал. Ол үшін өзіміз шындалып,өзіміз кемелденгеніміз абзал. Сонда ғана Елбасы айтқан Мәңгілік Ел идеологиясы ойдағыдай жүзеге асады.

Мәңгілік ел деген – өз атауында – алдымызда тұрған барлық мақсат-мұраттарды сыйдырып тұрған өте кен жоба, бастама. Мәңгілік ел болу, баянды мемлекет болу, тәуелсіздігімізді мәңгілік ете білу ежелгі бабаларымыздың да арманы еді. Енді сол бабалар армандаған асыл мұрат бүгінгі ұрпақтың басты мақса-

тына айналмақшы. Оның аясында біз тек ұлы жетістіктерге жетіп қана қоймай, ел бірлігін, ынтымағын, ауызбіршілігін сақтай отырып, болашақ ұрпаққа жеткізуге тиіспіз.

Сонда Қазақстан мәңгілік мемлекет болады. Осы стратегияның жүзеге асырылуы арқасында біз Қазақ елі атанамыз. Бұл – ұлтымыздың арманы емес пе? Бүгінгі Жолдау осынысымен ерекше. Сонымен қатар. Жолдауда еліміздегі рухани тұтастық пен дәстүр сабақтастығын қамтамасыз етер басты нышан ретінде бағаналар ұлт мәдениетіне айырықша мән берілуі бізді қанаттандырады. Президент өз Жолдауында қазақстандық патриотизмді дамыту жайында жеке тоқталды. Бұл қарқынды жұмысты біз Қазақ елінен Мәңгілік ел жасау идеясын жүзеге асыру жолында жетеміз. Әсіресе, бұл идея бойынша жастармен жұмыс күшейтілетін болса керек. Жүректен шыққан сөз бен пәрмені мықты ойға қанат бітіріп, оны қаз-қалпында жүректерге жеткізу – бәріміздің ортақ парызымыз. Мәңгілік ел идеясы ұлттық ұлы ұранымызға, ұлттық идеямызға айналмақшы. Елбасымыздың бұл бастамасын бүкіл халық болып қуана қолдап жатыр. Бұдан туатын өрелі міндеттер Жолдауда жан-жақты айтылды. Соның бәрі жақсы істерге айналы деп тілеуіміз.

Еліміз жасампаз жиырма жылдан артық уақытқа дәулетіне сай, әлем таныған қуатты мемлекетке айналды. Қазір Қазақ елі – өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен ұстанымдары бар табысты мемлекетке айналды. Әлемдегі алмағайым дағдарыстар мен қиындықтарға қарамастан, экономиканы қарқынды дамытудың инновация мен индустриаландыру жолына түсті. Елбасы өзінің Жолдауында біздің бүгінге дейін «Қазақстан – 2030» Стратегиясының басым бөлігін мерзімінен бұрын іске асырылғанын нақты мысалдармен айтқан болатын. Ұзақ мерзімді жеті басымдықтың барлығында да Қазақстан алдына қойған мақсатына негізінен жетті. «Стратегия-2030» қабылданғаннан бері 15 жыл ішінде мемлекетіміз бүкіл қазақстандықтардың еңбегінің нәтижесінде әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бесігіне енді деп жарыялаған болатын Елбасы. Енді мемлекетімізді ұзақ мерзімді кезеңге бағдарланған одан әрі даму векторын күшейтуге бағытталған жаңа бағдарлама – «Қазақстан-2050» Стратегиясы қабылданған болатын. Ал, енді биылғы Жолдау ерекшелігі – онда Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудың нақты бағыт-бағдарларын белгілеп, жүйелеп берді. Бұл Жолдау – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздеуге шынайы іс-жоспарға құрылған шын мәніндегі тарихи құжат. Осы стратегиялық құжатта Елбасымыз мемлекеттік қызметтің барлық саласын қамти отырып, тәуелсіз Қазақстанымызды дамытудың, әрбір қазақстандықтардың, әрбір отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды. 2050 Стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыру барысында дамуымыз бен өркендеуімізді қамтамасыз ететін қандай-қандай тұстарға мән беріліп, нендей-нендей шаралардың жүзеге асырылуы керектігі туралы нақты айтылды. Бұл жолдағы негізгі бағдарымыз – «Қазақстан-2050» Стратегиясын орындаудың жеті бес жылдық кезеңді қамтитын маңызды міндеттерін атап көрсетті. Қазақстандықтар әрбір бесжылдықтың немен аяқталуға тиістігін және сол мерзімде Қазақстанның қалай өзгеруі керектігін білетін боламыз. Елбасы айтқандай, еліміздің әлемдік аренада дамыған отыз ел қатарына ену жолындағы жоспары екі кезең бойынша жүзеге асырылатын болды. 2030 жылға дейінгі алғашқы кезеңде бар мүмкіндікті пайдаланып, индустриялық-инновациялық тұрғыда дамудың даңғыл жолына серпіліс жасау, ал екінші кезеңде, яғни 2030 бен 2050 жылдар аралығында ғылымға негізделген экономикаға қол жеткізу басты мақсат. Жаңа «бесжылдықтарда» ел экономикасының жетекші салалары инновациялық дамуда бұрын болмаған жаңа биіктерге көтерілері сөзсіз.

Демек, Қазақстан тек әлемдік деңгейдегі брэндтерді тасумен шектелмей, келешекте соларды өзі өндіре бастамақ. Сондықтан да, қазақстандықтар алыс уақыттарға көз тікпей, экономика мен қоғамдық өмірдің барлық салаларында қарқынды еңбектің нәтижесінде нақты табыстарға қол жеткізетін болады. Ең басты міндет – әлемнің дамыған 30 мемлекетінің біріне айналу, 2050 жылға қарай Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің жан басына шаққандағы көлемін 60 мың доллардан асыру. Бұл – ең дамыған мемлекеттер ғана іс көрсеткіш. Сондықтан бұл Жолдау – жоспарлау саясаты, ұзақмерзімді даму мен экономикалық өсуді мақсат еткен мықты мемлекетіміздің тағы бір стратегиялық жоспары. Ол, негізінен, біздің мемлекетіміздің қуатын, әлеуетін күшейтуді көздейді. Сондықтан қоғамымыздың әрбір мүшесі осы ұлы іске қатынасуы қажет. Ел-жұрттың, әрбір азаматтың әлеуеті мен қабілеті Қазақ елін бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекетке айналдыруға бағытталады.

Жолдауда Елбасы атап өткен 10 жаңашыл идея қазақстандықтардың патриоттық сезімін көтеріп, нық даму жолына бастайтын болады. Бұл стратегиялық жаңашыл идеялардың бастылары – патриотизм, инновациялар, геология, ауыл шаруашылығы, ғылым, аумақтық даму, көлік, энергетика, шағын және орта бизнес, экономика.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауларының өн бойынан әлеуметтік салаға үлкен мән беретінін білеміз. Елбасы барлық Жолдауларында халықтың өмір сапасын арттыруды бірінші кезекке қояды. Ол туралы

Жолдауда «Стартагия – күннен күнге, жылдан – жылға елімізді, қазақстандықтардың өмірін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы» деп атап көрсетілген.

Елбасымыз әлеуметтік саясаттың стратегиялық мақсаттарына мыналарды жатқызады: халықтың жұмыспен тиімді қамтылуын қамтамасыз ету; халықтың өмір сүру деңгейін айтарлықтай жоғарылату; отбасылардың, әйелдердің, балалардың, жасардың, барлық азаматтардың еңбек саласында, денсаулық сақтау, білім, мәдениет, тұрғын үймен қамтамасыз етуде конституциялық және әлеуметтік кепілдіктерді орнату; елдегі демографиялық жағдайды жақсарту және қолдау; бала шетінеуін, ана өлімін азайту. Ел көшбасшысының алдымызға қойып отырған елеулі әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру жөніндегі жоспары да осы халқымыздың өмір сапасын жақсарту мақсатындағы көкейтесті ойлардан туған.

Биылғы Жолдаудағы ел тұрғындарының әлеуметтік ахуалы жақсаруына қатысты ақпарат қатты қуантады. Әрине, ең бастысы жалақы деңгейінің өсімі. Мемлекет басшысы екі қолға жұмыс таба алмай жүргендерге назар аударуды ұсынды. Әсіресе, мүгедектер жәрдемақыға өмір сүріп келе жатқан және өзге де жанжарға жұмыс беру қажеттігін ұсынды. Сонда ғана қорғансыз қалған жандарға лайықты жағдай жасай аламыз. Президент Жолдауда «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл болуіміз керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс» деп атап көрсетті. Ендігі уақытта мүмкіндігі шектеулі адамдарға тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмысқа орналасу үшін барлық мүмкіндіктер жасалатын болады. Елбасы барлық кәсіпкерлер мен бизнесмендерді мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қамқорлық көрсетуге шақырды.

Баршамызға белгілі, осы уақытқа дейін мұғалімдердің, дәрігерлердің және әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысын белгілеу мәселесінде түсініксіз жағдайлардың орын алып келгендігі жасырын емес. Биылғы Жолдау бойынша 2015 жылғы 1 шілдеден бастап, елімізде азаматтық қызметшілердің еңбекақысын белгілеудің жаңа үлгісі енгізілетін болады. Яғни, 2015 жылдың 1 шілдесінен денсаулық саласы қызметкерлерінің еңбекақысы 28 пайызға дейін, білім беру саласы қызметкерлерінің еңбекақысы 29 пайызға дейін өсіріледі. Ал әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің жалақысы 40 пайызға дейін өсірілетін болды. Бұл көпшіліктің көңілінен шығатын, көптен күткен игі қадам болмақ.

Жолдауда тағы бір мәселе – студенттердің стипендиясының өсуі. Яғни, 2015 жылдан бастап, студенттердің стипендиясы 25 пайызға көтерілуі керек. Ол үрдіс одан әрі жалғасын таба беретін болады. Бұл студент қауымға, Қазақстанның болашағына, интеллектуалды болашағына құйылған инвестиция, үлкен қолдау деп түсіну қажет.

Елбасының сапалы білім беруді жақсарту, ғылыми-инновациялық жұмыстардың өндіріспен байланысын жандандыра түсу, білім беру ісіндегі тәрбиенің рөлі жөніндегі айтқандары бәріміздің көңілімізден шығады.

Білім жүйесін жаңғыртуда оқыту үдерісіне озық әдістеме мен технологияларды енгізу арқылы әлемдік білім кеңістігіне еркін енуге болатындығын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Демек, Елбасымыз айтқандай, халықаралық стандарттарға сай, Назарбаев Университеті мен интеллектуалды мектептердегі озық тәжірибелерді қазақстандық білім беру жүйесіне кеңінен таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне жеткізу төңірегінде жұмыс істеуіміз қажет.

Жолдауда 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жастағы балаларды мектепке деңінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарландуда деп ата көрсетілді. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсынудың маңыздылығы айтылды. Сонымен бірге, мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Жолдауда, әсіресе, қазақ тіліне көп мән берілді. Әрине, оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуы тиіс.

Жолдауда үкімет пен әкімдерге тауядағы 3 жыл ішінде, 2017 жылға дейін орын жетіспеушілігін жойып, қажетті жерлерде елдегі барлық мектепті екі ауысыммен оқытуға көшіру керектігі тапсырылды. Тағы да таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру керектігі айтылды. Сонымен бірге, үкіметке 2014 жылғы 1 маусымға дейін жасардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшіру мәселесі бойынша нақты ұсыныстарды енгізуді тапсырды.

Биылғы Жолдауда Елбасымыз жоғары оқу саласына да айырықша көңіл бөлді. Ондағы жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға бірігіңдеп көшіру керек екені айтылды. Бұл туралы Президенттің нұсқаулары жоғары оқу орындарының білім сапасын көтеруге зор ықпал жасайтындығы айқын нәрсе.

Елбасымыз әр адамның денсаулығын сақтау жауапкершілігі туралы үнемі айтып, ескеріп келеді. Осы Жолдауда да бұл мәселеге де жаңа сипат беріп, талап жағына екіпін қосты. Онда Президент алғашқы

медициналық-санитарлық көмекті тиісті деңгейге көтеру қажеттігі туралы айтты. Тәуелсіздігіміздің бастапқы қиын да күрделі жылдарында бұл саланың әлсіреп кеткенін шындық. Ол үшін осы мекемелерді заманауи құралдармен жабдықтап, дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру керек. Сонымен бірге, Жолдауда міндетті медициналық сақтандыру туралы айттылған мәселе мемлекеттік деңгейде шешілуі тиіс. Жалпы, денсаулық – ұлттың байлығы. Ұлттың дені сау болса, мемлекет те табысты болады.

Президентіміздің биылғы Жолдауында ғылым туралы жан-жақты тоқталуы өте ерекше болды. Себебі, экономикамызды дамытудың, әл-ауқатымызды арттырудың. 2050 жылға қарай әлемдегі 30 озық мемлекеттердің қатарына қосылудың басты факторы – ғылым. Президент, міне, осыны, яғни ғылымды индустрияға жеткізу, ғылымды өндіріске апару мәселесін баса айтты. Бұл салада тек ғалымдардың ғана күші емес, өндірістің, индустрия өкілдерінің күш-қайраты керек. Олар да ғылымға қарай қадам жасауы тиіс. Осы екі ортада тығыз байланыс болу керектігі айтылды. Ғылым араласпаған жерде өсу де, ілгерушілік те жоқ екені белгілі. Оны Елбасымыз жақсылап тұрып, жиіктеп шағып айтып берді деуге болдады. Егер ғылым араласатын болса, кез келген өндірістің шығаратын өнімінің саны да, сапасы да артады.

Сонымен, қорыта айтқанда, Президент Жолдауында өрелі міндеттер жан-жақты айтылды. Соның бәрі жақсы істерге айналады деп ойлаймын. Қазақ елі – мәңгілік ел болады.

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ

УДК 323 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Н.Б. Сейсен – с.ғ.к., доцент, Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы

Қазақстан Республикасындағы саяси жаңғыртудың жалпыұлттық құндылықтары мен бағдарлардың қалыптасуы, жаңа құндылықтардың тұтас жүйесін тандап алу күрделі де қиын үрдіс. Олардың негізінде нормативтік бақылаудың нақты жүйелері, адамдардың жекелей және ұжымдық іс-әрекеттері, қоғамдық институттар қалыптасады. Тек осындай жағдайда ғана қоғамда тәртіп пен барлық қоғамдық субъектілердің құндылықты ынтымақтастығы қамтамасыз егіледі. Мұндай жағдайда, қазіргі заманғы қоғамдағы құндылықтар адамдарды біріктіріп топтастырады.

Клт сөздер: Жаңғырту, әлеуметтік саясат, жалпыұлттық құндылықтар

Формирование общенациональных ценностей и направлении политической модернизации Республики Казахстан, выбор целостной системы новых ценностей сложный и трудный процесс. На их основе формируются конкретные системы нормативного контроля, индивидуальная и коллективная деятельность людей, общественные институты. Только в этих условиях обеспечиваются общественный порядок и сотрудничество всех общественных субъектов в ценностном аспекте, происходит объединение людей на основе современных ценностей общества.

Клт сөздер: Модернизация, социальная политика, общенациональные ценности

Formation of national values and direction of political modernization of the Republic of Kazakhstan, choice of complete system of new values difficult process. On their basis concrete systems of standard control, individual and collective activity of people, public institutes are formed. Only in these conditions the public order and cooperation of all public subjects in valuable aspect are provided, there is an association of people on the basis of modern values of society.

Keywords: Modernization, social policy, national values

Қазіргі заманда дәстүрлі қоғамды саяси жаңғыртуды саясаттану тұрғысынан талдау тарихи, әлеуметтік, рухани, мәдени, саясаттанушылық және өзге де аспектілерін бір жүйеге келтіруге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, мемлекеттің тарихи-саяси тәжірибесі негізінде дәстүрлі қоғамдарда өтетін жаңғырту үрдістерін, оның тенденцияларын, пайда болуын және түрлі жақтарын зерделеуге болады.

Сонымен бірге, қоғамның әралуан мәдени – құндылықты аспектілерінің көмегімен аталған уақыт кезінде жүзеге асатын саяси үрдістерді, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық демократиялық құндылықтардың таралу үрдістері мен саяси-өнегелік қабилаларын толықтай зерттеу жүзеге асады.

Жаңғырту үрдісі қоғамдық өмірдің барлық салаларын – экономика, мәдениет, саясат және тағы басқаларын қамтыды. Әлеуметтік жүйенің қолданыстағы салаларының әрқайсысында қайта құрудың нақты реформаларын жүргізу қажет болды. Экономика аясында шаруашылықты жүргізудің нарықтық түрін дамыту және одан әрі тереңдету ұйғарылды. Орта және шағын бизнесті қалыптастыру және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, еңбектің жіктелу үрдісін тереңдету, тауар, қызмет, ақшаның ауқымды нарын енгізу және дамыту, технологиялық және ұйымдастырулық жаңалықтарды одан әрі ашу үшін ынталандырудың болуы маңызды роль атқарады.

Әлеуметтік аяны жаңғырту – бұл мемлекет, институттар, азаматтар қызметінің нақты түрлері бойынша межелеп бөлу. Рационализм, тұлғалық салалар, білім деңгейі, біліктілік және тағы басқа да факторлар үлкен роль атқарады. Әлеуметтік құрылым демократиялық қорсеткіштер, қоғам, отбасы және жеке тұлға рольдері мен атқарымдарының өзгеруі негізінде қалыптасады.

Әлеуметтік жүйенің мәдениет сәкілді талғампаз аясында қазіргі заманғы қоғамдарға тән құндылықтар мен нормалар одан әрі қалыптастырылады. Бұл кезде, қазақстандық қоғамды қайта құру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін дәстүрлі стереотиптер сақталады.

Саяси жаңғырту, жалпы алғанда, басқарудың осыған дейін қолданылып келген октемшіл жүйесінен бас тартуды және демократиялық құрылымдар мен элементтерді бірізді қалыптастыруды ұйғарады. Біздің елімізде жаңғырту саяси тұрақтылық пен азаматтық келісім жағдайын сақтаумен жүзеге асырылып жатқандығын айта кеткен орынды. Бұл шындығында, кеңестік заман кейінгі қоғам мен мемлекетті қайта құру үрдісінің маңызды жетістігі. Әсіресе, бұрынғы кеңестік республикалардағы жаңғыртудың қолайсыз үлгілерімен салыстыратын болсақ.

Қоғамды дамытуда жана құндылықтар мен бағдарлардың қалыптасуы, жаңа құндылықтардың тұтас жүйесін таңдап алу күрделі де қиын үрдіс. Бірақ бір жағынан, қазіргі заманғы қоғамның құндылықтардың белгілі бір жиынтығынсыз әрекет етуі мүмкін емес, өйткені, құндылықтар қоғам мойындаған тәртіптің критерийлерін анықтайды. Олардың негізінде нормативтік бақылаудың нақты жүйелері, адамдардың жекелей және ұжымдық іс-әрекеттері, қоғамдық институттар қалыптасады. Тек осындай жағдайда ғана қоғамда тәртіп пен барлық қоғамдық субъектілердің құндылықты ынтымақтастығы қамтамасыз етіледі. Мұндай жағдайда, қазіргі заманғы қоғамдағы құндылықтар адамдарды біріктіріп топтастырады.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін ала отырып, саяси жүйені демократиялық қайта құру жолына түсті. Бұл қайта құру саяси жүйені тоталитаризмнен демократияға қарай бет бұру, кемелденген азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті құру және тағы басқа саяси реформаларды жүзеге асыруды білдіреді.

Қазақстандағы жаңғырту шаралары ең алдымен экономикалық аядан басталғандығын айта кеткен жөн. Алайда, қоғамдық өмірдің аталған саласын сәтті реформалау тиімді саяси жаңғыртуды да қамтиды.

Сөзіміздің дәлелі ретінде төмендегі мысалдарды келтіруге болады. Азаматтық қоғам – бұл кез келген демократиялық мемлекеттің маңызды элементі. Азаматтық қоғамның негізін орта тап өкілдері құрайды, олардың өзі еркіп нарықтық қатынастардың дамуына әсер етеді. Сондықтан, жекелеі бастамаға жол ашу, шағын және орта бизнестің дамуы орта таптың қалыптасуына алып келеді, сөйтіп, азаматтық қоғамды қалыптастыруға ықпал жасайды. Немесе тағы да бір мысал. Қазақстан экономикасына жеке меншік институтын енгізу дұрыс индивидуализмнің қалыптасуын, мүдделер мен қажеттіліктердің жіктелуін қамтамасыз етеді. Өз кезегінде, бұл шаралар демократиялық саяси мәдениеттің қалыптасуына бағытталады. Осылайша, Қазақстандағы жаңғырту тәжірибесі тиімді экономикалық реформалау қазіргі заманғы қоғамның құндылықтары мен бағдарларын қалыптасуына түрткі болатынын дәлелдейді.

Қазақстан Республикасында жаңғыртуды жүзеге асыру үрдісінің басты ерекшеліктерінің бірі – оның біртіндеп дамуы және бірізділігі. Біздің республикамызда жаңғырту қайта құру реформаларының уақтылы және өзекті болуымен байланысты. Жаңғыртудың жалпы үрдісі, ең алдымен, Елбасының Қазақстан халқына Жолдауларында айқындалған кезеңдер бойынша өтуде.

Қоғамның дәстүрлі жүйесінен қазіргі заманғы түріне өту үрдісінің өзі бүркемелен дағдарыстар болуы мүмкін күрделі құбылыс. Аталған жағдайларда Қазақстандағы жаңғырту субъектісі реформалаудың жалпы мақсатынан ауытқымай, жаңғыртуды біртіндеп, көңілге қонымды жүргізуі оң қадам болып табылады. Жаңғыртудың әлемдік тәжірибесінде ақылға салмай, асығыс жасалған өзгерістің, қайта құрудың сәтсіздікке ұшырауының мысалдары аз емес. Қазіргі заманғы қоғамның жаңа құндылықтарын жұртшылықтың барлығы қабылдауы үшін әрине, уақыт қажет. Барлық енгізілетін саяси жаңғыртулар, институттар және саяси шешімдерді қабылдау шаралары тек сөз жүзінде қалмай, шынайы тиімді жұмыс істеуі тиіс. Олардың қызметінде осы ұстанымды сақтау ғана олардың легитимділігін қамтамасыз ете алады. Өз кезегінде, легитимділік өзгеруші қоғам тарапынан жаңа нормалар мен құндылықтарды мойындауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан өзінің экономикалық дамуының көптеген көрсеткіштері бойынша бұрынғы кенестік мемлекеттердің көпшілігін басып озды. Нарықтық экономиканың құндылықтарын мейлінше сәтті жүзеге асыру, жеке тұлғаның мүдделері мен қажеттіліктерін қалыптастырып, олардың жіктелуіне әсер етеді. Нәтижесінде, топтар қолданыстағы басқару жүйесіне өздерінің талап-тілектерін қоя бастайды. Егер басқару жүйесі осы жаңа қажеттіліктерге дер кезінде құлақ асатын болса, ол тиімді де орынды болып шығады. Бұған қоса, басқарудың осындай жүйесі көптеген факторлардың әсер етуімен қоғам және мемлекеттің демократиялық өмірді орнықтыру ұстанымдарын қалыптастыру және дамыту жолы бойынша алға басады.

Біздің елімізде жаңғыртуды жүзеге асырудың нақты мысалы негізінде осы үрдісті қарастыра отырып, бірізді, тепе-тең және дер кезінде реформалау өтіп жатқандығын атап көрсетуге болады. Бұл – Қазақстан Республикасының қайта құру бағдарламасында қамтылған жағымды өзгерістерді құрайды. Белсенді экономикалық реформалау кезінде, демократиялық құндылықтарды енгізу мен дамыту жалғасып, бірізділік, біртіндеп жүру және тұрақтылық пен келісім ұстанымдары сақталатындығын айта кеткеніміз жөн. Бұл Қазақстанда жаңғырту әдістері мен жолдары рационалды таңдалып алынғанын көрсетеді.

Көптеген қазақстандық зерттеушілердің пікірінше, азаматтық құндылықты ынтымақтастық жұртшылықтың азаматтық қауымдастыққа бірігуін қамтамасыз етуге беімді. Осыдан қазақстандық қоғамның жаңа әлеуметтік тарихи жағдайда өзінің тұтастығы мен бірлігін сақтап, нығайтуға ұмтылысы туындайды.

Тоталитарлық қоғамнан қазіргі заманғы нарықтық қоғамға өту үрдісінде Қазақстан қолданыстағы демократиялық жүйелерге көзсіз еліктеу секілді ауруға ұшырамады. Соған қарамастан, біздің елімізде жекелеген елдердің жаңғырту тәжірибесі жеткілікті мөлшерде сәтті қолданылуда. Ең бастысы, демокра

тиялық өмірді орнықтырудың негізгі әмбебап құндылықтары Қазақстан Республикасын дамытудың негізгі мақсатына айналды. Осылайша, белгілі бір ерекше, өзіндік белгілердің болуын мойындай отырып, біздің еліміз әлемдік демократиялық тәжірибені есепке алу арқылы бұрынғы кеңестік кезеңнен кейінгі қоғам мен мемлекетті жаңғыртудың жалпы стратегиясын жоспарлы түрде жүзеге асыруда.

Жалпы алғанда, мынаны атап өткен орынды. Қазақстандық жаңғырту үрдісінің өзіндік ерекшелігі айқын объективті себептерден туындайды. Реформалардың мәні, қарқындылығы, кезектілігі әлеуметтік жүйенің түрлі салаларында белгілі бір ерекшеліктердің болуымен анықталады. Тіптен, бұл себептердің негізіннің көлемі өте кең: табиғи және материалдық ресурстар, адам факторы, менталитет, дін, мәдениет және тағы басқа. Осы және басқа да факторлардың бәрі де әрбір нақты елде, соның ішінде, Қазақстан Республикасында да, жаңғыртудың өзіне тән ерекшеліктерін анықтайтын болады.

Қазақстандағы жаңғырту субъектісі елдегі тұрақтылық пен келісімнің сақталуын қамтамасыз ете алғандығын айта кету қажет. Елімізде түрлі этникалық және көп конфессиялықтың болуына ерекше көңіл бөлінуі аталған факторлардың айрықша маңызды екенін айқындайды. Жаңғырту саясатының рационалдығы мен бірізділігі бұрынғы кеңестік кезеңнен кейінгі қоғамдағы дау-жанжалдардың жоғары деңгейін айтарлықтай төмендетуге ықпал жасады.

Жаңғыртудың әлемдік тәжірибесі реформаларды өте асығыс жүргізу, сәйкес алғышарттардың болмауы, менталитетті және кейбір мәдени ерекшеліктерді елемсу реформалау үрдісін сәтсіздікке алып келетінін дәлелдеп отыр. Сондықтан, Қазақстанда жаңғыртуды жүзеге асыру үрдісінде біз осы факторлардың бәрін де ескере алдық және мұның өзі нақты, тиімді нәтижеге жету болып табылады. Өз кезегінде, бұл нәтижелер жаңғырту субъектісін мойындауды және қоғамның өзінің енгізілген құндылықтар мен нормаларды қолдай бастауын анықтайды. Мұның өзі, жанару үрдісінің жалпы мақсаттары мен жетістіктеріне тікелей алып келеді.

Соңғы уақытта біз еліміздегі саяси үрдістің дамуының жаңа кезеңінің куәсі боып отырмыз. Қайта құрудың бірізді және тиімді реформалары нәтижесінде, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар саяси белсенділіктің бұрын қол жеткізе алмаған дәрежесіне көтерілді. 2004-ші жылының күзінде өткен Мәжіліске депутаттыққа үміткерлерді сайлау әлсіз саяси партиялар болған уақыттың артта қалғанын көрсетті. Аталған саяси науқан барысында оппозиция өзін ұйымдасқан және белсенді саяси күш ретінде таныта білді. Дәл қазір Қазақстан Республикасында демократияландыру және жаңғыртуды одан әрі жүзеге асыру үшін тұрақтылық пен келісімді сақтаудың маңызы арта түсуде [1].

Билік органдары, саяси партиялар мен оппозициялық күштер өз мақсаттарын демократиялық қоғамның ортақ құндылықтары негізінде айқындауы тиіс. Біздің республикамыздың тиімді жаңғыртуға жетуіне мүмкіндік берген сол құндылықтардың сақталуын бұрынғысынша қамтамасыз ету қажет. Сондықтан, аталған саяси күштер арасында жаңғырту үрдісінің жалпы мақсаттарына жетуге бағытталған сындарлы да өзара тиімді ынтымақтастық жүзеге асырылуы керек.

Дау-жанжалдар заңды басшылыққа алу және тиімді әдістерді қолданумен шешілуі шарт. Бұл кезде, жанжалды жағдайдың туындауын алдын-ала мұқият қарастырып, барлық мүдделі жақтардың өзара келісімге келуі жолымен, оның шығу себептерін түп тамырымен жою қажет болады. Аталған үрдісте билік құрылымдарының ролі маңызды, өйткені, осындай жағдайды шешу құқығы дәл солардың қолында екенін ескерген орынды. Алайда, саяси партиялар мен оппозициялық орталықтардың өздері де биліктің қолданыстағы жүйесімен өз әрекеттерін ұтымды да келісімді қалыптастыру жолын табуы тиіс. Заңды деп тану әдістерінен бас тарту, батыл әрекет, дау-жанжалды шешудің басты тәсілі ретінде консенсуесты тану, өзара сыйластық – міне, біздің елімізде барлық саяси күштер басшылыққа алуы тиіс ұстанымдар осы. Біз тек осылай ғана елімізді демократияландыру және жаңғыртуды одан әрі жүзеге асыра аламыз.

Бұған қоса, демократиялық реформалар мен қайта құрудың тиімділігін және сапасын, сонымен бірге, Қазақстанда адам құқықтары мен бостандығын сақтау үшін, мәдени-өнегелік аяда қазақ халқының жинақталған тәжірибесі, тамырын тереңге жайған дәстүрлері, көшпенді халық демократиясының тәжірибесі мен менталитеті ескерілуі керек. Осыған орай, жаңғыртулық қайта құруларды жүргізуде халықтың тарихи санасына көбірек көңіл аударумен қатар, азаматтық қоғамның демократиялық институттарының саяси жүйесін құру үрдісінде адам құқықтары мен бостандығын қорғаудың өзіндік және әлемдік тәжірибесін байланыстыра алу қажет.

Бүгінгі таңда қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның қоғамдық-саяси жүйесін қалыптастыру екі жолмен анықталады. дәлірек айтқанда, басқарудың ескі құрылымдарын жою, екіншіден, елді дамытудағы өтпелі кезеңге тән, жаңа демократиялық саяси институттар мен құрылымдардың жүйесін құру үрдістері.

Жаңа институттардың құрамындағы идеялар мен құндылықтарды жұртшылық жылы қабылдаған жағдайда ғана олар тиімді жұмыс істейді және белгілі бір деңгейде ықпал ете алады. Ғалымдардың

пікірінше, бұқаралық сананың, көңіл-күйінің, құндылықтардың біртіндеп дамуы едәуір дәрежеде, жаңа институттар мен құрылымдардың қарқындылығы мен сипаттарын ғана емес, сондай-ақ, олардың даму үрдістерін де айқындайды.

Демократиялық институттардың жаңа жүйесіне өту жүргізіліктің көпшілігінің сәйкес құндылықтары, мақсаттары, әлеуметтік және мәдени-идеологиялық нормаларды қабылдауымен тікелей байланысты.

Сонымен қатар, қоғамдағы құндылықтар мен нормалардың түбегейлі жаңаруы, жаңа сапалы түсініктер мен критерийлерге өту, жаңа дәстүрлердің жиіталуы адамдардың жаңа ұрпақтарының әлеуметтенуі кезінде мүмкін болағындығын мойындау керек. Сонымен, әлеуметтік-саяси санадағы түбегейлі өзгерістер, жаңа саяси институттарды құру ұрпақтан ұрпаққа өту жолымен мүмкін болады.

Қазақстанның дамуының қазіргі кезеңінде саяси жүйені сәтті демократияландыру үшін барлық негізгі алғышарттар қалыптасқан: саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және басқа. Бұған дәлел Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан Орта Азия аймағы елдері және ТМД-ға кіруші кейбір мемлекеттер арасында көшбасшы мемлекетке айналды.

Ел басының Қазақстан халқына Жолдауында ағал өткендей “Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі.

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден, бұл – зәйрлі қоғам және жоғары руханият. Төртіншіден, бұл – индустриаландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. Бесіншіден, бұл – Жылғыт Ортақ Еңбек Қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтар арасында біз әрдайым жеңіске жеткізетімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік” [2].

Жоғарыда айтылған тұжырымдар төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

Біріншіден, құндылықты өлшемде саяси жаңғыртуды қалыптастыру мен жүзеге асырудың тұжырымдамалық негізін зерттеу Қазақстанда саяси реформаларды жүргізудің қарама-қарсы екі тұжырымдамасы бар екенін көрсетті. Саяси жаңғыртудың бастапқы кезеңін жүргізу қазақстандық қоғамның саяси, мәдени-әлеуметтік құндылықтары мен дәстүрлері саяси жаңғыртудың мазмұны мен бағыттарын қалыптастыру мен анықтауда басты орын алады деген идеологиядан туындайтын тұжырымдамалық негізделеді. Саяси жаңғыртуды жүзеге асырудың қазіргі кезеңін Қазақстанның экономикасы, саяси жүйесі және мемлекеттік басқару жүйесінің бәсекелестікке қабілеттілік тұжырымдамасы айқындайды. Бәсекелестікке қабілеттілік тұжырымдамасы әлемнің экономикасы неғұрлым дамыған елу елінің қатарына Қазақстанның қосылу міндетін іске асыру үшін, нарықтық экономика, демократиялық саяси жүйе, либерализмді енгізу талаптарына сәйкес келмейтін қазақстандық қоғамның құндылықтары мен дәстүрлерін қайта қарауды және біртіндеп, кезеңді өзгертуді талап етеді.

Екіншіден, қазіргі қалыптасқан жағдайларда қазақстандық қоғамды қайта құру реформаларын одан әрі жүргізу туралы мәселе тұрақтылық пен тәртіпті міндетті түрде сақтауды талап етеді. Бүгінгі таңда да реформалау үшін міндетті түрде қажет тұрақтылық пен қоғамдық келісім жағдайларын қамтамасыз ететін күшті билікті сақтаудың қажеттілігі сол күйінде қалады.

Үшіншіден, қазіргі билік жаңғыртудың негізгі бастамашы субъектісі болғанын тағы да атай келкеніміз дұрыс. Аталған билік, оның институттары, зиялы қауым мен көшбасшылар қазіргі заманғы қоғамның құндылығын мойындап таныды және әлеуметтік өмірді орнықтырудың таңдалған үлгісіне өз елін алып келді.

Төртіншіден, күшті атқарушы билікті сақтаумен бір уақытта демократиялық басқаруға тән өзге де саяси институттарды енгізу және дамытудың науқанын жүзеге асыру қажет. Одан әрі жаңғырту биліктің жаннамалық және соттық тармақтарының нығайтылуын, демократияның өзге де элементтерінің дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Биліктің бір тармағы басқасынан басым болуына мүмкіндік бермейтін, ұстамдылық және қарама-қарсылық жүйесін құру керек.

Бесіншіден, қазіргі заманғы қоғамға өтудің бірізді және бірқалыпты кезеңдері, азаматтық бейбіт қатар өмір сүру мен саяси тұрақтылықты сақтау Қазақстанда кешігуші жаңғыртудың табысты болуын қамтамасыз етеді.

Алтыншыдан, саяси реформалаудың бірізді, логикалық тұрғыдан үйлесімді және кезеңді өтуі міндетті. Тұрпайы, асығыс жасалған қадамдар қақтығыс жағдайының туындауының, жалпы жаңғырту үрдісінің

сәтсіздікке ұшырауына негізі болады. Батыс демократиясынан алынған құндылықтар рационалды деңгейде іске асырылуы тиіс. Бұған қоса, демократиялық саяси институттарды енгізе отырып, олардың нақты әрекет етуіне және сөзсіз легитимді болуына көңіл бөлу қажет. Осы және басқа да жағдайлар сақталған кезде ғана саяси реформалау табыс әкеледі.

Жетіншіден, саяси реформалауды біртіндеп жүргізу оларды кейінге қалдырудың себебі болып табылмайды. Олардың әлі мезгілі келген жоқ деп биліктің ақталуы кері нәтижеге әкелуі мүмкін. Экономиканың өсуіне байланысты жеке тұлға жаңа қажеттіліктерін ұсынады. Егер, өктем билік өзгеруші объективті жағдайларға рационалды түрде бейімделе алса, онда бұл оның сақталуына және одан ары демократиялық дамуына ықпал етеді.

Зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдарын енгізуге арналған ұсыныс-кеңестер. Біздің ойымызша, келешекте демократиялық саяси жүйені нақты қалыптастыру және нығайту үшін төмендегі саяси шараларды жүзеге асыру керек:

- саяси-экономикалық қатынастарды демократиялық жолмен одан әрі дамытуға және еліміздің азаматтарының материалдық әл-ауқатын жақсартуға ықпал жасайтын мемлекеттік деңгейде саяси жаңғыртудың саяси – құқықты тұжырымдамасын әзірлеу және енгізу;

- елді демократияландыру және орталықсыздандыруға бағытталған әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани аяларда бірқатар ірі көлемді бағдарламалар мен ағымдық шараларды әзірлеу және іске қосу;

- елдегі саяси-экономикалық жағдайды бағалауды саясаттану тұрғысынан жүйелі талдау және мониторинг жүргізу, саяси, экономикалық және мәдени-рухани қауіптерді, ғылыми негізделген базада мәдени және әлеуметтік-саяси аяларындағы өзгерістерді бағалауға мониторинг жүргізу мақсаттарында және жаңғыртушылық саясатқа қажетті түзетулерді енгізу үшін ҚР Президенті жанынан ғылыми орталықтар құру.

Біздің ойымызша, келешекте құндылықты өлшемде саяси жаңғырту мәселесін саясаттанушылық тұрғыдан зерттеудің аспектілері мыналар болуы тиіс:

а) Орталық Азия мемлекеттеріндегі саяси жаңғыртудың ерекшеліктерін зерттеу;

б) саяси жүйенің транспаренттілігі мен демократиялығын ұлғайту тұрғысынан жаңғыртушылық және транзиттік үрдістерді кешенді, сондай-ақ, мұқият саяси талдау.

Қазақстан Республикасындағы саяси жаңғыртудың жалпыұлттық құндылықтары мен бағдарлардың қалыптасуы, жаңа құндылықтардың тұтас жүйесін тандап алу күрделі де қиын үрдіс. Олардың негізінде нормативтік бақылаудың нақты жүйелері, адамдардың жекелей және ұжымдық іс-әрекеттері, қоғамдық институттар қалыптасады. Тек осындай жағдайда ғана қоғамда тәртіп пен барлық қоғамдық субъектілердің құндылықты ынтымақтастығы қамтамасыз етіледі. Мұндай жағдайда, қазіргі заманғы қоғамдағы құндылықтар адамдарды біріктіріп топтастырады.

Формирование общенациональных ценностей и направлении политической модернизации Республики Казахстан, выбор целостной системы новых ценностей сложный и трудный процесс. На их основе формируются конкретные системы нормативного контроля, индивидуальная и коллективная деятельность людей, общественные институты. Только в этих условиях обеспечиваются общественный порядок и сотрудничество всех общественных субъектов в ценностном аспекте, происходит объединение людей на основе современных ценностей общества.

1 Бижанов А.Х. Республика Казахстан: демократическая модернизация общества переходного периода. – Алматы: Онер, 1997. – 256 с.

2 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».

УДК 32001 (574)

УРОКИ КЫРГЫЗСКОГО КРИЗИСА В КОНТЕКСТЕ ЛЕГИТИМАЦИИ ПОЛИТИЧЕСКОГО РЕЖИМА

Л.Х. Матакбаева – *д.полит.н, профессор кафедры политологии и социально-философских дисциплин Института магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ имени Абая*

Жаһандану үдерісі халыкаралык және ұлттық қауіпсіздікке ерекше талаптар қояды. Бұл, біріншіден, қабілетсіз деп аталатын мемлекеттер мәселесімен байланысты. Қабілетсіз деп қойылған талаптар мен қорсеткіштерге жай ғана сәйкес келмейтін мемлекеттер емес, елдің шектеулі ресурстарының бәсекелес топтардың арасында бөлшектенуінен сол талаптарды орындай алмайтын мемлекеттер танылады. Мақалада көршілес республикадағы саяси биліктің делегитимділігін тудырған дағдарыстың себептері айқындалынады.

Тірек сөздер: кыргыз күйзелісі, саяси жүйе

Глобализация предъявляет особые требования соблюдению международной и национальной безопасности. Связано это с проблемой так называемых недееспособных государств (failed states). «Failed» оказываются государства не просто не соответствующие названным требованиям и критериям, но и неспособные им отвечать по причинам раздробленности ограниченных ресурсов страны между соперничающими кланами. В статье раскрываются причины кыргызского кризиса, приведшие к делегитимации политической власти в соседней республике.

Ключевые слова: кыргызский кризис, политический режим

Globalisation imposes special requirements on compliance with international and national security. This is due to the so-called sproblemoy failed states (failed states). «Failed» States are not simply called relevant requirements and criteria, but they are unable to respond to the reasons fragmentation country's limited resources between rival clans. Article analyzes the reasons of the april 2010 events in Kyrgyzstan that led to delegitimation of political power. Different groups interests violation of the socio-economic balance were the main source of legitimacy loss by the government.

Keywords: Kyrgyz crisis, political system

Глобализация предъявляет особый спрос на легитимность. На постсоветском пространстве проблема легитимации политической власти связана с событиями «цветных революции» 2003 г – в Грузии, 2004 г – в Украине, 2005 и 2010 гг. в Кыргызстане. Актуальность теме кыргызского кризиса придают незавершенные процессы политического и социально-экономического реформирования стран центрально-азиатского региона. Почему власть, государство как таковые перестали обладать легитимностью в глазах многих слоев населения Кыргызстана?

Апрельские события 2010 г. имели в основе наложение нескольких факторов, как субъективного, так и объективного характера. К объективным факторам следует отнести упорное сопротивление большинства политических сил Кыргызстана (основные партии, парламент, бизнес, региональные лидеры) любым попыткам реально реформировать политическую систему. Среди субъективных причин, эксперты отмечают неудачные действия К.Бакиева, как в политической, так и в экономической областях, что привело к широкому размаху коррупции, переделу собственности в пользу ближайших родственников и сторонников.

Напомним, что до начала апрельской революции в Кыргызстане сложилась тяжелая социально-политическая и экономическая ситуация. Обстановку крайне усугубляло традиционное противостояние севера и юга, междоусобная борьба кыргызских кланов, поэтому спровоцировать взрыв социального недовольства было несложно. Последней каплей для этого, по-видимому, стал необдуманный приказ Курманбека Бакиева арестовать трех оппозиционных лидеров, призывавших к созыву Народного курултая. Тем самым экс-президент подтолкнул оппозицию перейти в неконституционное русло. Попытка перераспределения активов привела к столкновению кланов, спровоцировавших межэтническое столкновение на юге страны.

В Кыргызстане государственная власть потеряла способность контролировать страну, чему, по мнению экспертов, способствовало нарушение вертикали власти, вызвавшее недовольство региональных властей, к которому присоединились экономический спад, безработица, бедность [1]. Весной 2010 года в Кыргызстане сложилась принципиально иная ситуация. Во-первых, качество оппозиции совершенно другое, во-вторых, в событиях 6-7 апреля ведущей силой являлась скорее не оппозиция, а недовольный властью народ, стихийно действующая масса. Оппозиция же «подключилась» лишь на последнем этапе [2]. Подтверждением этого служат слова М.Лаумулина, который обращает внимание на существенное различие между событиями марта 2005-го и апреля 2010-го. Пять лет назад оппозиция была заинтересова-

на стабилизировать страну в максимально короткие сроки. Заинтересованность была прямая: новой власти хотелось представить происходящие события как мирную, бархатную революцию.

Президент России так высказался о событиях в Кыргызии: «Это близкая России страна и стратегический партнер. Сейчас там существует целый набор возможностей, включая самые неприятные, вплоть до распада государства. И для того, чтобы предотвратить подобный сценарий, требуется сильная, хорошо организованная власть, учитывающая исторические реалии и волю народа. Посмотрим, что из этого получится» [3].

Политический кризис в Кыргызстане, начавшийся в середине 2000-х годов, становится перманентным. В 2005 году в Кыргызии произошла смена кланов, пришедшие к власти новые элиты не сильно отличались от старых, поэтому, в условиях слабости центральной власти, власть на улицах оказалась в руках стихийно возникших групп мародеров и убийц.

Весной 2010 г. война севера и юга Кыргызии вылилась на улицы, два дня подряд северные оппозиционеры штурмовали административные здания и захватывали телеканалы, президент предпочел не делать официальных вылазок и заявлений, предоставив возможность действовать силовикам. В итоге президент страны Курманбек Бакиев лишился власти, его попытки восстановить утраченные полномочия, используя политические ресурсы южных регионов республики, оказались опасны тем, что могли привести к крупным политическим конфликтам, гражданской войне и в конечном итоге к расколу страны. Кыргызстан стремительно выдвигается в число несостоявшихся государств, со статусом провалившегося государства.

Следует отметить, что Казахстан многое сделал для стабилизации обстановки в соседней республике. Работали структуры ОБСЕ, действовал спецпредставитель Казахстана, осуществлялась гуманитарная и консультативная помощь, было налажено административное взаимодействие госорганов двух стран, в том числе внутренних дел по выявлению зачинщиков беспорядков. Благодаря совместным усилиям Казахстана как действующего председателя ОБСЕ, заинтересованного в скорейшей стабилизации обстановки в соседней республике, а также США, России, ООН и других авторитетных международных организаций Курманбек Бакиев согласился покинуть свою страну. Перед этим он официально подал в отставку. Казахстан инициировал проведение Международной донорской конференции по Кыргызстану, план по выведению Кыргызской республики из кризиса, проблемы соседней страны были обсуждены на саммите ОБСЕ в Астане. Помимо этого, по словам и. о. министра иностранных дел КР Руслан Казакбаева. Казахстан оказал как общую, так и сезонную помощь, включая поставку ГСМ, стройматериалов, техники, угля, зерна, некоторых видов продовольствия.

Кыргызстан до недавнего времени был для Запада моделью центральноазиатского либерализма, оставаясь при этом полностью зависимым от внешней поддержки государством, в котором фактически отсутствовала экономика. Международные кураторы не замечали внутривнутриполитические сигналы, чтобы не повредить демократическому имиджу Кыргызстана. Основными причинами революций в Грузии, Кыргызстане, Украине назывались внешние силы, что явилось удобным поводом для постсоветских правящих элит списать собственные ошибки и просчеты на внешний фактор. Сегодня, пять лет спустя, совершенно очевидно, что роль внешнего фактора в событиях 2004-2005 гг. в Грузии, на Украине и в Кыргызстане была преувеличена. Самый низкий процент электоральной поддержки В.Ющенко, полученный во время последних президентских выборов на Украине, является ярким подтверждением разочарованности населения в идеалах «оранжевой революции».

Кыргызия оказалась самым слабым звеном из-за сочетания ряда факторов. События в Кыргызстане показали, что главными причинами двух государственных переворотов за последние 5 лет стали отсутствие исторического опыта национальной государственности, неразвитость экономики, бедность населения, слабость властной вертикали власти и неустойчивость демократических институтов в период становления государственности.

В Кыргызстане государственно-административный аппарат, образующий вертикаль исполнительной власти, в результате межклановых разбирательств оказался сильно ослабленным, а кыргызские политики оказались не готовыми выработать действенные механизмы функционирования политической системы. Эксперты говорят о том, что общество фрагментируется на все более мелкие группы. И если раньше можно было говорить о наличии в кыргызской политике, к примеру, своеобразного лобби чуй-кеминской, таласской, нарынской группировок, отуз уул и ич-киликов и других клановых объединений, то теперь дробление идет на более мелкие родовые группы – вплоть до одного или нескольких поселений. Почвой для этого являются разногласия между публичными кыргызскими политиками, их совместное притеснение бизнеса тех кланов, откуда родом экс-президент Курманбек Бакиев и его бывшее политическое окружение, получившее в свое время экономические привилегии. Таким образом, нарушение социально-

экономического баланса интересов между различными родовыми группами стало основным источником политических потрясений в стране. Сложившейся ситуацией пользуются и пытаются еще более накалить обстановку в первую очередь те, кто потерял политическую власть и экономические активы, но при этом продолжают иметь финансовые ресурсы.

События в Кыргызстане показали, что нельзя проводить реформы в стране, в которой существуют огромные социально-экономические проблемы. Нельзя прыгнуть из прежней административно-командной системы в демократическое общество, нельзя использовать западный опыт на постсоветской почве в чистом виде.

В республике разыгрывается большая игра, когда внешние силы конкурируют и соревнуются за влияние на политической арене. Внутренние условия для этого подходят: региональный аутсайдер в смысле экономики и политический экстремал, имеющий в прошлом печальный опыт межэтнических столкновений, переворотов, революции, легко возбудимые народные массы и прецедент создания временного правительства. В стране из 5,309 млн. населения около 2 млн. человек узбеки. В Кыргызстане есть районы и области, где большинство населения составляют этнические узбеки, однако вся власть находится в руках кыргызов. Узбеки требуют перераспределения властных полномочий, кыргызы властью делиться не хотят. По по данным МВФ, Кыргызстан по размеру ВВП на душу населения занимает 136-е место в мире. По сводному Индексу глобальной конкурентоспособности (2009-2010 года) Кыргызстан занимал 123-е место, 125-е – по индексу макроэкономической стабильности, 127-е – по параметру инноваций и 128-е – по уровню развитости бизнеса. Государственный долг составлял 40% ВВП (по данным 2008 г.). Огромной проблемой для современного Кыргызстана остается высокая доля теневого сектора в экономике, в частности связанная с транзитом наркотиков. По данным экспертов Всемирного банка, эта страна стала одним из ключевых пунктов хранения и транзита афганского героина в Россию, занимая второе место в Азии по темпам распространения и потребления опиума (2,3% взрослого населения в возрасте выше 15 лет).

События в Кыргызстане показали, что сложившаяся неконтролируемая ситуация связана с ослаблением центральных государственных институтов, отсутствием государственных механизмов, эффективно выполняющих свою работу. Государственная власть потеряла способность контролировать страну. Этот процесс начался при А.Акаеве, когда регионы не подчинились столице, спровоцировав перманентную борьбу за власть внутри элит, что привело к постоянной угрозе новых мятежей, бунтов, бессмысленному шараханью во внешней политике, экономическому спаду, бедности и безработице. В таких случаях врага начинают искать среди соседей или соплеменников. Главной причиной сложной ситуации, сложившейся в соседнем Кыргызстане стало то, что на протяжении длительного времени не решались социально-экономические и межнациональные проблемы.

27 июля 2010 г. в Кыргызстане состоялся восьмой в новейшей истории референдум. Республика стала первой в Центральной Азии страной, которая пытается пойти по парламентскому пути. Временная администрация из лидеров разных партий и разных регионов поспешила узаконить свою власть проведением референдума с целью получения мандата на правление. Р.Отумбаева отметила в прямом телеэфире, что выборы стали «важнейшей победой на пути установления подлинного народовластия».

Результаты референдума говорят о том, что проголосовали 1,9 миллиона человек или 67,5% от общего количества избирателей. За новую Конституцию отдали голоса 90,57% граждан. Новый основной закон упраздняет конституционный суд и наделяет Р.Отумбаеву статусом президента переходного периода. Десять лет, до 2020 г., в Конституцию нельзя будет вносить изменения, т.е., де-юре страна получила легитимность, теперь уже фактическую. Референдум стал первым шагом временного прорыва к легитимности. С того времени как страну покинул К.Бакиев, был распущен парламент республикой управляли люди, законных прав на это не имевшие. Теперь это право они получили.

Кыргызский политолог Марат Казакпаев так прокомментировал прошедший референдум: «По моему мнению, нынешняя власть не может управлять, она никогда не управляла и ничего не делала, только критиковала. И то, что референдум состоялся, это аванс этой власти для обретения спокойствия и мира, но не за Конституцию Тскебаева или легитимизацию Отумбаевой. Можно быть трижды легитимной властью, но если народ видит, что вы слабы, то вас спокойно скинут, как в 2005-м или 2010-м году. Таким образом, это последний шанс власти, чтобы она построила стабильность» [4].

Следует отметить, что предложенный лидером временного правительства вариант конституции больше подходит не для быстрого восстановления и кардинальных перемен в обществе, а лишь закрепляет существующий расклад политических сил, отражающий сложность родоплеменных отношений внутри кыргызского народа.

События в Кыргызстане могут положить начало для создания зоны управляемого хаоса во всем регионе. По оценкам ООН, в общей сложности в событиях апреля 2010 года пострадало около миллиона человек. В него могут быть втянуты крупные геополитические субъекты, имеющие в Центральной Азии свои интересы. В республике имеются залежи золота и урана, большие гидроресурсы. Все говорит о том, что Кыргызстан – достаточно серьезный стратегический плацдарм в регионе, имеющем стратегическое значение в глобальной политике. Понятно, что деструктивные силы захотят воспользоваться слабостью государственного управления в Кыргызстане, чтобы влиять на регион в целом.

Многие авторы, в частности Р.Абазов говорят о нежелательности такого хода событий, как фрагментация общества, когда различные группы пытаются продвинуть свои собственные интересы и готовы пойти на конфронтацию с другими группировками. Одновременно нет единой политики и единого голоса в самом временном правительстве. Его представители говорят о разных вещах и пытаются защитить разные точки зрения [5]. Метания кыргызских властей из стороны в сторону, обращение за помощью к России, заявление вице-премьера временного правительства Кыргызстана А.Бекназарова о национализации принадлежащих Казахстану санаториев на берегу Иссык-Куля, закрытие казахстано-кыргызской границы, перекрытие воды кыргызской стороной, т.е. действия обеих сторон пока балансируют на грани конфликта и дипломатии. Все это следствие сложных и противоречивых отношений между странами за последнее время.

События в Кыргызстане обнажили проблемы не только в этом государстве, но и в системе безопасности всего региона. Начавшиеся беспорядки, приведшие к свержению бывшего президента Бакиева, породили целую волну резкой критики в адрес «Шанхайского клуба», ОДКБ и других организаций, поскольку они, не пришли на помощь республике и не посодействовали восстановлению там общественного порядка. Рассчитывать на то, что в Кыргызстан войдут войска ОДКБ и наведут порядок, не стоило. В договоре о коллективной безопасности написано, что если одно из государств подвергается внешней агрессии, это будет расцениваться как агрессия в отношении других членов ОДКБ. В данном случае никакой внешней агрессии не наблюдалось. Принятая в мире концепция гуманитарной интервенции предполагает вооруженное вмешательство извне и ввод миротворческих сил под эгидой ООН и других глобальных и региональных организаций (например, НАТО или ОДКБ) в случае неопровержимых фактов этнических чисток и геноцида в отношении какой-либо нации или этнической группы. В Кыргызстане такие факты имеются. Однако мировое сообщество предпочло считать случившееся внутренним делом страны. В то же время, сравнивать события, в Кыргызстане, с югославскими событиями не совсем верно. В Югославии политику этнических чисток проводило бывшее руководство во главе с Милошевичем, который был главой государства. Это была государственная политика, осужденная международным судом в Гааге. 3 мая 2011 г Международная независимая комиссия по расследованию событий на юге Кыргызстана в июне 2010 года представила итоговый отчет. С точки зрения международного гуманитарного права, ошские события не являются геноцидом узбеков, но имели место преступления против человечности.

Кроме того, в СНГ до сих пор не сложились правомочные военные контингенты, способные экстренно мобилизоваться в конфликтные зоны. Коллективные сила безопасности можно назвать пока еще «бумажными тиграми». Пример Чечни, Абхазии и Южной Осетии показал опасность экстренной военной помощи на постсоветском пространстве. Мы все были свидетелями, того как Россия столкнулась с яростными информационными атаками со стороны мировой общественности с ярлыком оккупанта, врага демократии и суверенитетов. Эксперты считают, что силы ОБКБ не могли вмешаться в кыргызские события, потому что невозможно было правильно квалифицировать события в Оше и Джалал-Абаде на тот момент. ОДКБ была нейтрализована как оперативная военная сила из-за недостаточной нормативной базы. Ввод войск России, ОДКБ, казахстанских или узбекских войск мог бы привести к стихийной войне ЦА или же к еще одному витку информационной войны. Из всего произошедшего следует один вывод. Во-первых, страны-участницы ОДКБ должны пересмотреть основные положения Договора и вынести решение по созданию военных баз именно ОДКБ. (В декабре 2010 года на саммите ОДКБ в Кремле был принят ряд документов, в частности «Положение о порядке реагирования на кризисные ситуации ОДКБ», в котором пояснено каким образом должны проводиться экстренные консультации и каким должен быть механизм принятия решений в таких случаях. Скорректирован и сам договор о коллективно безопасности. Он предусматривает, что на помощь какой-либо стране могут быть направлены не только вооруженные силы, но и подразделения спецслужб, органов внутренних дел, пограничных ведомств (органов чрезвычайного реагирования). Во-вторых, вмешательство внешних сил создало бы более сложные противоречия как внутри, так и за ее пределами, сделав конфликт долгосрочным. На наш взгляд, следует согласиться с мнением казахстанского политолога Э.Полетаева, который отмечает, что «качество кыргызского

политикума на сегодняшний день таково, что любые действия со стороны Казахстана по защите национальных интересов на территории соседней страны могут быть интерпретированы местными политиками, борющимися за власть, не в нашу пользу, а даже во вред Казахстану. Ну а поскольку население сейчас никому не верит в условиях войны «всех против всех», информационной или реальной, то, естественно, любая «мулька», запущенная в информационное пространство, может очень сильно раскрутиться и ударить рикошетом» [6].

На Западе парламентская система завершает собой своего рода пирамиду из самоуправляющихся общин, т.е. парламент на Западе действует по такой же модели, как самоуправление общин на местном уровне. В основе их деятельности лежит готовность к взаимодействию, которая подкрепляется соответствующими институтами. Западный человек всегда хорошо организован и готов взаимодействовать с другими, на общинном уровне он стремится найти решение каких-либо локальных вопросов, но в случае, когда речь идет о политике страны, он, условно говоря, апеллирует к идеологическим ценностям – левые, правые, консерваторы. На Востоке люди ориентируются на свои общины, а община ориентируется на власти авторитетов. Здесь при любом раскладе голосуют за своих.

Исторический опыт свидетельствует, что вывод государства из системного кризиса возможен только при наличии сильной централизованной власти, обладающей всеми ресурсами управления, эффективными рычагами имплементации ответственных решений и контроля над их надлежащим исполнением. Сможет ли этого добиться коллективный орган в лице парламента – большой вопрос.

Кыргызские события явились определенным вызовом, как для всей Центральной Азии, так и для Казахстана. Межэтнические столкновения на юге Кыргызстана продемонстрировали, насколько велик конфликтный потенциал Средней Азии. Н.А. Назарбаев подчеркнул отметил, что: «Последние события в Кыргызии – урок для всех. Одно дело объявить независимость государства, другое дело – укрепить эту независимость и удержать, если в стране столкновения религиозные и межнациональные, никакой речи о развитии и благосостоянии людей, укреплении государственности не может быть» [7]. Кризис актуализировал необходимость детального обсуждения идеи президента Н.А. Назарбаева о создании Центрально-азиатского союза, возможность выстраивания более реалистичной модели регионального сотрудничества. Такие инфраструктурные объекты как Рогунская (Таджикистан), Токтогульская и Камратинское ГЭС можно реанимировать, перестроить и эффективно использовать только при мощном системном управлении общерегионального характера, потому что все они задумывались в свое время, как стройки века советского периода.

События в Кыргызстане стали также хорошим поводом задуматься о том, к чему может привести коррупция, процесс апатичной аполитичности, внешнего лоска, выдаваемого за внутреннее содержание. Отсутствие консенсуса между основными политическими силами Кыргызстана привело его в состояние постоянной политической нестабильности, делегитимации политической власти. Задача правящих сил любого государства заключается в сохранении стабильности и недопущения скатывания страны в радикальные потрясения.

В Кыргызстане начался транзитный период. Республика заново переходит на рыночную экономику, выстраивает международные отношения с основными партнерами. Уже новые власти, год спустя после революции 7 апреля обвиняются в воровстве, в пролитии крови, стремлении удержать власть любой ценой и продажной внешней политике.

Это говорит о том, что стране нужна сильная власть, которая, имея большие полномочия, могла бы быстро принимать сложные решения. Эффективная политика правительства, которая внедряет долгосрочные планы для дальнейшего развития экономики страны. Без честной, справедливой и отработанной системы смены власти, конкуренции в рамках государственного строительства никто еще не смог создать крепкое государство. От развития событий в соседней братской республике зависит судьба целого региона, где пересекаются внешнеполитические интересы России, Китая, США, Турции и Ирана, в значительной степени определяя судьбы проживающих здесь народов в XXI веке.

1 «Схема поставки топлива на авиабазу «Манас» была в Кыргызии еще до революционных событий 2005 г. Бакиев просто унаследовал ее» // Литер. – 2010. – 17 апреля.

2 Лажмулиев М. Кыргызстан: испытание кризисом // Казахстанская правда. – 2010. – 19 мая

3 Стуруа М. «Президенты разъехались, антиглобалисты остались» // Известия. – 2010 г. – 30 июня.

4 Болатов Т. Работа над ошибками. // Литер. – 2010 г. – 24 июня

5 Абазов Р. Самый нежелательный сценарий для Кыргызстана – это дестабилизация страны» // Капитал 2010. – 27 мая.

6 Маратова М. Без крови // Деловая неделя. – 2010. – 2 июля.

7 Литер // 17 апреля, 2010 г.

УДК 32:070

ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ғ.Р. Әбсағтаров – с.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ тарих факультеті деканының орынбасары

Мақалада қазірге дейін саяси ғылымда толыққанды зерттелмеген Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының тұлғаның құқықтық мәдениетінің қалыптасуына ықпалы қарастырылады.

Тірек сөздер: құқық, құқықтық мәдениет, заң, мемлекеттік саясат, газет, радио, теледидар, интернет, тұлға

В статье рассматривается влияние средств массовой информации Казахстана на формирование правовой культуры личности, которые в политической науке еще неизучены.

Ключевые слова: право, правовая культура, закон, государственная политика, газета, радио, телевидение, интернет, личность

In article influence of mass media of Kazakhstan on formation of legal culture of the personality which in political science still aren't studied is considered.

Keywords: right, legal culture, law, state policy, newspaper, radio, television, Internet, personality

*«Кім ақпаратқа иелік етсе,
Сол әлемді билейді»
У.Черчилл*

Қазіргі заманғы ақпараттық, интеллектуалдық және радиотелекоммуникациялық технологиялар өндіріс өніміне және қызмет көрсетуде, бос уақыттың формасы мен мазмұнына айтарлықтай өзгерістер алып келіп, тұлғаның азаматтық құқығын жүзеге асыруда да жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Іш маңыздысы – бұл үдерістер тұлғаның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға шешуші ықпал етуінде. Осыған байланысты Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарының тұлғаның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпалын мақсат қоя отырып талдау жолға қойылады.

Қазақстандық БАҚ-ның тұлғаның құқықтық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына әсерін, тұлғаның заңға құрметпен қарауы мен заңға сыйымды мінез құлқын қоғамда қайта бағалау оңай тимейтіндігін атап өткен жөн.

Бұл жердегі маңызды жайт, бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдарының бақылаудан толық тыс болуы жағдайында адамгершілік-этикалық кедергілердің сақталуы, дәйекті ақпараттарды алуға азаматтардың құқығының сақталуын қамтамасыз ету, адал және шыншыл болу, БАҚ тәрізді қоғамдық санаға ықпал ете алатын қуатты құралды пайдаланатын журналистердің кәсіби-этикалық нормаларының сақталуын қадағалау болып отыр.

Қазақстан қоғамындағы құқықтық мәдениеттің жай-күйін сипаттай келе, халықты құқықтық ағарту тұжырымдамасына негізделген азаматтық құқықты қорғау мен қоғамдық бағдарламаларды іске асыру іске аспай отырғандығын атап өтуіміз қажет.

Бұл – толыққанды емес білімге, Қазақстан азаматтарының міндеттері мен құқықтары туралы ақпараттардың болмауына, заңдардың сақталмауына және өкінішке ұрындыратын қателіктер жасауына, яғни, құқықтық нигилизмге қарай жетелейді. Қазақстандық қоғамда құқық бұзушылық алдындағы азаматтардың қорғалмау сезімі де өсіп келеді.

Әзірге БАҚ бұл жағдайға тәжірибе жағынан әсер етпейді, тіпті, мүмкін, ерікті немесе еріксіз түрде заңның, мемлекеттік биліктің, еліміздегі құқық қорғау жүйесі мен тұтастай барлық құқықтық тәртіптің жағымсыз бейнесін қалыптастыруға келіп ықпалдасады.

Мемлекеттік саясат пен заңдар бұқаралық ақпарат құралдарының аясында бүгінгі күні әлемнің әр түрлерінде де айтарлықтай қайта жаңғыруға кезігуде. Маңызды жағы, БАҚ-ның құқықтық мәдениетті бектудегі мәнді қыры әлемде болып жатқан екіпнді геосаяси өзгерістермен түсіндіріледі: қоғамды демократияландыру бағытындағы жалпыға бірдей қозғалыстар, халықаралық қоғамдастық жағынан болып жатқан қысымшылықтар, жаңа ақпараттық технологиялардың еңсерілмес ықпалы сияқты ақпараттарға деген өсіп келе жатқан қызығушылықтар. БАҚ-ы аясындағы құқықты және саяси мәселелер қызу талқылаудың пәні ретінде күшейіп келеді.

Демократиялық қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастыру жүйелі түзілген қадамдарды талап етеді. Солардың неғұрлым маңыздыларының бірі болып табылатыны құқықтың бұқаралық-ақпараттық

саласын құру мен БАҚ-ы қызметінің институционалдық нәтижелерін қалыптастыру [1]. Бірақ, демократиялық БАҚ-ын қалыптастыру көптеген ілеспелі факторлардың рөлінің сипатын толық пайымдай алмаудан тым жиі бастау алады.

Жеке заңдар көп жағдайда бір-біріне байланыссыз қарастырылады, оларды талдау мен талқылау барысында көбінесе ылғи да берілу пішініне көбірек назар аударылады. Дегенмен, әрбір қоғам құқық қолданысының өзіндік сипатымен, әр түрлі заңдардың өзара әсерінің ерекшеліктерімен, тікелей әсер ету деңгейі бойынша аталатын шынайы заңдары бар әлеуметтік контекспен ажыратылады. Сондықтан әр түрлі мемлекеттердің алуан түрлі сатыдағы дамуына байланысты БАҚ-ының құқықтық мәдениетін қалыптастыруға да әр түрлі тұрғыдан келу керек, БАҚ-ы жұмыс жасайтын құқықтық ортаның құрылымы мен сипатына орай да түрлі қырлары болуы тиіс.

БАҚ-ының жоғары құқықтық мәдениетке жетуіне себепші болатын органы қалыптастыруға әсер ететін компоненттерді анықтап алу қажет. Құқық нормалары әсерлі жұмыс жасай бастаған жағдайды түсіну демократиялық институттардың ісін бекітудегі БАҚ-ы рөлін күшейтуге әрбір нақты жағдайда жәрдем беруге мүмкіндік ашады. Өзінен игілікті құқықтық органы сезіну демократиялық институттарды бекіту мен қалыптастыру ісінде оңды рөл ойнатып қана қоймайды, сол немесе басқа да радиостанция, телестанция немесе газеттің тәуелсіздігі мен еркіндігінің дәрежесі дәл қандай факторлармен анықталатындығын түсіндіруді қалайтын тәуелсіз және еркін БАҚ-ының қорғаушылары үшін пайдалы болмақ. Ендеше, келесі кезекте, тұрақты демократиялық институттардың құрылуы мен еркін, тәуелсіз БАҚ арасындағы байланыстар туралы нақты түсініктердің Қазақстандағы материалдарын қарастырамыз. Қазақстанда еркін және тәуелсіз БАҚ-ының болуының қажеттілігі демократияны дамытуды ынталандыру немесе оны нығайтудағы БАҚ-ының рөлімен байланысты саяси сипат алады. Барлық демократиялық қоғамда БАҚ-ы әр түрлі құрылған, масс-медиа ны дамытудың ешбір нақты сценарийін демократияландыру бағдарламасының елеулі бөлігі деп санауға болмайды. Тәуелсіз БАҚ-ының дамуы әр түрлі кейіпте болып келуі ықтимал. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру қалыпты арнада жүру үшін қоғам қандай болуы тиіс және баспасөз қандай болуы керек екендігін түсіну маңызды.

Баспасөз қызметі белгілі бір деңгейде демократияны қандай қоғам ұсынатындығына байланысты болып келеді. Егер демократиялық қоғам кең көлемдегі азаматтық өкілділіктер ретінде ұсынылса, онда БАҚ-ында өзінің мақсаттарын іске асыру мен оны өздерінің мүдделерін қорғау мен күресу үшін жұмылдыратын қоғамдық топтарға көмектесуі қажеттіліктері айқын болады. Егер де демократия неғұрлым элитарлық құрылым ретінде түсінілсе, онда БАҚ-ы қоғамдық өмірге қатынасатындарға олар рационалды әрекет етуі үшін, сондай-ақ, қорғаушы рөлді орындай отырып, биліктің әрекетін қатаң түрде бақылап отыру үшін ақпараттарды жеткілікті түрде ұсынуы қажет. Демократияның кейбір нұсқаларында бұқаралық ақпарат құралдары «ақиқат құндылықтарды» орнату мен қарастыру мақсатына қызмет етуі тиіс деп есептеледі.

Өркендеген демократияға өту биліктің бұрынғы сақталған монополиясы мен олигополиясын, оның ішінде бұлардың мәнді құрамдас бөлігі болып табылатын – ақпараттарға деген монополияны ыдырату мен жоюды жиі бағамдайды. Көптеген жағдайларда БАҚ-ының реформалары идеялардың қоғамдық нарығында бұрын-соңды естілмеген пікірлерге деген қолжетімділікті ұсынуға бағытталады. Мәселе, бұл нарық кімге және қандай кейіпте ашық екендігінде болып отыр. Басқаша айтқанда, идеялар нарығына жаңа және қосымша «жеткізушілер» қандай мақсатпен және қандай билікпен немесе қандай қаражатпен көтермеленеді. Қазақстан 90 жылдардың аяғына таман медиа-компаниялар негізгі капитал топтарына және саяси ықпалдарға биік дәрежеде сенімді қызмет ететін, олардың ішінен әрқайсысы соншалықты медиа-құрылымның бөлігіне өз әмірін жүргізуге ұмтылатын үлгідегі өтпелі қоғамға қызмет етті.

Кейде Қазақстанда еркіндігіне, тәуелсіздігіне кепілдік берілген БАҚ-ының болуын қамтамасыз ету үшін мемлекетке толық тәуелді болып табымайтын, қоғамдық қолдауды ұйымдастыратын және құндылықтарға сәйкестіктің мәнері үшін идеялар нарығына арнайы құралдардың қатысуын қарастыру қажет. Өтпелі кезеңнің бастапқы кезеңінде Қазақстанда еркін, тәуелсіз БАҚ-ын құра отырып, біз демократиялық институттардың іргесінің мықты кірпіштерін қалаймыз. Тіпті Қазақстандағы БАҚ-ы толық мәнінде қорғаушы рөлін атқара алмаса немесе ақпараттар мен құндылықтарды алып жүру рөлін орындай алмаса, онда ылғи да тәжірибенің жетіспеушілігінен емес, өшпенділік ниеттен туындайтындығына сенімді болуымызға болады. Кемелденген демократияда еркін, тәуелсіз БАҚ-ы толық өз мәнінде және ұйымдасқан түрде туындайды, бірақ көптеген өтпелі қоғамдарда бұл үрдістерді қолдау мақсатында жасанды шаралар да қажет.

Егер де еркін, тәуелсіз БАҚ бар, ол қоғамдық пікірді қалыптастыруға және ынталандыруға қабілетті десек, өтпелі қоғамдағы демократиялық институттардың құрылуы тез қарқында және кең көлемдегі

қоғамдық қолдаумен жүріп отырады. Азаматтық қоғамды дамыту үшін тәуелсіз БАҚ-на арналған құрылымды құқықтық негізді жасайтын заңдар керек. Бірақ заңдар өз бетінше БАҚ-ы қалай қызмет ететіндігін анықтамайды.

БАҚ-ы қандай деңгейде еркін, плюралистік және тәуелсіз болатындығы жеке жағдайларда ғана заң орындарымен, демеушілердің ықпалымен, билікпен (субсидия ұсыну түрімен, газетке арналған қағаздарды бөлумен немесе тарату құралдарын бақылау бойынша), бұл қырлар үлкен маңызға не болатындығына қарамастан, анықталады. Құқықтық-институционалдық пен мәдени-әлеуметтік деп аталатын қырлар, демек, құқық пен ол қалай түсіндірілетіндігі мен іске асуы, мойындалатындығы мен қабылдануы арасындағы байланыс өзара тығыз әрекет түрінде болады. Бұл сөзсіз барлық қоғамға тән сипат. Бұл мағынада қолайлы құқықтық орта құру қоғамның оған деген жауабына тәуелді болып келеді. Посткеңестік Қазақстанда газеттер кең көлемде қолданылғандығына қарамастан салмақты баспасөздердің оқырмандарының саны күрт азайып кетті. Бұл баспасөз ошмдеріне деген бағаның елеулі түрде көтерілуіне, бастапқы шарттардағы эйфория кезеңінен кейінгі елдер санатындағы саяси жаңалықтарға деген қызығушылықтың күрт төмендеуінен тұратын мәдени-әлеуметтік факторлардың келбетіне байланысты болды.

Тәуелсіз БАҚ-ын құру үшін қызығушылықтарды есепке алу қажет және басылымдар мен бағдарламалардың толыққанды шоғыры болуы тиіс. Қандай жағдайда да заң орындары мен еркін, тәуелсіз БАҚ-ын басқа да құраушылар арасындағы өзара әсерді есепке алу керек. БАҚ-ы арнасындағы реформалар бұқаралық ақпарат құралдарына қолайлы болатын қоғамдық ортаны тәрбиелеуге, баспасөз өнімдерін таратуға және маркетинг бойынша мамандар даярлауға, кәсіби журналистиканың сенімді дәстүрлерін құруға бағытталғанда ғана неғұрлым табысты, мүмкін, тек сонда ғана табысты болады.

Қазақстанның БАҚ-ының құқықтық мәдениетін қалыптастыруда олардың негізі қаланған нақты заңдардың болуы маңызды. Құқықтық контекст пен тәуелсіз, пәрменді, плюралистік БАҚ-ының мәдениетін құру ерекше маңызға ие. Кейбір қоғамдар неіні нәтижесінде ашық және тәзімді болады, ал басқалары неге олай емес? Ақпараттарды алудың көздерін ғана емес, оларды іс жүзінде пайдаланатын азаматтық қоғамдар қандай жағдайлардың әсер етуі бойынша қалыптасады? Бұндай ортаның қандай жағымсыз құбылыстар арқылы қалыптаспайтындығын түсіну оңай және жеңілрек. Сөз еркіндігіне қысым жасайтын құралдарды анықтау, ақпараттарды пайдалануға және таратуға ікемделген құралдарға қарағанда оңайырақ. Құқықтық негіз пайдалы болғанның өзінде де, оңтайлы заңдар БАҚ-на қатысты алғанда өздігінен құқықтық мәдениетті әзірге қалыптастырмайды. Жариялылық тілін игерген авторитарлық режимдер де аз емес. Бұл тұста, нақты қандай факторлардың демократиялық құндылықтар мәдениетін құруға ыңғайласатындығын анықтау барынша қиынырақ. Мүмкін, журналистердің құқығына қол сұғушылық сәттерде өткір және тез жауап бере алатын қуатты, тапқыр мемлекеттік емес секторлардың болуы маңызды шығар. Өтпелі қоғам дамуының қиын сәттерінде журналистерді қорғау жағында «Шекарасыз репортерлер», Журналистерді қорғау комитеті, Жариялылықты қорғау қоры сияқты ұйымдар тұрды. Олар рецидив сәттерінде бұрынғы қудалау тәсілдерінің басын ашты және оны халықаралық қоғамдастық назарына дейін жеткізе алды.

Оның бұзылуы жағдайында негізге алынатын БАҚ-ын қолдайтын нақты заңдардың болуы, бұл ұйымдарға мүмкін, жағдайларды талдау міндеттерін жеңілдетті. Бірақ бұл ұйымдардың құқық қорғау қызметтерінің өз сипаты мен ауқымы осы сияқты заңдардың болуы немесе болмауымен анықталмады.

БАҚ-ы аясындағы құқықтық реформалар мен басқа да қабылданған шараларды ерекше тәсілдермен бағалау ләзім. Оларға бұқаралық ақпарат құралдарын дұрыс қабылдауға қабілетті қоғам құруға жәрдемдесетін әрекет ретінде қараған жөн. Сонымен қатар оны бұл үдеріске қосылған үлес деп қарау керек. Өтпелі қоғамда өтпін жатқан үдерістерге мемлекет заңдарын жай ғана қолдану жеткіліксіз. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды талқылау мен жазу БАҚ-ы қандай рөлдерді ойнауға қабілеттілігін түсіне бастайтын және азаматтардың тәлім алудан отуіне алып келетін драмалық спектакль актісі ретінде қойылуы тиіс. Бұндай қоғамда сөз бостандығы қандай деңгейде жұмыс жасап отырғандығын және сөз бостандығының құндылығын түсіну өсе түседі.

БАҚ-ының құқықтық мәдениеті туралы ұғымның өзінде тәуелсіз, еркін БАҚ-ы үшін құқықтық формалардың қаншалықты маңызды екендігі сипірілген. Бұнда БАҚ-ы үшін қажетті белгілі бір құрылым түрлері, ал кейде БАҚ-ның демократиялық институттарын құру туған топырағында жетілуі керектігімен үндесетін алғышарттар да орналастырылған. Бұл жерде үкіметтің ақпараттарға деген монополияны иеленбейтіндігі маңызды сәт болып табылады. Ғаламтор, факс, телефондардағы қайшылықты сәттер туындағанда азаматтық қоғам мүмкіндіктері БАҚ-ы арқылы бақылау қызметін атқарудың қолжетімді мүмкіндігі болып табылады. Кем дегенде, мұндай жағдай БАҚ-ының жеке секторы дамымаған елдерде, бірақ та азаматтардың ғаламторға қолы жетімді болса іс-әрекеттерге араласу мен оны өзгертуге деген қажеттілігі, БАҚ-ы, ғаламторы жоқ елдермен салыстырғанда қажеттілігі төмен болып табылады.

Бұл тұрғыны еркін, тәуелсіз БАҚ-ын күшейту мақсатындағы мәселеге араластыруда «жана технология» ұстанымы бойынша құрылған тұрғы деп атауға болады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен ғаламдық телекоммуникациялық желілер қоры азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда, құқықтық білімде, құқық саласындағы кәсіби қызметте, басқа да шектес салаларда тым кең мүмкіндіктер ұсынады [2].

Қазақстандық ғаламтор-сайттар қатарында әртүрлі бағыт пен мазмұндағы құқықтық ақпараттар орналасқан, құқықтың әр түрлі саласындағы мамандарының электронды кеңсе беретін кеңселері де қызмет етеді. Қазақстандық телекоммуникациялық желілерде жүйелі түрде біліктің мемлекеттік органдарының жаңа нормативті құжаттары, құқықтанушылардың түсініктемелері мен заң жобалары қойылады, ҚР конституциялық кеңесі мен Әділет министрлігінің шұғыл ақпараттарына қолдау көрсетіледі, ҚР СІМ (МИД) құжаттары мен мерзімді басылымдары да енгізіледі. Қазақстандық сайттарға енгізілген Страсбургтегі адам құқы жөніндегі Еуропалық сот туралы ақпарат жоғары қоғамдық мәнге ие. Ашық қоғам идеясы батыс пен басқа да елдердің заңдарына Қазақстан азаматтарының қолжетімділігін болжайды. Бұндай мүмкіндік дербес жағдайларда ақпараттық-ізденістік жүйелермен және Lexis-nexis Westlaw дерек қорларымен қамтамасыз етіледі.

Құқықтық қорлардың көп болуы нормативтік актілердің өзара байланысы мен сатыларын терең талқылаған қызықты сұрақтарға жауап алуына мүмкіндік беретін ғаламтор сайттарындағы гипермәтіндік қалыпта ұсынылған.

Қазақстан халқының құқықтық ағарту мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпалдасу мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалана отырып, Ғаламторға дағдыланғандар арасында құқықтық мәселелерді шешетін әр түрлі жобаларды жүзеге асыру қажет. Білім беру сайттарындағы оқу курстарында білім алушылардың әр түрлі санатына, оның ішінде орта мектеп, арнайы оқу орындары оқушыларына, заң факультеттерінің және басқа да мамандықтардың студенттеріне бағытталған бағдарламалар сақталуы тиіс.

Бүгінгі күні Ғаламтор өгіп жатқан оқиғаларға тез назар аудара алатын жеткілікті деңгейде икемді дамып келе жатқан организм екендігін және ол – WEB парақтарына келушілерге қатаң бәсекелестік пен орналастырылған ақпараттарды жаңарту мүмкіндігінің аса шапшаңдығы болып табылатын екі фактормен түсіндіретіндігін ерекше атап өтуіміз керек. Ғаламтор құқықтық ақпараттардың көзі ретінде тұлғаның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеретін құрал бола отырып, тұтас қоғам өмірінде бірте-бірте маңызды рөл атқарып келеді.

Қорытындылай келе, бұқаралық ақпарат құралдары қазақстандықтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда үлкен ықпал ете алады деп тұжырым жасауымызға болады. Қазақстандық БАҚ-ы қоғамдық тәжірибеге айтарлықтай ықпал ете алатындығы және халықтың құқықтық мәдениетінің шынайы дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің әрекет етуші тұтқасына айналып отырғандығы күмәнсіз. Қазақстанның құқықтық мәдениеті құқықтық мемлекеттің мазмұны мен қызметінің мәні, біздің еліміздің құқықтық саясатын іске асырудың нәтижесінің айнасы, лебізі болып табылады.

1 Конвенция правовой политики Республики Казахстан с 2010 до 2020 года. // Казахстанская правда - 2009. 27 августа.

2 Politische, soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstans. - Berlin Verlag Dr Koster, 2013. - S. 59-71, 200-206.

УДК 323.28 (574)

ДШИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІ ЖЕТІЛДІРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Б.Л. Махмұтов – философия докторы (PhD), Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы

Мақалада діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес саясатын жетілдіру жолдары қарастырылып, алдын алу шараларының маңызды практикалық қырлары көрсетіліп, Автордың экстремизм мен терроризмге қарсы күресте әлемдік тәжірибені үлгі ретінде көрсете отырып, алдын алу шаралары бойынша өз ұсынысын білдіруге тырысады.

Кілт сөздер: Терроризм, радикализм, экстремизм, халықаралық терроризм, ұлттық қауіпсіздік, халықаралық қауіпсіздік, фундаментализм, дін, діни сана, антитеррорлық күрес, мемлекет.

В статье рассматриваются пути совершенствования политики против экстремизма и терроризма, и указаны важные практические стороны их предотвращения. Автор приводит мировую практику как основу против борьбы против экстремизма и терроризма, а так же преподносит свои предложения для их предотвращения.

Ключевые слова: Терроризм, радикализм, экстремизм, международный терроризм, национальная безопасность, международная безопасность, фундаментализм, религия, религиозное сознание, антитеррористическая борьба, государство.

The article considers the ways of making better the policy against the extremism and terrorism, and clarifies the practical aspects of preventing them in advance. Author presents the world practice as a model of policy against the extremism and terrorism. Besides, he tries to introduce his own suggestions of preventative actions in this sphere.

Key words: Terrorism, radicalism, extremism, international terrorism, national security, international security, fundamentalism, religion, religious consciousness in the antiterrorist struggle, the state

XXI ғасырда әлем адам айтқысыз жылдам өзгеруде. Ол барған сайын қауіп-қатерлі және болжап болмайтын силат алуда. Бүкіл саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани жағдайына ықпал етіп отырған діни экстремизм мен терроризм XXI ғасырдың ең бір өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Террорлық актілерге итермелейтін антаганизмдер және қайшылықтар үдее түсуде.

Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халыққа жолдауында діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізу саясаты ерекше атап өтілді. «Мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс» деп атап көрсетті [1].

Алайда қазіргі кезде халықаралық терроризммен күрестің мәні негізінен «әділ жаза» берумен ғана шектелін отыр. Ол дегеніңіз - нағыз терроризмнен кем түспейтін шегі жоқ адекватты емес акция. Басқаша айтқанда, діни экстремизммен терроризмді жазалау шиеленістің жаңа түрлерін тудыруда. Яғни, бұрынғыдан да күшті терроризмнің жаңа түрі пайда болуда. Бұл жағдай, біздіңше, терроризммен күрес концепциясының өзін жетілдіруді қажет етеді. Шамадан тыс адекватты емес репрессия сондай күшпен қайта террор туғызуы мүмкін. Әрбір әрекет, қимыл осыған тең қарсы әрекетті тудыратыны әлемге әйгілі.

Осының өзі халықаралық терроризм ісіне саяси стратегиялық басшылықтың, біздің ойымызша, өз дәрежесінде емес екенін көрсетеді.

Мемлекеттік саяси басшылар әлемде 500-дей терроршыл ұйымдардың барын, олардың бюджеті бірнеше миллиард доллар болатынын айтудан әрі бара алмай отыр. Әзірше оған қарсы күрес шаралары бар болғаны әскери күш қолдану мәселесімен ғана шектелуде. Себебі, ол терроризмді түпкілікті жеңуге жеткіліксіз. Күш қолданудан басқа, біздіңше, жан-жақты негізделген жалпы әлемдік саяси стратегиялық концепция болуы қажет. Сонымен қатар, терроризммен күрес ісі ғылыми, әлеуметтік, психологиялық, идеологиялық, мәдени, экономикалық және т.б. жақтарын қамтуы қажет.

Ғылыми тұрғыдан алып қарайтын болсақ, дау-жанжалдардың шығуы адамдардың табиғатынан туындамайды. Саяси шиеленістің орын алуында басқа да факторлар бар. Оның ішінде: әлеуметтік факторлар: адамдардың негізі құндылықтарды және саяси идеяларды түсінуге алшақтық; адамның жеке тұлғасын қалыптастырудағы қажеттіліктерді ескермеу; ұлттық және діни мәдениет тұтастығына шек қою, қысым жасау; жеке бас еркіндігін шектеу және т.б.

Бүкіл бір елді терроршылдар қатарына жатқыза салу барып тұрған әділетсіздік. Ал әділетсіздік орын алған жағдайда, тиісінше оған өршелене қарсыласу да тоқталмайды.

Терроршылдықты анықтауда жалаң және жадағай қорытынды жасай салуға болмайлы. Қазіргі кезде ислам дүниесі әлемдегі азулы ақпарат құралдарының «азығына» айналып отыр. «Ақпараттар соғысының» кесірінен мұсылман елдерінің келбеті көмескіленуде. Исламның қағидалары бұрмалануда. Кез-келген бас көтеру мен террорлық актіге ислам кінәлі деген дұрыс емес.

Ең алдымен, біздіңше, терроризмнің неден басталатынында. Дау-жанжалдар көп жерде пікір талас-тардан, соған байланысты келіссөздерден басталады. Осындай кездерде мәмілеге келу мүмкіндігі аяқ асты етілсе, мәселе ұшығып, аяғы террорға ұласуы әбден мүмкін.

Терроризм мәселесіне келгенде оны қалыптастыратын ортаға көңіл бөлу керек. Қарсылас жақтар әдетте өзінің екінші жаққа деген өшпенділігін легитимдендіруге тырысып бағады. Тарихи деректерге жүгінетін болсақ, Англияда, Италияда, Германияда, Испанияда және т.б. елдерде билікке қарсы күрес оппозиция түрінде жүзеге асырылғаны белгілі. Мысалы, Англияда «Ирландық Республикалық армия», Италияда «Қызыл бригадалар», Германияда «Қызыл Армия акциясы», Францияда «Тікелей әрекет», Испанияда «Басклық сепаратистік ұйым-ЭТА» [2]. Олардың, әрине, әртүрлі идеологиялық көзқарастары болған. Бұл соғыста террористер ғана өлтірілмей, бейқұна адамдар да шығын болған. Оның нәтижесі террордың жаңа толқынын әкелген. Бұдан шығатын қорытынды – күш қолдануға қарсылық ретінде күш қолдану акциясы өршиді, терроризм тоқталмайды.

Терроршылдық ұстанымдардың көпшілігін, талдап қарайтын болсақ, олар өздерін белгілі бір қоғамдық топтардың құқығы мен еркін қорғаушыларымыз деп есептеген. Ал шын мәнінде терроршылдықтың нағыз себептері тіпті басқа да болып шығады. Мысалы, кәдімгі материалдық мүдделер немесе террор жасақшылары лидерлерінің қанағаттандырылмаған амбициясы немесе жоғарғы саяси сферадағы құпия

дем берушілер скені белгілі. Бұл жерде олардың тарапына айтылатын халық мүддесі туралы идеологиялық «астар» олардың өз мақсаттары бұркемелеуі үшін ғана керек.

Дау-жанжалдың шығуы көбінесе жаңа саяси күштердің аренаға шығуына, идеологиясыздық кеңістіктің пайда болуына, оның орнына сырттан әдейілеп келтірілетін деформацияланған идеялардың келуіне, бүлдіру іс-әрекетін қаржыландырудың жаңаша қалыптасуына және т.б. байланысты.

Осы кезге дейін жүргізілген антитеррорлық күрес тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бейбіт және күнәсіз адамдарға жасалатын әділетсіздік, қиратушылық күшеюде. Ал террордың қарулы күшпен тоқтатылуына келетін болсақ, оның ақырына көз жетпейді – қарсылас жақтардың бір-біріне өшігу күшейіп, тоқтаусыз террор жалғаса түседі. Олай болса, біздіңше, террорға қарсы күресте тек қана қарулы соққы әдісіне үміт артуға, сенуге болмайды. Терроризм қандай бір жолмен жүзеге асырылмасын, оны ешқандай жолмен ақтауға болмайды. Себебі, терроризм – бейкүнә адамдарды жаппай қырып жоятын, қорқыныш пен үрей тудыратын күштеудің шектен шыққан ең жек көріністі түрі. Солай екен деп антитеррорлық соғысты бірден бір тиімді әдіс болып қалады деуге болмайды. Олай болса, экстремизм мен терроризмге қарсы күш қолдану әдісінің баламалы түрлері де болуы қажет. Терроризммен күресте, өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тек әскери күштеу жолы жеткіліксіз. Терроризммен күрестің басқа да баламалы жолдары іске асырылуы тиіс. Н.Ө. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» атты кітабында оның кейбір бағыттары атап көрсетілген: біріншіден, әртүрлі елдердің экономикалық қалыптасуындағы диспропорцияларды жеңумен де байланысты. Екіншіден, этносаралық және конфессияаралық диалогқа жол ашу. Үшіншіден, әлеуметтік-саяси мәселелерді нақтылы шешіп отыру. Төртіншіден, планетадағы дамушы елдер мен аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жаһандық стратегияны қалыптастыру. Бесіншіден, терең дамыған әлеуметтік-экономикалық, саяси интеграцияны дамыту және арнайы континентальдық институтты құру арқылы қауіпсіздіктің бірыңғай кеңістігіне қол жеткізу [3].

Терроризм айдарын бір елге беталды таға салу өте қауіпті. Соған қарамастан, терроризмді анықтаудың белгілі бір қалыптасқан критерийі әлі күнге дейін болмай отыр. Түрлі ақпарат құралдарының мәлімет беруіне байланысты ол туралы пікір қалай болса солай қалыптасады. Соған байланысты жеке тұлғаларға тілті мемлекеттерге қысым жасалады. Ол айналып келгенде қарапайым халықтың жағдайына ауыр тиеді. Сондықтан терроризмді анықтап алу әдістерін жетілдіру қажет. Кімнің дәл террорист, кімнің террорист емес екенін білу оңай емес.

Терроризммен күрестің жоғарыда аталған жолдарымен қатар, ғылым мен мәдениет саласының терроризм саясатын бәсеңдетудегі немесе болдырмаудағы ерекше ролін атап айтуға болады. Террорға қарсы әскери соққы беру ісіне қарама-қарсы осы аталғандар, нағыз басқаша түрі, яғни баламасы болып табылады. Сондықтан оның жетістіктерін бейбітшілік мақсатында қолдану өте маңызды және өзекті.

Дау-жанжалдар шығуының алдын алуға (превентивті) болады. Ол үшін, ең алдымен, бәсекелес субъектілер іс-әрекетінің әлеуметтік-экономикалық негіздерін қалыптастыру қажет. Бұл айтылған мәселелерді шешуде, біздіңше, ғылым мен мәдениет айтарлықтай жәрдемін тигізе алар еді. Мысалы, әртүрлі талқыланып жүрген адам еркіндігі мәселесін алайық. Қазіргі кезде «ойыма не келсе, соны істемін» деітін принципті негізге алатын абсолютті еркіндік ұғымы үстемдік болып отыр. Бұл терроризмнің теориялық мұрындығы деген сөзі. Ал шын мәнінде жауаптылық пен қажеттілікке негізделмесітін іс-әрекет налюнта-ризм мен анархиядан басқа еш нәрсе емес. Терроршылық іс-әрекеттер көп ретте осыған негізделеді. Міне, осыған қарамастан оқу орындарында, баспасөзде күштеу түріндегі абсолюттік еркіндік кеңінен насихатталуда. Осыны философиялық-методологиялық жағынан ғылыми тұрғыдан әшкерелемейінше болмайды. Осы ретте қоғамтанушылардың, әсіресе философтардың алдында еркіндік, теңдік, бостандық, әділеттік туралы шиеленіс пен терроризм туралы арнайы курстар енгізу міндеті тұр.

Осы мәселелерді шешуде, әсіресе, қарым-қатынастардың шиеленісу негізінде ксенофобиялықты болдырмау бағытында, мәдениет және өнер мекемелерінің ерекше ролін атап өтуге болады.

Билік тұрақсыздығы мен қоғамның дезинтеграциялануы дау-жанжалдардың болуынан гөрі саяси қайшылықтарды реттей алмаушылықтан, тіпті ол қайшылықтарды жай ғана елемеушіліктен орын алатындығы ғылыми дәлелденген. Неміс ғалымы Р.Дарендорф әлемде тек қана реттелетін дау-жанжал болғанда ғана саяси таңдау еркіндігі мен жеке адам еркіндігінің болатынын ғылыми дәлелдеп шықты. Басқаша айтқанда, күш қолдану әдісімен шектеліп қалмай, мәдениет жетістіктерін жете пайдаланған жағдайда ғана, біздіңше, дау-жанжалдарды реттеуге жол ашылады. Осы ретте қоғамда радикалдық және экстремистік көңіл-күйдің өсуіне итермелейтін әлеуметтік және саяси факторлар анықталуы, сөйтіп оларды реттеу жағы ойластырылуы тиіс [4]. Бір өкініштісі, телеарналар күні-түні адамды қинаудың, қорлаудың, зорлық-зомбылықтың, кісі өлтірудің мыңдаған түрлерін жастарға күні бойы тынбастан көрсетуде.

Қазақстанда конфессияаралық этика қалыптасып келеді. Қазақстан азаматтары негізінен толерантты.

келушінің өзінің ұстанғанына еш қарсылығы жоқ – шын мәнінде ар-ождан бостандығын қолдауда. Бірақ соңғы жылдары жат нанымдарды үстемелеп уағыздап жатқан көптеген секталар да аз емес. Діни экстремистер халықтың діни сауатсыздығын пайдаланып қалуда. Ондайлар сөз жүзінде діни лидерлер атанғанымен, іс жүзінде діннен аулақ. Дүние жүзіндегі бірде-бір дін балаларды өлтіруге шақырмайды. Жалған діни лидерлер құдайдың атын жамылып, тек адам айтқысыз қылмыстар жасайды. Гүрлі дін бұзарлар (миссионерлер) Қазақстан ұл-қыздарын, аға-іні, апа-қарындастарын еліктіріп, секталарына тартуда. Сөйтін елді іштен ірітіп, қоғамдық тұрақтылықты бұзғысы келеді.

Ислам дінін өз мақсаттарына пайдаланып қалғысы келетін саяси экстремистер, сол сияқты кейбір секталар дәстүрлі діндердің бейкамдығы мен қорғансыздығын, зан оққылықтары мен тұрмыс қиыншылығын және жұмыссыздықты пайдаланып қалғысы келуде. Шетел инвестициясы тек мұнай мен газ саласына ғана құйылып жатқан жоқ, ол рухани өріске де ауыз салуда. Мысалы, кейбір секталар кәсіпорын ашып, оған өз дініне енген Қазақстан азаматтарын ғана жұмысқа қабылдауда.

АҚШ-тың Евангелистер шіркеуі жоғарыда айтылғандай бағдарламаларында бүкіл әлемді өз дініне кіргізуді көздеген: «1. Поднять мощных духовных лидеров через ячеечное служение и к концу 2005 года поставит не менее 4000 ячеек; 2. Донести Царство Божие в это общество, разрушая духовные твердыни этого региона через духовное картографирование и ходатайственное молитвенное служение», – делінген [5].

Француздың «Нувель Обсерватер» журналында шыққан «Апокалипсис кресшілері» атты мақаладан берілген үзінділерге қарағанда, «Иисус Христостың евангелистік шіркеуінің» басты мақсаты - алдымен Американы, содан кейін бүкіл әлемді өз дініне кіргізу екен. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отаны Америка саналатын евангелистік доктрина әлемге католик, протестанттық, тіпті ислам дінінен де тез тарап кетті. Евангелистік дінге күніне 52 мың адам өтеді. Бүгінде 2 миллиард христианның 500 миллионы евангелист. Демек әрбір христиан дінін ұстанушы евангелист сектасында. Олардың әлемде 1 миллионға жуық шіркеуі бар көрінеді. 2050 жылдары әрбір екінші христиан Евангелистер дінінде болады деген болжам бар. Евангелист дінінің экспансиясына ислам дінін ұстанушылар арасында да евангелистік дінге өтушілердің саны көбейіп кеткен. Дегенмен, евангелистердің доктринасына Сауд Арабиясы, Ресей, Қытай тосқауыл қоюға тырысуда. Осыған қарамастан бұл діни секта Орталық Азия мемлекеттерінде кеңінен таралуда.

Қазақстанды «Евангелилендіру» саясаты–дәстүрлі дінімізге, ұлттық мәдениетімізге қарсы диверсияның бір түрі. Шетелдіктердің қазақ халқын өз діндеріне тартудың түбінде дүниежүзін билеу саясаты тұр. Қазақстанда жарты миллиондай кара көздеріміз басқа діннің шылауында кеткен деп баспасөзде жиі айтылып жүр. Оған қоғамдағы жоқшылық та себеп болуда. Себебі, батыстан келген діни миссионерлер әртүрлі наным-сенімдермен, тіпті қаржылы көмекпен секталарына тартуда. Ал оған қарсы күресуге тиіс-Мұсылман Діни Басқармасының жұмысы заңдық негіздер айтарлықтай деуге болмайды.

Тараз қаласынан ұсталған шахид террорист Апасхан Шаюсупов шыққан ваххабистік діни қауымдас-тықта үш жүздей адам екен. Олар белгілі болғандай ваххабистік идеологияны ашық ұстануда. Мұның өзі ланкестіктің әлеуметтік негізі жандана түскенін көрсетеді. Қазақстаннан Ташкентке барып өзі прокуратура алдында жарып жіберген Апасхан Шаюсуповтың отбасымен танысқандағы жағдай көрсеткеніндей, терроршылдарды дайындаудың бір жолы жастардың оқып, білім алуына тиым салынған. Нақтылы зерттеулер көрсетіп отырғандай жергілікті жерлерде жағдайы жоқтықтан оқи алмай қалатын балалар кездесуде. Оқуға түсе алмаған жастарды күмәнді діни мектептерге тартып, фанатизмге тәрбиелеу фактілері де белгілі болып отыр. Бұл ретте «Қандай факторлар қазақ жастарының басқа дінді қабылдауларына әсер етеді?» деген сауалға біздің жүргізген нақтылы әлеуметтік зерттеулеріміздің нәтижелері мынадай: 31 пайыз ұлттық рухтың төмендігі, 23 пайыз күн көрістің қиындығы, 20 пайыз тәлім-тәрбиенің нашарлығы, 26 пайыз миссионерлік күшті үгіт-насихат деп жауап берген. Бұдан шығатын қорытынды: діни экстремизм мен ланкестіктің алдын-алудың басты бір жолы – халықтың, әсіресе жастардың оқып, білім алуына мемлекет тарапынан жағдай жасалыну, бақылауға алыну қажеттігі.

Жастардың мінез-құлқы толқымалы болып келеді. Дүниежүзілік аренада болып жатқан оқиғаларды бұлардың әрқайсысы өзінше түсіндіреді. Өз көзқарасы саяси жағынан оншалықты орнығып болмаған жастарға телеэкрандардың және «сары пресса» деп аталатын басылымдардың теріс ықпалы да айтарлықтай. Соның нәтижесінде жастардың арасынан түрлі зорлық-зомбылықтарды қайталағысы келетіндер табылып қалады. Ондайлар адамгершілік, мораль дегендерден мүлдем бас тартады. Ал олардың кейбіреуі нашакор және маскүнем болса, мәселе онан сайын ушығады.

Осы жерде террорлық күш қолдану және оған қарсы күрес бірін-бірі ушықтыра түсетінін айтпай кетуге болмайды. Террорға қарсы «әділетті» соғыстың зардабын көрген, ата-анасынан айырылған жастар

кезі келгенде қайыры кек алу мақсатында, жаңа террорлық актіге барары сөзсіз. Олай болса, жастар арасындағы тәлім-тәрбие мәселесі маңызды роль атқарады. Оларға әсіресе саяси сауаттылығын арттырудың маңызы зор. Кезінде П.Сорокин айтқандай «кез келген қоғамның тағдыры ең алдымен сол қоғамның мүшелерінің қасиеттеріне байланысты. Ақымақтар мен дарынсыз адамдардан тұратын қоғам ешуақытта онбайды». Кез келген бір ғана терроршылдық акті бейбіт халықты шығындатып қана қоймай, оны сонынан адамзатты азғындағатын немесе жоятын жаңа дүниежүзілік соғысқа жол ашуы абден мүмкін. Бұл ретте діни экстремистік идеология жастарды өз жағына көлгеп тартуға тырысады. Сондықтан жастардың сана-сезімін түрлі бұлдірулерден, шынайы діни адамгершілік жолдармен қорғай білу қажет. Бұл ретте дүниежүзілік діндердегі күштеуді теріске шығаратын принциптердің маңызы зор.

Діни экстремистік топтар өз қатарына жастарды көлгеп тартуға тырысатыны белгілі. Қазақстанда қазіргі кезде 15-29 жас аралығындағы жастар 3787700 болса, олардың көбісі отпелі кезеннің небір қиындықтарын басынан кешіруде. Сөйтпн олар терроризммен күреске қатысуда. Бірақ, сонымен қатар, олар діни секталар мен экстремизм ықпалынан түгелдей ада деуге болмайды.

Діни фундаменталистер мен экстремистердің жоғарыдағы айтылған келенсіздіктерге елдегі объективті қиыншылықтар жағдай тудырады. Әсіресе жастардың арасындағы жұмыссыздық, жоқшылық бұған қағты әсер етеді. Ал бұл дегеніңіз – экстремизмге потенциалды кандидат деген сөз. Оның үстіне әлеуметтік психология мамандарының зерттеулеріне сүйенетін болсақ, жастардың 12 пайызы табиғи психологиялық жағынан экстремизмге беним тұрады екен (склонность к «смертельному риску»). Бұны да естен шығаруға болмайды.

Жаһандану менақпараттық дәуірде діни фундаментализм идеясының бұрынғыдан бетер таралу қаупін еске алмаса болмайды. Халықаралық террорлық ұйымдар Орталық Азия елдеріндегі тұрғындар есебінен өз қатарын көбейтуге тырысуда. Ал ондайлар діни фундаментализм саясаты арқылы көндіріледі. Олай болса, шынайы дінді фундаментализмнен ажырата білу халық үшін өте маңызды. Бірақ біздің жүргізіен әлеуметтік зерттеулеріміз көрсетпн отырғанымыздай, сұрау салғандардың біраз бөлігіндіни фундаментализм идеяларын нағыз исламдық деп есептейтіндер де аз емес. Бұның өзі халықтың арасында діни экстремистіктердің едәуір ықпалының болуы мүмкін екенін көрсетіп отыр.

Түрлі діндер арасындағы диалогты Астанада ұйымдастырудың үлкен маңызы болды. Ол, саясаткерлер атап көрсеткеніндей, тұрақты бейбітшіліктің бастауы ретінде түсіндірілуде. Бірақ оның Қазақстанда бастау алып, Ресейде жалғасқанымен тиімділігі бірден нәтижелі болады деу де қиын. Біріншіден, әлемдік дін басыларының өзара пікір алмасуы діни фундаменталистік идеяны жақтаушылардан тыс өткізіледі. Яғни бұл жерде діни экстремистермен тікелей пікірталас орын алмайды. Екіншіден, түрлі діндер арасындағы байланыстардың өзі өркениет пен мәдениеттің мәселелерін толық түрде шеше алмауы да мүмкін.

Дегенмен, Қазақстан дінаралық татулық пен түсіністікті сақтап отырған ел ретінде өзгелерге үлгі болуға күш салуда. Ұлттық діндерді былай қойғанда, әлемге ең кең тараған ілгері діндірдің өзі бір-бірімен қайшылықта өмір сүріп, діни наным-сенім мемлекетаралық соғыстардың отын тұтандырып жатқанда, Астанада (24 қыркүйек 2003 ж.) әлемде алғаш рет әртүрлі дін өкілдерін шақырып, ортақ әңгіме өткізу діни экстремизм мен терроризм, лаңкестіктің жолын кесуге бағытталған шара болды. Баспасөз беттерінен белгілі болғандай, бұл жиынға Қытайдан келген буддистер мен даосистер, Жапониядан келген синтоистер, Үндістандық мұсылмандар, Монғолиялық буддистер, Израильден келген иудейлер, францискандықтар қозғалысының мүшелері, рим-католик шіркеуінің, ағылшын шіркеуінің өкілдері, Швейцариядан арнайы келген лютерандар федерациясының өкілдері, үндістандық діни зерттеушілер, Константинопольдағы православия шіркеуінің, Иран мәдениеті және ислам байланыстары ұйымының, Орыс православие шіркеуінің, Пәкістандық ислам идеологиясы кеңесінің, әлемдік Ислам Лигасы өкілдері қатысты.

Мұндай маңызды шараларға теріс көзқарастар да бар. Р.Бердібаевтың пікірінен, «бүкіл діннің басын қосамын деу күмәнді тірлік. Оның ақыры үлкен қиыншылықтарға апарып соғады. Көпінділікті насихаттап керегі жоқ. Діннің бәрін теңестіру – ешбір императордың қолынан келетін шаруа емес». Бұл, әрине, сскеруге тұрарлық автордың өз пікірі. Оның дұрыс-бұрысын тарих көрсетеді. Ал діндер арасын ұшықтырмау үшін конфессиялар арасындағы диалог қажет.

Ислам мен христианшылықтың және басқа да діндердің өзара қарым-қатынасын тек жақсы жағынан ғана сипаттай беру орынсыз. Себебі, жаһандану мен әлемнің өзара тығыз байланыстылығы әртүрлі конфессиялардың бір-біріне әсер ету мүмкіндіктерін кеңейте түсті, ал мұның жақсы жақтарымен қатар жағымсыз әсерінің де болатыны жасырын емес.

Қай діндеболмасын, жетістіктерімен қоса кемшіліктері де болатынын ұмытуға болмайды. Дін тақырыбында жиі қалам алып жүрген «Қазақстан қажылары» бірлестігінің төрағасы Бақтыбай Айнабек мұсылмандықтың мәні жөнінде терең ой толғап жүр. Бірақ оның кейбір тұжырымдары басқа діндегілерді

шошындырып жүр. Мысалы, ол: «Адамзат баласы үшін абсолютті дін – Ислам діні екенін ұғынатын кез жетті» [6] – дейді. Сонда бұл тұжырым қаншалықты бейкүнә болып қорығанымен, ислам басқа діндерді ығыстыруға меңзеп тұр. А.Бактыбайдың тұжырымы, біздіңше, діндер теке тіресіне негіз болып кетуі мүмкін. Ислам дінінің дұрыс жақтарын көрсетеміз деп отырып, оны басқа діндермен жауластырып алуға болмайды. Діни экстремизмді ауыздықтаудың бір жолы осында. Бұл мәселе өз алдына зерттеуді қажет етеді.

Діни экстремизм мен ланкестіктің алдын-алу шараларының маңызы зор.

1. АҚШ сияқты алдында қатарлы елдерде ланкестікке қатысы бар деген адамдарды анықтау үстінде биологияның бір бөлігі болып табылатын биометрия әдісі жүзеге асырылуда. Бірақ Қазақстан бұл істі толығымен жүзеге асыра алған жоқ. Бұл ретте биометриялық технологияның Қазақстанда да бар екенін айтпай кетуге болмайды. Бұл технология адамды саусак белгілері арқылы анықтау сонау 14 ғасырдың аяғынан бастау алады. Ал 1880 жылы Генри Фаулд адам саусақтарының бедері арқылы кімнің-кім екенін анықтау әдісін ұсынғаны белгілі. Бұл әдіс адам мүшелерінің басқа да белгілерін анықтау арқылы дамып келе жатқаны белгілі.

2. Діни экстремизмнің алдын-алу шаралары сол сияқты көптеген діни оқу орындарының діни тазалығын сақтауға да байланысты. Мысалы, ҰҚК қызметкерлерінің Орал қаласында «Дағуатшылар» атты діни ағымның 8 бейсендісін тұтқыңға алғаны туралы жазды. Газет ақпараттарына караганда, орталығы Пәкістанда орналасқан «Таблиға жамағат» радикалды діни қозғалысының бір тармағы «Дағуатшылар» өздерінің уағызына ұйыған жастарды заңсыз жолмен Пәкістандағы діни оқу орындарына жөнелткен. Ол жерде «дін ілім» үйренген «дін сарбаздары» кешін ғаламшардың әр пікіріндегі соғыс ошақтарынан бір-ақ шығады екен. Орал қаласындағы мұсылман мешітінде, қазақ халқының ежелден қалыптасқан дәстүрлеріне қарсы үзілді-кесілді уағыз таратып жүргендер туралы баспасөзде жазылып жүрді. Үзілді келтіренік: сурет салуға болмайды, ән айтуға болмайды, басқа діни кітап оқудың да қажет жоқ, Құран оқысаң, соның ішінде бәрі бар. Қожа Ахмет Яссауи әдеп дін бұзу үшін жіберілген кәпірлердің тыңшысы, тіпті, Қазақстанның Конституциясы параға құралған. Оны өзгерту керек!» – деген идеяны айтып жүрген «мұсылман» жігіттердің діндар, әлде экстремист екенін айыру қиын.

Осы тиымдардың астарынан, біріншіден, біз халқымыздың сан ғасырдан келе жатқан мәдени мұрасын, фольклорын, ұлтымыздың қалыптасқан салт-дәстүрін, таным түсінігін, діни-философиялық көзқарасын үзілді-кесілді жоққа шығаруды, оған қарсы күресуді, екіншіден, діни төзімсіздік идеяларын тарату әрекеттерін көреміз. Оңтүстік Қазақстандағы «гуманитарлық академия» деп аталатын оқу орнының қызметкері Азат Қадіров ваххабизмді уағыздап келген. Қысқасы бұл айтылғандардан шығатын қорытынды, діни оқу орындарының білім сапасы бақылауға алынуы қажет.

Осыдан бірнеше жылдар бұрын Оңтүстік Қазақстан экстремистер үшін қақпаға айналды деуге болады. Мұсылман қауымдастығы осы жерде екіге бөлініп мұндағы жастар Иран, Кувейт және Сауд Арабиясы сияқты елдерде діни оқу орындарына ағылды. Тіпті кннкентай Катар мемлекетінің мұнайды басқаратын шейхы Шымкентте аз қамтамасыз ететін отбасы, балалар және жетімдер үшін арнайы оқу орындарын ашқан. Онда жетпістей жас оқытылған. Қазақстанның арнайы орталықтары бұлардың ісін әшкерлегені белгілі.

Құқық қорғау органдары Түркістаннан, Тараз, Кентау, Сары-Ағайн және Алматы қалаларында «Хизб-ут-Тахрир» ұйымдарының экстремистік іс-әрекеттерін әшкерледі. Олардың мақсаты Орталық Азия аймағында «ислам халифатын» орнату болған. Ондайлардың тобына жастардың түсуі негізнен мынандай себептерге байланысты: қолансыз отбасынан шыққан жастар; өтпелі жас кезінде дағдарысқа ұшырағандар; қазіргі өмірдің қиыншылығын көтере алмай ширьққандар, ертеңгі күніне сенім жоғалтқандар.

3. Елімізде дін мәселесіне деген көзқарастар мешіт, медресе салумен ғана шектеліп қалуда. Олар жастармен жүйелі жұмыс жүргізбейді. Рұқсатсыз діни оқу орындарын ашып алғандар да жеткілікті. Оларда қанша адам оқитыны және қандай бағдарламалары бар екені белгісіз. Алдағы уақытта бұл қереғарлықпен күрес шараларын жүргізбесе болмайды.

Ислам дінінде терроризмнің, тіпті «измдер» атаулының жоқтығын, оның батыстық идеологиясының ислам дінін құбыжық етіп көрсеткісі келген қитұрқы саясат екендігін ашып көрсету керек. Терроризм ұлтқа, дінге, нәсілге қарамайды. Шын исламның онымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Ислам дінінің мазмұнын ашу арқылы оның әділдігін, туралығын түсіндіретін насихат жұмыстары жолға қойылмаса болмайды. Бірақ кейбір дүмше уағыздаушылардың айтқанындай болмауы тиіс. Сақал қойып, ауызекі әңгімеде арабша сөздерді қосып айтуды сәнге айналдырмауы керек. Қазақы сипатты түгел жойып, өз ұлтының рухани бастауларынан жеріліп, арабтардың салт-дәстүріне, тұрмысына, мәдениетіне көзсіз еліктеу де болмауы керек.

Ислам діні имандылық туралы мол мағлұмат береді. Бірақ оны халыққа таныту оңай іс емес. Елімізде

ислам діннен басқа да діндер жан-жақтан миссионерлерін қаптатып, іріткі салып жатқанда, орныққан ислам дінін қорғау Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасына үлкен міндет жүктейді.

4. Исламның Қазақстанда таралуына келетін болсақ, ол ешуақытта да «таза» түрде болған жоқ, ислам мен бұрынғы тәңірлік діндердің қоспасы іспеттес еді. Осы сияқты тарихи жағдайларға байланысты Қазақстанда сабырлы, орташа сунниттік бағыттағы ислам басым болды. Бұл бағыт жергілікті салт-дәстүрге, басқаша ойлайтындарға шыдаммен қарайтындығымен ерекшелінеді. Мұнда исламды саясаттандыру, зайырлы билік пен діни элитаны қарсы қою етек алмады. Осыдан да болар соңғы ондаған жылдарда республикада конфессияаралық қатынастарды тұрақты мемлекетаралық саясат жүргізді. Оның негізінде либералдық заңдар, дінге шыдамды көзқарас және плюрализм қаралды. Сөйтіп елдің конституциясында мемлекеттің зайырлылығы, ар-ождан бостандығы заңдастырылды. Ел президенті көп ұлтты зайырлы мемлекетте діндердің ешқайсысына артықшылық берілмейтінін айтты.

Орта Азияда саяси ислам өзінің мемлекеттік статусы болмаса да, түрлі ұйымдардың күш салуымен барынша жандандырылуда. Олар тарапынан түрлі мыпашдай әдістер мен тәсілдер жүзеге асырылуда: діни қызмет ететін молдаларды арнайы бағдарлама бойынша дайындау; діни орталықтардың тиісті әдебиеттері мен техникалық құралдарды жария және құпия жолмен қамтамасыз ету; мешіт пен медресе құрылыстарын қаржыландыру және онда студенттерді оқыту; жақын шығыс елдерінде тәжірибеден өтіп жатқан студенттік топтармен арнайы байланыс. Бұл сияқты дін тарату әрекеттерін теріс деуге болмайды. Бірақ, тұрасын айтқанда, исламды жандандыру, оның фундаменталдық бағытын да жандандыруы мүмкін. Осындай күрделі идеологиялық ахуал жағдайында тарихи дәстүрлі ескере отырып, исламның халықтық мұраны молынан қабылдаған дәстүрлі үлгісін қайта түрлендіріп, қоғам мен халық қажетіне жаратуға ұмтылуымыз керек.

Дін мен ұлттық әдет-ғұрып үйлесімділігі өте маңызды. Іс жүзінде екеуінің арасында ылғи да үйлестік бола бермейді. Егер дін қазақы салт-дәстүрімізді сынап, оған қарсы болса, ал біздің ұлттық мәдениетіміз діни наным-сенімдерге қарсы келіп жатса, ондан жағдайда зияннан басқа пайда болмайды. Белгілі жазушы Н.Нұржекеев айтқандай: «Дін басында жүрген адамдар мен оны уағыздаушылар бізді арабтануға емес, шын мәніндегі исламға үйретулері керек. Өйткені, халық үшін орыстану мен арабтанудың зияны бірдей».

Ұлттық дәстүр мен діннің арақатынасы жөнінде Есім былай дейді: «Қазіргі Қазақстан жағдайында исламда екі түрлі бағыт аңғарылып келеді. Бұл жақсылық емес. Арабиядан білім алып келген біздің жастар Қожа Ахмет Иассауиді құрметтеуді қойындар, аруақты құрметтемесдер деген үгіп тарағын жүр. Бұл болмайтын әңгіме. Біз тамырымызға балта шаба алмаймыз. Біздің халықтың менталитетінде аруақты құрметтеу қасиетті іс. Аруағын жерге таптап мұсылман болуға қазақ көнбейді. Біз аруақты құрметтегенде, Аллаға, пайғамбарға шек келтіріп отырған жоқпыз. Бір кезде бірыңғай орыстану саясаты жүрсе, енді бірыңғай арабтануға көшпекпіз бе? Исламның Яссауи салып кеткен жолы бар. Ол - түркілік ислам. Егер осы мәселеге сак болмасак, ұлттығымыз бен елдігімізге нұсқан келеді. Сөйтіп мұсылмандықтың өзі бірнеше жіктен тұрады ғой. Қазір арабтар әкелген мұсылмандық пен салт-дәстүрімізге сыналап еніп, қалыптастып кеткен сопылық әдебиеттің негізінде Иассауи әкелген мұсылмандық екеуінің арасында түсінбестіктер орын алып отыр». Автордың бұл пікірі өте орыншы. Өйткені дін мәселесі түбегейлі зерттеуді қажет етеді. Осы ретте С.Борбасов айтқандай, діни секталардың қызметіне, әдебиетіне, идеологиясы мен іс-әрекеттеріне сараптау жасайтын арнаулы мемлекеттік комиссия құрылып, оның жұмысына сол діндерді нақты зерттеумен айналысатын мамандар тартылуы тиіс. Сонымен қатар діндерді саяси мақсатқа пайдалану жолдарын да тереңірек зергіеген жөн. Республикада зайырлы тәрбиені күшейту шараларын заңдастырып, оны іске асыру қажет.

Экстремистік, террористік әрекеттердің орын алуына БАҚ-тың да әсері бар. Оны жоққа шығаруға болмайды. БАҚ көп ретте экстремистік, терроршылдық әрекеттерді дәріптеп, бейне бір батырларепіп көрсетіп жібереді. Террорға керегі де осы. Оларға құрбандарының соңынан гөрі, одан болатын насихаттық тиімділік аса қажет. Яғни олар үшін қорқыныш тудыру саяси қысымның құрбаны болып табылады. Осы ретте орын алған терактілерді ақпарат құралдарында жазып, көп айтып үрей тудыру арқылы террористердің дегенінен шығып жатқан жоқпыз ба деген ой келеді. Сондықтан бұл мәселе жайлы бір тоқтам жасалу керек. БАҚ әсерлеп көрсету арқылы террористер басшыларының имиджін жасап жібереді т.б. Мысалы, әлемніңкөптеген мұсылманмемлекеттеріндегі қызметіне тыйым салынған, исламға жатпайтын «Ахмадия» сектасын насихаттауға «Страна и мир» газеті арнайы бет берген [7]. Бұл айтылғандар БАҚ-тың жауапкершілігін көрсетеді. Терроризмге қарсы күрес бағытында, оның алдын-алу үшін, қоғамдық пікірлердегі басым мүдделерді, басым көңіл-күйді, бағыттарды анықтаудың маңызы зор. Бүгінгі күні террорлық актілерге қатысушылар бұқаралық ақпарат құралдарын өз мүдделеріне кеңінен пайдалануға тырысады.

Қазіргі терроризмнің үлкен бір ерекшелігі неғұрлым бейбіт халықты қырып-жоюға бағытталған. Ондағы мақсаты – сол арқылы халықтың санасына үрей туғызу. Сондықтан, олар өздерінің қаскүнемдігін ғимараттарда, ұшақтарда, кемелерде, қатынас құралдарында жасауы мүмкін. Теракті әрекеттерді ұйымдастырушылар БАҚ-тан террорлық актілердің төңірегіндегі мәліметтерді біліп, бақылап отырады. Бірақ журналистер теракт туралы оқиғаларды әртүрлі түсіндіріп жатады. Сондықтан, оның қолайсыз жақтары да кездеседі. Мысалы, Мәскеудегі Норд-Ост жайындағы терактіге «Альфаның» шабуылы әртүрлі түсіндірілді. Яғни, газды қолдану қажеттігіне күмән келтірілді. Ал ол терактінің салдарын жоюға теріс әсер етті деуге болады.

Сонымен, терроризмге қарсы күрес саясатын жетілдіру жөнінде айтарымыз: Қазақстанға Батыстан келіп орналысын жатқан діни секталар елдегі дінаралық қатынастарға келеңсіз ықпал ететін түрі бар. Ал көрші мемлекеттерден елге еніп жатқан исламдық экстремистер қоғамдағы тұрақтылықты бұзуға ұмтылуда. Сондықтан, олармен күрес шараларын жетілдірмей болмайды. Бұл ретте лаңкестікпен күрестің алдын-алу шараларының маңызы үлкен.

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // <http://www.akorda.kz>

2 Мұқанов Г. "Террорды" Қалқан ету. // Түркістан 1 сәуір 2004. - Б. 3.

3 Нұржанов Н. Тәуелсіздік – біздің рухымыз. // Түркістан. 1 желтоқсан 2003., - Б. 7.

4 Әзімбаев М. Қазақстанның қауіпсіздігіне тікелей әсері бала қоймас. // Ақиқын 1 сәуір 2004., - Б.2.

5 Маратұлы Т. ШЫҰ террорға қарсы тұра ала ма? // Жас Алаш. 27 сәуір 2004., - Б.2.

6 Бублик Д. Смерть во имя... // Метрополис 30 сентября 2004., - С.9.

7 Материалы международной конференции: стратегия борьбы с терроризмом: политико-правовые механизмы. // Бишкек 2004., - С. 104.

УДК 321

РОЛЬ ПОЛИТИКИ НЕЙТРАЛИТЕТА В ФОРМИРОВАНИИ СИСТЕМЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

М.Ю. Насырова – к. филос.н., доцент КазУМОиМЯ имени Абылай хана Казахстан, г. Алматы

Посткөнестік кеністіктің басқа елдері сияқты Орталық Азия елдерінің алдында тәуелсізлікке қол жеткізгеннен кейін даму жолын таңдау әрі ішкі және сыртқы саясат басымдығын анықтау мәселелері тұрды. Бұл тұрғыда қауіпсіздік мәселелері маңызды орында тұрды. Бұл мақалада аймақтық және әлемдік саясаттағы қауіпсіздік мәселелерінің шешілуіндегі бейтарап Түркіменстанның тәжірибесі ашылады.

Клт сөздер: жазымды бейтараптық, саясат, сыртқы саяси стратения, аймақтық қауіпсіздік, әскери емес ынтымақтастық

Перед центральноазиатскими странами, как и другими государствами постсоветского пространства, с обретением независимости остро встали вопросы выбора дальнейшего пути развития и определения приоритетов внутренней и внешней политики. И проблема безопасности в данном контексте занимала важное место. В статье раскрывается опыт нейтрального Туркменистана в решении вопросов безопасности в региональной и мировой политике.

Ключевые слова: позитивный нейтралит, политика, внешнеполитическая стратегия, региональная безопасность, невоенное сотрудничество

As most post-soviet countries Central Asian countries faced a pointed question about choosing further development way and defining the main priorities of internal and external policies after gaining independence. The security issues were crucial in this context. This article discloses experience of neutral Turkmenistan in safety issue resolution.

Key words: positive neutrality, policy, foreign policy strategy, regional security, non-military cooperation

Распад Советского Союза и, как следствие, коренные изменения международных отношений во всем мире поставили перед образованными на постсоветском пространстве политически независимыми государствами настоятельную необходимость осмысления и определения

- задач политического и социально-экономического развития;

- модели национальной идентичности и на ее основе долгосрочных национальных интересов;

- четкой внешнеполитической стратегии, внутри и внешнеполитических приоритетов развития межгосударственных отношений.

Особое место в последнем аспекте занимают задачи, стоящие перед центральноазиатскими странами, в деле обеспечения надежной региональной безопасности.

После обретения независимости Туркменистан, как и другие страны постсоветского пространства, должен был решить важнейшие вопросы по формированию внешней политики и международных связей. Результатом добровольного волеизъявления со стороны Туркменистана здесь стала нейтральная позиция государства по отношению к каким-либо блокам или группам стран, ставящим перед собой военно-политические цели. 12 декабря 1995 г. нейтральный статус Туркменистана был официально признан и оформлен резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН. Сегодня этот день стал отмечаться в республике как День нейтралитета.

Политика нейтрального Туркменистана представляет большой интерес в силу специфики ведения им внешнеполитической деятельности. Кроме этого, выдвижение вопросов безопасности на передний план в условиях усиливающейся глобализации требует от участников международного процесса переговорных методов и средств, то есть решений проблем без применения силы. И в этом плане позиция Туркменистана в обеспечении стабильности в регионе ценна.

Исследования, посвященные теме нейтралитета Туркменистана, в частности его предистории, проводили такие авторы как С.Р. Гриневецкий, С.М. Демидов, Е.А. Кенбанов, В.Н. Соколов, В.Ю. Шириев. Имеются и ряд работ, в числе которых статьи Е.А. Гавровской, Р.Бахтыева, А.Гашенко др.

П.В. Щербилин, рассматривая роль нейтральных государств в формировании системы европейской безопасности, определяет институт нейтралитета как одну из наиболее старых, но, «несмотря на усиливающиеся процессы глобализации, существенно расширяющих в последние годы свое влияние форм внешнеполитической стратегии отдельных государств».

Он определяет две основные черты нейтралитета. Во-первых, это – неучастие в войнах и военно-политических союзах. Во-вторых, в случае решения международных проблем или конфликтов – невоенные способы действий [1].

В работе В.Ю. Шириева «Политическая модернизация в Центральноазиатском регионе на примере Туркменистана» выделяется два главных аргумента геоскопомического и геополитического характера, на которых базируется идея позитивного нейтралитета: «он призван создавать благоприятные условия для сотрудничества в разработке богатейших углеводных ресурсов страны, исключив при этом проявления нездорового интереса и конкуренции; он также ставит цель избавления от межэтнического коллективизма, унификации всех форм общественной жизни и провозглашает важность сохранения собственной индивидуальности народа и своего видения путей независимого развития» [2].

З.Агамамедова, исследуя нейтралитет Туркменистана с точки зрения международного права, характеризует его:

по форме – нейтралитет является постоянным, «то есть не ограниченным во времени и действующим как в военное, так и в мирное время...». И в отличие от других исторических форм, нейтралитет Туркменистана, отмечает автор, «является результатом самостоятельного выбора, добровольного волеизъявления со стороны Туркменистана»;

по содержанию – «позитивным или конструктивным, что подразумевает активную позицию государства в вопросах поддержки мира и стабильности, развития отношений дружбы и сотрудничества между государствами, это цель и средство вхождения в мировое сообщество путем согласия и партнерства» [3].

Р.А. Бахтыев подчеркивают еще одну важную особенность – нейтралитет Туркменского государства является признанным по происхождению. И как уже было отмечено выше, данное признание отражено в специальной резолюции Генеральной Ассамблеи ООН «Постоянный нейтралитет Туркменистана» под номером «50/80 А» [4].

Политика нейтралитета выстраивается страной согласно внутривнешней ситуации и тех ориентиров, которые она обозначила в своей внешнеполитической деятельности. Немаловажное значение имеет и геополитический аспект.

Подчеркивая своеобразие нейтралитета Туркменистана, Президент Гурбангулы Бердымухамедов сказал: «Избранный нами нейтралитет явился именно той моделью, которая наиболее органично соответствует менталитету народа Туркменистана, его историческим и культурным традициям, а также тем объективным реалиям, с которыми наша страна сталкивается, с учетом своего географического положения и ресурсного потенциала» [5]. И неизменной составляющей политики Туркменистана остаются антивоенные усилия, прямое или косвенное стремление к обеспечению безопасности вблизи своих границ, в регионе и во всем мире.

Таким образом, можно выделить основные принципы позитивного нейтралитета: миролюбие, уважительность к другим народам, их культуре и традициям, толерантность, которые не только способствуют безопасности, но и позволяют Туркменистану активно интегрироваться в систему международных связей,

о чем свидетельствует вступление страны в структуры, обеспечивающие стабильность и мир на региональном и глобальном уровнях. Сегодня Туркменистан принимает активное участие в деятельности 42 международных организаций, в том числе и Движения Неприсоединения. Все это предоставляет ему потенциальные возможности поддерживать безопасность в Центральноазиатском регионе и во всем мире.

Примерами невоенного сотрудничества, посредничества в урегулировании конфликтов, выстраивания новых моделей взаимоотношений, создания новых систем, как для сотрудничества, так и для обеспечения своих национальных интересов, с чем справляется нейтральный Туркменистан, являются ниже приведенные факты [6]:

- Туркменистан является координатором выполнения Договора о зоне, свободной от ядерного оружия, в Центральной Азии.

- Решением вопросов в сфере энергетической безопасности явилось единогласно принятая в декабре 2008г. Генеральной Ассамблеей ООН резолюция по созданию нового международно-правового механизма, нацеленного на обеспечение надежных и стабильных поставок энергоносителей на мировые рынки. Инициатором которого выступил Туркменистан.

- В целях улучшения экологической обстановки в мире, а также решения проблем, связанных с изменением климата в глобальном масштабе Туркменистан выступает в июне 2012г. на Саммите ООН «Рио+20» с конкретными конструктивными инициативами

- В международном гуманитарном аспекте Президент Гурбангулы Бердымухамедов обозначил важное направление сотрудничества: проблемы, связанные с предоставлением защиты и обеспечением прав беженцев и лиц без гражданства.

- Переговоры в Ашхабаде под эгидой ООН сыграли важную роль в достижении мира и согласия в Таджикистане.

- Урегулирование внутриафганского конфликта в конце 90-х годов XX века.

И еще один немаловажный факт. Сегодня в эпоху глобальных изменений наиболее остро стоит еще одна проблема безопасности – этно-религиозные и политические конфликты. В связи с этим мировое сообщество проводит большую работу по определению и устранению их основных причин.

Важное значение в данном аспекте имеет стремление международных организаций создать на территории нейтральных стран свои штаб-квартиры. Туркменистан, как известно, является партнером и участником основополагающих международных договоров и конвенций ООН. В столице Ашхабаде для двустороннего и взаимовыгодного сотрудничества между странами Центральной Азии и Афганистаном в 2007 г. был открыт Региональный центр ООН по превентивной дипломатии для Центральной Азии. И это создает дополнительные объективные предпосылки активизации нейтрального Туркменистана в решении вопросов безопасности в региональной и мировой политике [6].

Таким образом, анализ политики нейтралитета Туркменистана и его внешнеполитической деятельности позволяет сделать следующие выводы:

- + Туркменистан вносит реальный вклад в формирование системы безопасности в Центральной Азии;
- + играет важную роль в укреплении стабильности в данном регионе;
- + а позитивный нейтралитет как основа сохранения безопасности, миролюбивые принципы и построенное на них международное сотрудничество страны, могут служить уроками для разрешения современных конфликтов и предотвращения войн.

1 Шербинин И.В. Роль нейтральных государств в формировании системы европейской безопасности. Дисс. канд.полит.наук – М., 2003.

2 Ширшев В.Ю. Политическая модернизация в Центральноазиатском регионе на примере Туркменистана. Автореф. канд.полит.наук – М., 2002.

3 Агамамедова З. Нейтралитет Туркменистана // Международные процессы. Журнал теории международных отношений и мировой политики // <http://www.intertrends.ru/three/012.htm>

4 Бахтыев Р. Нейтралитет как форма государственной политической деятельности // Вісник Східно-Українського Інституту Політології: зб. наук. пр. / <http://sevnta.com.ua/jspui/handle/123456789/2263>

5 Выступление Президента Туркменистана Г. Бердымухамедова на Международной конференции «Нейтралитет и превентивная дипломатия» 13.12.2012г. // <http://infoabad.com/politika>

6 Внешняя политика и дипломатия туркменистана. Научно-практический журнал. – № 1-3. – МИД Туркменистана 2012.

ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ

УДК 316:373 (574)

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ: БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМУЫН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Т.Ж. Қалдыбасва – саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы, проф., а.ғ.д.

Мақалада қазіргі қазақстандық қоғам жағдайындағы балаларды білімдік және мәдени дамытудың ғылыми, қоғамдық жағдайларына талдау жасалған. Автор барлық балаларды бірдей әлеуметтік әділдік негізде дамытудың әдіснамалық негіздерін атап көрсете отырып, бала тәрбиесіне бөгет болушы өмірде орын алып отырған откір мәселелерді атап көрсетеді.

Кілт сөздер: балалық шақ, жасөспірімдік жас, әлеуметтік тәрбие, ауытқынған мінез-қылық, әлеуметтік денсаулық, репродуктивті жастағылар, әлеуметтік-территориялық, әлеуметтік-антропологиялық, зайырлы мемлекет.

В статье анализируются условия образования и развитие культуры детей в казахстанском обществе с критической позиции. Автор методологически обосновывает исследования проблемных аспектов социализации детей и подростков, учитывая некоторых негативные стороны окружающей социальной среды.

Ключевые слова: детство, подростковый период, социальное воспитание, девиантное поведение, социальное здоровье, репродуктивный возраст, социально-территориальное, социально-антропологическое, светское государство

The article analyzes the conditions for the formation and development of children's culture in Kazakhstan society with a critical position. The author substantiates research methodologically problematic aspects of the socialization of children and adolescents, given some negative aspects of the social environment.

Keywords: childhood, adolescence, social education, deviant behavior, social health, reproductive age, socio-territorial, socio-anthropological, secular state

«Ерте жастан» ұғымының өзі арнайы түсініктеуді қажет етеді. Егер біздің қалыптасқан ғылыми-практикалық ортада «жас балалар» деп туган уақытынан бастап 10/11 жастағылар аталса, халықаралық балалар ұйымының зерттеу тәжірибесінде ол туғанының дерлік 16/17 жас аралығын қамтиды. Өз тарапымыздан ЮНЕСКО ұйымының әдіснамалық көзқарасын барынша құптаймыз. Себебі, бұл қойылыс балалық шақ пен жасөспірімдік шақтың аражігін айырып, пышақпен келкендей бір-бірінен бөліп тастамай, керісінше ол екеуінің арасын біртұтас логикалық бірлікте қарауға мүмкіндік береді. Осындай түсінік пен көзқарас мемлекеттің «Жастар саясатын» негізді, тиімді, іштей біртұтас ете түскен болар еді. Біз «балалық шақ» пен «жасөспірімдік шақты» «жастар» құрылымынан тыс қарастырудың әлеуметтік, физиопсихологиялық, білімдік-мәдени және саяси негізсіздігі мен зияндылығы туралы баспасөз беттерінде пікір білдіріп келдік. Оның дұрыстығын Халықаралық балалар ұйымы ұстанымы бекіте түседі. Ал «Балалық шақ» ұғымы мектепке дейінгі жас балалар мен бастауыш мектеп жасындағы балалардың өміртіршілігі уақытын қамтып жатыр. Бұл екеуінің де арасы ажырамас логикалық бірлікте: жас шамасы жағынан ғана емес, адами даму логикасы, білім мазмұнының сабақтастығы тұрғысынан да.

Балалардың дамуы адамзат өркениетінің заңды құбылысы. Алайда, жаһанданушы әлем және сол жағдайда трансформациялық өзгерістегі қазақстандық қоғам үшін ерте жастан балаларды жан-жақты дамыту мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түсуде. Бұл немен байланысты?

Біріншіден, жас ұрпақ алдындағы әлеуметтік жауаптылықтың арта түсуімен, екіншіден, өскелең ұрпақты қоршаған қоғамдық ортадағы әлеуметтік, психологиялық, физиологиялық қауіп-қатердің арта түсуімен байланысты. Қазіргі заман ересектері арасындағы бірқатар қанат жайып бара жатқан ауытқушылықтарға қарай отырып, әлеуметтік-тарихи кезеннің өркениет кезеңі екеніне күмінданасыз. Ал жас ұрпақ болса осындай беретіні мен алатыны қатар жағаласын жүріп жатқан, іштей қарама-қайшылықты адамдар арабайланыстары жағдайында өсіп, ересей жағдайында. Өмір жолы оңай емес. Сол себепті ғылымдардың ашында тұрған жауапты міндеті – балаларды ерте жастан бастап дамытуға тиісті әлеуметтік ортаның өзін жан-жақты зерттей отырып, бөгет болатын, қатер тудыратын факторларды айқындай отырып, олардың алдын алудың, мүмкіндігінше болдырмаудың жолын ашып көрсету, балаларды дамытушы ортаның өзін сауықтыруды, дамытуды, реттеуді әлеуметтік, ғылыми тұрғыда негіздеу. Әлеуметтану ғылымының осы іске қатынасының маңызы зор. Үйткені бұл ғылым өмір шындықтарына тура қарауға, жасалаған талдауды және тұжырымдарды шынайылыққа негіздеуге мүмкіндік береді.

Ендігі жерде біз «Адам дамуының ең жауапты кезеңі болып табылатын балалық шағында болашақ ел азаматының дамуының өзінің әлеуметтік мәнінде болуы үшін қандай қоғамдық құбылыстарға тиісінше назар аударуымыз керек?» деген сұрақтың жауабын берейік.

1. Балалық болуы мүмкін және балалық болғысы келетін ер мен әйелдің физиологиялық, психологиялық әлеуметтік денсаулығының дұрыс болуы. Өкінішке орай, қазіргі қазақстандық қоғамда репродуктивті жасқа келген жігіттер мен бойжеткендер арасында олардың денсаулығына күмән тудыратын жағдайлар мен оған алып келетін факторлар тез қарқын алуда. Оларды атап айтсақ – есірткі түрлерін пайдалану (есірткі бизнесі арқылы), темекі шегудің модаға айлануы (темекі бизнесінің қуаттылығы нәтижесінде), жезөкшеліктің дамуы (қоғамға, адамға қарсы көлеңкелі бизнестің гүлденуі, жүйеленуі нәтижесінде), жас қыздар мен азаматтарды «адам саудасы» мен «көңіл көтеру» құралына айландырудың кең етек жаюы, мектеп жасындағы жасөспірімдер арасындағы жыныстық қатынас пен жүктілік көрсеткіші жағынан Қазақстанның алдыңғы қатарға шығуы, ішкілік дағдысының қоғамдық науқас болып қалыптасып алуы, т.б. Осының бәрі өмірге келетін балалар үшін азап пен қасірет әкелуші, тұмай жатып ауру, кемтер жасайтын кең таралып, қоғамды кеулеп бара жатқан алғышарттар. Әлеуметтік-психологиялық денсаулығы жеткіліксіз қоғам өзіне ұқсаған ұрпақ тудырады, ондай ұрпақтан жоғары дамыған ұлағатты азаматтар тәрбиелеп өсірудің қиынға соғары ашық. Яғни, әлеуметтік ортаның өзін сауықтыру қажеттілікке айналып отыр.

2. Жүкті әйелдердің физиобиологиялық, әлеуметтік-психологиялық денсаулығының отбасы, денсаулық сақтау жүйесі, еңбек ұжымдары тарапынан қамқорлыққа алынуы. Өмірге бала әкелу тек отбасы, әке мен шешенің ғана күткен құндылығы емес, ол – елдің демографиялық қауіпсіздігі, адами ресурстың денсаулығы мен қаблеттілігі, табиғи өсімнің сақталуы мәселесі. Баланы басты құндылық деп санаған қоғамдық ортаға тән әлеуметтік менталитет пен сана мәдениетін қалпына келтіру мәселесі бүгіннің өзінде бар құбылыс. Бұл қоғам мәдениетінің маңызды көрсеткіші ретінде қойылып, бағалануға тиіс. Жүкті әйелдің дұрыс тамақтануы мәселесі де бар. Кедейшілік пен жұмыссыздықтан арылмаған қоғам үшін бұл елеулі әлеуметтік мәселе. Дені дұрыс ұрпақ өсіру мәселесі.

3. Жүкті әйелдердің өздерінің баланың ана құрсағында дұрыс дамуына және оның өмірге келуі (туу) процесінің дұрыс болуына жауаптылығын арттыру. Көптеген репродуктивті жастағылардың өз денсаулығына немқұрайды қарауы жүктілік кезі мен пен босану сәттерінде өзінің салдарларын көрсетеді, босанудың табиғи жолын қиындатады. Осы тұрғыда халқаралық балалар ұйымдарының халық дәстүріндегі, мысалы, қазақ халқы дәстүріндегі жүкті әйелге деген құрмет пен босандыру рәсімдеріне зор мән беруі кездейсоқтық емес. Босану барысындағы аналардың өз тарапынан жіберетін олқылықтары мен босандырушы медицина қызметкерлерінің біліктілігінің жетіспе бермеуі фактілерінің қатар келуі бірқатар балалардың кемтарлығына алып келуші себептердің бірі болып қалуда.

4. Дені сау ата-аналардан, негізінде, биологиялық құбылыс ретінде өмірге келген балалар бірдей болып туады. Бірік олар әрқелкі адам болып өседі. Басты себеп – олардың әрқелкі адами ортаға келіп түскенінде, әрқелкі адамдар тәрбиесінде болуында. Біреуі қолайлы дамытушы орта бола алды, екіншісі ондай дамытушы адами ортамен баланы қамтамасыз ете алмайды. Бала кінәлі ме, әлде оны қоршаған ересектер кінәлі ме? Әрине, маңайындағы ересектер. Баланың «жақсы» немесе «жақсы емес» адам болып өсуінің себебін оның айналасындағы ересектер ортасының өзінен, олардың мінез-құлықтарынан, балаға көрсетіп келген іс-әрекеттерінен іздеген жөн. Адамдары дұрыс ортада ғана дұрыс азамат өсіп шығады. «Балаға қарап ата-анасын таны» немесе «балаға қарап оның қоршаған ортасын таны» деуге болады. Олай болса, бала тәрбиесін қалайша оның төңірегінде жүрген ересектер тәрбиесінен бөліп алып қарауға болады?

5. Туғанынан баланың 3 жасқа толуы аралығы адам дамуының аса жауапты кезеңі болып табылады. Біріншіден, адамның ми қабаты дәл осы 3 жасқа дейінгі кезеңде барынша қарқынды дамиды, оның нәтижесі адамның бүкіл өмір жолында байқалып отырады. Екіншіден, осы жаста адамның тұлғалық қасиеттерінің ірге тасы қаланады. Сол себепті баланың үш жасқа дейінгі дұрыс тамақтануы мен айналасындағы ересектерден дұрыс тәлім-тәрбие алуының маңызы адамның өз болашағы үшін, ата-анасы үшін және қоғамы үшін барынша маңызды, мәнді. Халық даңалығының да «Баланы жастан» деген тұжырымы өмірлік тәжірибеден туындаса керек. Алайда отбасыларының басым көпшілігі бұл заңдылықты біле де, тиісінше мән де бермейді. Нәтижесінде бала дамуы елеулі тежеліске ұрынып қалып жатады. Осыдан келіп, репродуктивті жастағы қоғам мүшелері арасында бала тәрбиесі туралы тиімді ағарту, тәрбиелеу, беімдеу жұмыстарын жүргізу қоғамдық қажеттілік болып қалып отыр. Мемлекеттің балалық отбасына материалдық қолдауы да дәл осы кезең үшін барынша маңызды. Баланың алдағы болашағы оның үш жасқа дейінгі даму деңгейіне тікелей байланысты.

6. Қоғамдағы әлеуметтік (адами) ортаның материалдық және рухани-мәдени жағдайы, білімі мен біліктілігі, кәсіби даярлығы мен еңбек ету мүмкіндігі, ұстанған әлеуметтік құндылықтары мен өмірлік

бағдары, денсаулығы, тұрмыс-тіршілігі, баланы оқытып тәрбиелеу мүмкіндігі жағынан өте көп түрлі. Сол себепті барлық балаларға бірдей тең дәрежеде білім мен тәрбие кеңістігін жасал, бірінің бірдей тең жағдайда дамуына мүмкіндік тугызатын қоғамдық мекемелер – балабақшалар мен мектептер. XVIII ғасырдан бастап ұйымдастырыла бастаған балалардың білім-тәрбие мекемесі адамзат мәдениетінің қол жеткізген жетістіктерінің бірі. Балабақша барлық балалардың денсаулығын, дұрыс тамақтануын, жас шамасына сай білім мен мәдениет алуын қоғамдық бақылауға қояды. Ецбек етуші ата-аналарға қолдау жасайды. Барлық балалардың мектеп білімін алуға әлеуметтік, білімдік даяр болып келуін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік көпқабатты және көнғтносты қоғамда барлық балалардың гүкілікті мүддесін қоғай отырып, әлеуметтік теңдікке пегіз салады. Отбасыларының бере алмағанының орнын толтырады, түзетеді. Балалардың ұжымы жағдайында болашақ ел азаматтарының әлеуметтік мінез-қылығын неғіздеп қалыптастырады. Ал осы игілікті қоғамдық істің проблемалық жағы да жоқ емес. Ен алдымен, балалар тәрбиесін біліктікпен іске асыра алатын, бала жанын түсіне отырып, адамгершілікті тәрбие бере алатын маман кадрлардың жетіспей отырғандығы. Әйтпегенде мемлекеттің де, баланың да, отбасыларының да балабақшаға сеніп тапсырған үміті актала бермеуі мүмкін. Келесі мәселе – балабақшасының қолжетімділігі бола бермейтіні. Үшінші мәселе – балабақша білімінің мазмұнының мемлекеттің стратегиялық құндылықтары мен болашақ ел азаматы құндылықтарына сай келтірілуі. Бұл салада әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық тұрғыда, үш ғылымның арабайланысында терең зерттеуді талап етіп тұрған жағдайлар баршылық.

7. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында мектепке дейінгі білім мен мектеп білімі елеулі өзгерістерді басынан өткізді. Оқулықтардың жасалуындағы талқыланып жүрген кемшіліктерге қарамастан, білім мазмұны қазақстандық қоғамның ұлттық идеясы мен құндылықтарына жақындатылды, халық педагогикасы элементтері оқу-тәрбие мазмұнға енгізілді, білім мазмұнын нақтылай түсу үшін бірқатар эксперименттік тәжірибелеу жұмыстары іске асырылды, ақпараттаңдыру, коммуникациялық мәдениет неғіздерін қалыптастыру бағытында елеулі істер атқаралды. Алайда әрбір баланың жас шамасына лайық дер кезінде ұйымдастырылған білім-тәрбиемен қамтамасыз ету мақсаты бұл саладағы тұрақты іргелі зерттеуді талап етеді. Біздің түсінігімізде, зерттеу неғізіне төмендегі ғылыми әдіснамалық тұрғылар алынғаны қажеттілік:

- Әлеуметтік-антропологиялық: бала тәрбиесінің адамгершіліктілігі.

Мақсаты – баланы қоршап жатқан, оның дамуына ықпал етуші үш ортаның (отбасы мүшелері, балабақша тәрбиешілері, отбасы мен балабақша мен мектептен тыс жатқан ересектер ортасы) өзінің әлеуметтік арабайланыстарының адамгершіліктілігі мен іс-тәжірибесінің ізгіліктілігін зерттеп қадағалап отыру;

- Отбасының, балабақшаның, мектептің мемлекеттің зайырлығын құрметтеуі және жас балалардың санасына діни сенімді тықпаламау. Діни сенім еркіндігі заңына сай, балалар есейе келе таңдауды өздері жасауға тиіс Халықтық тәрбие дәстүрі (халықтық педагогиканы) мен діни рәсімдерді шатастырмау қажет. Өз қабілеті мен біліміне, әлеуметтік мобильділігіне сеніп өскен жас адам мен теологиялық сенімге ойымен бойын алғызып, озынен тыс жатқан құбылыстарға сенім артып өскен адам арасында зор айырмашылық болатынына біз тура қарай алуымыз қажет. Экономикасы жоғары дамып келген елдердің білім институттарының жастардың ойлау мәдениетін теологиялық ой-санадан арылту ісіне зор мән беріп отыруы қазақстандық қоғам үшін құтқарлық тәжірибе.

- Қоғамның барлық өңірлеріндегі ұйымдастырылған мектепке дейінгі білімнің барлық балалар үшін қолжетімділігі. Өңір тұрғындарының территорияларға орналасу жағдайы мен тығызды, экономикасының даму деңгейі, этностық және демографиялық құрылымы, географиялық табиғи жағдайы, инфрақұрылымдардың дамуы, мәдени-білімдік, әлеуметтік-психологиялық менталитеті, ақпараттық мәдениетті тұтыну қабілеті өте көптүрлі. Аталған факторлардың бәріннің балалар тәрбиесіне тікелей қатынасы бар. Керегі – әрбір баланың дер кезінде ғылыми-практикалық бағдарламаға сай білім мен мәдениетке, әлеуметтік қорғалуға қол жеткізу мүмкіндігінің болуы;

- Қала мен ауылдық елді мекендердегі балалар тәрбиесін ұйымдастырудың ерекшеліктерінің ескерілуі. Урбанистикалық процесс қарқынды бола түсуде. 90-жылдары халықтың ауылдан қалаға ағылуының салдарынан әлі айығып болмаған қалаларға білім мен ғылым, мәдениет пен жұмыс іздеген адамдар топтарының келіп қосылып жатуы жалғасуда. Өндірістер мен қызмет көрсету салаларының, білім институттарының қалаларда шоғырлануы оны тіршілік үшін тартымды ете түседі. Сол себепті балалардың білімі мен тәрбиесін ұйымдастыру жағынан тек ауыл ғана емес, қалалар да проблемалық әлеуметтік кеңістікке айналды. Қала төңірегінде әлеуметтік-экономикалық-мәдени кеңістіктерін реттеу және жаңа типті агломераттарды қалыптастыру туралы мемлекет басшылығының қолға ала бастаған іске сұраныс талайдан-ақ өмірдің өзі күн тәртібіне қойған мәселе еді. Ғылыми зерттеулер мемлекеттің өңірлік саясатының тиімділігінің басты бір көрсеткіші – балаларды жастайынан дұрыс тәрбиелеуді ұйымдастыру ісі болуға тиіс.

- Баларға беріліп жатқан әлеуметтік тәжірибелердің мазмұны мен әлеуметтік бағдары, тәрбиелеуші өрескертін өздерінің әлеуметтік, өмірлік құндылықтары мен ұстанымдары да үнемі зерттеп отыруды талап етеді. Олардың алдыңғы қатарында тұрғандар – білімнің бағдары мен мазмұнын анықтаушы ғалымдар, әке мен аналар, экономика мен қызмет көрсету саласы бизнес субъектілері, өнер және әдебиет, тағы да қоғам санасына қатынасы бар еңбек салалары субъектілері, саясаткерлер, ұстаздар мен тәрбиешілер, қалпына келтіру саласы қызметкерлері және қылмыстық топтар субъектілері бар. Ерте жастан (туғанынан жасөспірімдік шақтарында) тәрбиелеу мәселесін тек білім мекемелері мен отбасы шеңберінде ғана қарастырудың өзін ақтамайтындығын өмір дәлелдеп отыр. Кешенді тұрғыдан келу өзектілігі артуда. Қазіргі шығармашылық жағдай балалар, адам тәрбиесін тек жекелеген ғылымдардың үлесінде бұдан былай қалтыра берудің орынсыз және негізсіз екенін байқатып отыр. Ғылымаралық тұрғыда және қоғам болшағын жасайтын азаматтарға қойылатын талаптар тұрғысынан зерттеуді жолға қою-қоғам болашағының сөзінше.

8. Жаһанданушы әлемнің қалыптасуы тек өркениеттерді ғана тоғыстырып отырған жоқ әрі өркениеттік кереғар мінсз-қылықтар мен іс-әрекеттерді де тоғыстырып отыр. Ақпараттық мәдениеттің, бизнестің тек өлкікті жақтары ғана емес, адамға, жас ұрпаққа қарсы қойылған, тағылық, жыртқыштық, жабайылық қырлары да жарысып алға ұмтылуда. Алыс шет елдерде орын алып, орнығып алған бірқатар кереғар мінсз-қылықтар мен іс-әрекеттер жас мемлекеттің қалыптасуының алғашқы кезеңінде қарқындала кіріп, төрге шығып, даңдайсып, тамыр жайып, жас қазақстандық қоғамды іштей іртудің елсулі факторларына айналды. Оладың қатарынан ең алдымен біз мына құбылыстарды көреміз: адам мен қоғам мүддесіне қарсы келетін «бизнестің» түрлерінің дамуы – есірткі саудасы; тәнін сатуға жастарды итермелеуші, адам сұдасын өшітуші «бизнес» түрлері; отбасы институтының тамырына балта шабушы біржыныстылардың бас қосуы; халықтың, жастардың діни сауатсыздығын пайдалана отырып, адамды адамға, адамдарды қоғамға қарсы қоюшы «діни» сенімді таратып тамырландырушы ұйымдар мен бірлестіктердің ерен белсенділігі; бойжеткендер мен бозбалаларды былай қойып, жас балаларды тағдырын аяққа таптап, тәлкек етуге ниетті екі аяқты «адамдардың» қатарының артуы. Оның бір себебі ретінде «секс-шоп» саудасын табыс көзі еткен «бизнес» және интернет, тағы басқа ақпарат құралдары таратып отырған «секс-жүтенсіздік» екендігі де атап айтмасқа болмас; темекі бизнесі мен ішкілікті саудалау бизнесінің де құаттылығы мен табыстылығы оның адами ортаға әкелетін зиянымен санасуға мүрша берер емес; кенес дәуірі кезіндегі жастардың мәдени демалысы мен әлеуметтік-мәдени арабайланысын ұйымдастырушы мәдени қызмет орнына апыр-топыр, асығыстықпен келіп жетіп, орнығып, зиянын тигізіп үлгерген казинолар мен біржақты пайдаға батуды ғана мақсат еткен түнгі клубтар, оларға қосылып жатқан букмерлік (аты мен зағы екітүрлі) конторлар, тағы басқа эгоистік бизнес-мақсатты көздеген «демалыс» орындарының қоғамды іштей іріп-шірітуге қосқан үлесінің өлшемін табу қиын. 1998 жылғы Стогльм қаласында жас балаларды сексуалдық жыртқыштықтан, қорқаулық шабуылдан қорғау мәселесіне арналған халықаралық конгрестің өткізілуін кездейсоқтық деп ешкім де айта алмайды. Ал біздің қазақстандық әлеумет өз ішінде болып жатқан осындай жас ұрпақтың өміртіршілігіне балта шауып жатқан құбылыстарға әлі немқұрайдылықпен қарауын, заңның мұндай құбылыстарға «жанашырлық жұмсақтығына» немқұрайды қарауынан айрылар емес. Осы аталған әлеуметтік аурулардың арасында жемқорлық феномені жүр. Қазіргі мемлекеттің мемлекеттілігі жойып жіберудің алғышарттары сырттан емес, іштен жасалатынын ел әлеуметі әлі аңғарар емес. Одан күтілетін сағар өте ауыр болуы ықтимал. Бизнесі дамыту мәселесін қоғамдық сана, әлеуметтік сана және ел қауіпсіздігі мәселесімен ажырамас бірлікте қарастыратын уақыт әбден жетті. Дәл осы мәселе әлеуметтік зерттеулердің назарында болатын танымдық құбылыс болып отыр.

9. Қоғамдық өткір мәселенің бірі –балар тұтынатын тамақ саласының қоғамдық бақылауға алынуы, халықтық дәстүрдегі, өзінің құнарлылығы мен денсаулыққа пайдалылығымен белгілі тағамдардың жаңа технология көмегімен өндірілуін жолға қою кезек күттірмейтін мәселе. Тек пайданы көздеп, адам денсаулығын аяқ асты ететін бизнестің жас ағзалар денсаулығы үшін зиянды салдарларын қоғамдық орта сезініп үлгерді. Балалар ағзасы денсаулығы мен тазалығының қорғалуы – ел болашағы, адами ресурстың физиологиялық және әлеуметтік денсаулығы мәселесінде бағалыныуы қажеттілік. Қазақстандық аграрлық сектордың берер ресурсын ұқсатып, халықтың, өскелең жастардың сұранысты игілігіне айналдыру отандық шағын және орта бизнес үшін бұл әлі көтерілмеген тың болып қылып отыр. Бұл тұста да ғылымның, көпжақты ғылыми зерттеулердің берері мол.

10. Бала тәрбиесімен балабақшаларда, балалар үйлесінде инұғылданушы адамдар кімдер, олар адами және кәсіби құндылықтары мен ұстанымдары, мінез-құлығы, әлеуметтік, саяси, адами, діни, салауаттылық мәдениет тұрғысында қандай адамдар? Мемлекеттің, қоғамның, отбасыларының, балалардың білім мен тәрбиеге әлеуметтік тапсырысын олар қаншалықты тиімді орындауда, бұл да зерттеуді талап ететін

қоғамдық маңызды құбылыстар. Білім бағдарламалының іс жүзінде орындалуы мәдениеті, әр баланың жан-дүниесі мен рухани-мәдени сұранысына сай тәрбие ала алуы ерекше маңызды. Жоғарыда атап айтқанымыздай, отбасыларының әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени көптүрлілігі жағдайында әр баланы тағдыры білім жүйесіне сеніп тапсырылады. Олай болса осындай жауапты істің кімдердің қолы мен ақылында екендігі елеулі танымдық құбылыс.

Жалпы алғанда, ел болашағы – балалар мүддесін біліктілікпен әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдениеттанулық, әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда зерттей отырып, дер кезінде мемлекет саясатын, білім жүйесі қызметін, отбасы мен қоғам әлеуметін балаларды ерте жастан дұрыс тәрбиелеуге бағдарлап бағыптай алатын жоғарыбілікті ғылыми-зерттеу орталығының құрылғыны – қоғамдық қажеттілік болып отыр.

1 Дюркгейм Э. *Социология образования*. - М., 1996. - С. 15.

2 Ильенков Э.В. *Философия культуры*. - М., 1992. - С. 413-444.

3 Калдыбаева Т. *Учитель XXI века*. - ШҚМТУ. - Өскемен, 2008. - 242 стр. (на казахском языке).

4 Калдыбаева Т. *Дошкольное образование: социология и междисциплинарные аспекты* - Алматы. «Издательство Елтаным», 2013. - 192 стр.

УДК 316-053.2 (274)

ОРТА МЕКТЕП: ӘЛЕУМЕТТІК ФУНКЦИЯСЫ МЕН ДАМЫТУШЫ ОРТАСЫ

Т.Ж.Қалдыбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада мектеп білімі әлеуметтануы негізделі, дамытыла түскен. Жалпыға бірдей білім беретін орта мектептер дамытушы әлеуметтік орта мен кеңістік ретінде қарастырылған. Қоғамның шешуші білімдік әлеуметтік институты – орта мектептің әлеуметтік функциялары ғылыми-практикалық және әлеуметтік негізделген. Әр функцияның орындалуы үрдісі әлеуметтік арабайланыстар жүйесінде қарастырылып, іске асырушы басты субъектілер еңбегінің маңызы ашып көрсетілген.

Кілт сөздер: «Әлеуметтік арабайланыстар», «орта мектеп», «әлеуметтік кеңістік», «дамытушы әлеуметтік орта», «әлеуметтік тапсырыс», «ұстаз», «мектеп – әлеуметтік қатынастар жүйесі», «оқу еңбегі», «әлеуметтік тәрбие»

В статье рассматриваются развивающая социальная среда общеобразовательной школы. Обоснованы основные социальные функции общеобразовательной школы. Школа изучается актором в качестве системы социальных отношений.

Ключевые слова: «Социальные взаимоотношения», «средняя школа», «социальное пространство», «развивающая социальная среда», «социальный заказ», «учитель», «школа – система социальных отношений», «учебная деятельность», «социальное воспитание»

Article рассматривается развивающая социальная среда общеобразовательной школы. Обоснованы основные социальные функции общеобразовательной школы. Школа изучается актором в качестве системы социальных отношений.

Keywords: «social relationships», «high school», «social space», «developing a social environment», «social order», «teacher», «school – a system of social relations», «learning activities», «social education»

1. Мектеп – әлеуметтік арабайланыстар жүйесі

Жалпыбілім беретін мектеп, ең алдымен, оқушы мен оқытушылардың, оқушылар мен оқушылардың оқу және тәрбие еңбегі барысындағы әлеуметтік арабайланыстарының жиынтығы. Қалған құрылымдардың бәрі де – басқарушылар, бақылаушылар және отбасы осы екі басты субъектіге, олардың тиімді адамдық арабайланысының жемісіне тәуелді және сол үшін қызмет етеді. Мектеп білімі сапалы және жас ұрпақтың тұлғалық дамуының жемісті болуы осы басты субъектілердің оқу мен оқытуға, тәрбиелеу мен тәрбиеленуге адамдық, кәсіптік даярлығы мен арабайланыстық процесі материалдық, базалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне тікелей байланысты.

Оқу еңбегі «оқушы» деп аталатын қоғамның ірі әлеуметтік қауымдастығы үшін өзіндік қоғамдық пайдалы және өндірістік еңбек, оның адамдық тіршілігінің негізгі түрі. Оның еңбегі оңды және нәтижелі болсын деп мемлекет мүмкіндігінше оған жағдай тудыруға тырысады. Әрбір қазақстандық бала мен жасөспірім, және мектеп жасындағы жастар қоғам есебінен тегін білім алуға тек құқылы емес, ол шын мәнінде тегін қамтамасыз етіледі. Ал тиісті білімді бірі ала алмай, екіншісі оған жеткізіп бере алмай жатса, оған алдымен оқушының өзі және сұранысқа сай ұстаздық жасай алмаған педагог кінәлі. Әрине, оқу ісімен шұғылданушыларға бөгет болушы тосқауылдар жоқ емес. Оның қатарында жиі кездесетіндері: мұғалімнің кәсіби шеберлігінің шындалмағаны, мектептің заман талабына сай болмай, материалдық базаның, білім жабдықтардың жетіспеуі, отбасының бала бойына еңбекшілік қасиетті қондыра алмағаны.

ны, тұрмыс жағдайында кездесетін материалдық және психологиялық тауқыметтер, оқушының мектепте ортақарын болып жүретіндігінен оқу еңбегіне күш жетпей, психологиялық қолайсыздық туғызатыны, әлеуметтік-психологиялық ауытқуға итермелейтін ішкі және сыртқы факторлар. Ең басты бөгет – оқу еңбегіне және жемісті адамдық арабайланыс мәдениетіне екі жақтың да жеткіліксіз даярлануы, қабілеттің жетпей жатқаны. Нәтижесінде «нашар» үлгерімнен «орташаға», «орташадан» «жақсыға», «оқаксыдан» «тапты» және «дарындыға» жүздеген оқушы балалар көтеріле алмайды, олар үшін мемлекеттік білім стандарты деңгейі орындалмайды, жүздеген тұлға қалыптаспайды. Сөйтіп, даму деңгейіне жете алмай қалған, тіпті өмірдің бұрылмалы жолдарыға ұрынған жас азаматтар қоғамның әлеуметтік ортасына снесі. елге, қоршаған адамдық ортаға жатымсыз салдарлар әкеледі. Бұл дегеніміз, әлі де болса мектеп ұжымының, мұғалімдердің әрбір баланың ішкі дүниесіне үңіле алмағаны, оның сұраныстарына жете жауап бере алмағаны, өз уақытында ашылмай қалған бұлақ көздерін тазалап, даму ресурстарын іске қоса алмағаны, тәрбиелі дамытушы кеңістік пен қатынастар жүйесін тудырып, адамдық арабайланыстардың дамытушы мүмкіндіктерін толығымен пайдаланбағаны.

«Әлеумет» деп белгілі мақсат-мүддеге, ортақ құндылықтар мен идеяларға бағдарлала отырып, өзара байланыстар жағдайында тіршілік жасайтын бір мемлекеттің халқын айтамыз. Бірі тәрбиелейді, екіншісі тәрбиеленеді, бірі өндіреді, екіншісі оны тұтынады, бірі елді немесе әлеуметтік институттарды басқарады, екіншісі халықты қылмыстан қорғайды, үшіншісі мәдениетті өндіреді немесе мәдени қызмет көрсетеді, бірі әлі бала болғандықтан, ересектер атқаратын тіршілікке ие болуға даярланып жатыр, екіншісі оларды даярлаумен шұғылданады... Міне, осылайша мектеп әлеуметі шеңберінде іштей көпқырлы, көпсырлы адамдық арақатынастар мен арабайланыстар жүріп жатады.

«Мектеп» – әлеуметтендіру қызметінің идеясы, түрі, арабайланыстық нормасы, базасы, соған сай еңбек ететін субъектілері бар өзіндік шағын әлеумет, ел және әлем үшін мәні ерекше әлеуметтік институт. Оның ішкі қойнауынан адамдық арабайланыстарды, еңбек пен ынтымақты, өзара күсінік пен әріптестікті, бірлескен шығармашылық ізденіс жағдайындағы адамдар қызметін, адамдық қатынастарды көреміз. Бұл жерде егін егімейді, машина жасалмайды. Бұл жерде адамдық қасиеттер, білімділік, мәдениет, интеллект, тәртіп, өмірлік дағдылар мен тәжірибе өндіріледі. Оның бәрі осы іс-тәжірибелерге қатынасушы адамдар санасы, психологиялық ішкі дүниесі, мінез-қылығы, ойлау, ақыл және адамдық арабайланыстар мәдениеті арқылы іске асады. Сыртқы қатынастармен байланысты болғандықтан барлық мінез-қылықтар мен іс-әрекеттер, еңбектену дағдысы идеяға сай бола бермей, «түзету», «бағдарлау», «толықтыру», «қажалдық жағдайларды шешу», «бақылау», «ынталандыру», «байыту» сияқты сияқты адамаралық қатынастар – әлеумет ортасындағы заңды көріністер. Бәрі тәрбиелі және білімді болса, мектепке ешкім де келмеген болар еді. Сол себепті болашақ ұстаз тек оқытуға емес, әрі тәрбиелеуге, оның ғылымы мен практикасына үйретіледі. Сол себепті де «болашақ ұстаздардың өзін кімдер тәрбиелейді және қандай әлеуметтік іс әрекеттерге тәрбиелейді?» деген сауал қатар тұрады.

Екіншіден, мектеп дегеніміз – әртүрлі жас шамасындағы балалардың өзіндік әлеуметі, қауымдастығы. Егер соңғы жылдарға дейін бұл ортада тек «бастауыш», «негізгі» және «орта мектеп» жасына және оқу бағдарламасына сай жіктелген әлеуметтік орта орналасса, ендігі жерде балабақшалардың жетіспеуіне байланысты көптеген мектептердің ішіне «Мектепалды» топтары немесе мектеп жасына дейінгі балалардың «Шағын топтары» еніп алды. Сөйтіп, мектеп ауласына шығып, бір бірімен аралас-құралас болатын мектептік «отбасы» баи түсті. Мектепке дейінгі топтарды есепке алмағанда, мектептің өзіне қарасты әртүрлі жастағы балалар арақатынасы қаншалықты ғылыми және практикалық ойластырылған?

Еліміздің өткен тарихында мектептің өзіндік қоғамдық ұйымдары болған. Бастауыш балалары «октябряттар», орта буын «пионерлер», 14 жастан бастап оқушы «комсомол» (коммунистік жастар ұйымы) ұйымына мүше болу құқығына ие болатын. Өрне, шектен тыс идеяландыру және ұйымдық қысыра сілтеушіліктер орын алды. Тіггі, еріктілік принципімен санаспай, комсомол ұйымына барлық жасы өспіртке жеткендерді мәжбүрлеп енгізу де сирек кездеспеді, мектеп басшылары жоғарғы орындар алдында жақсы көріну мақсатында ұйымдық ережелерді өздері бұздыруға ықпал етуге де баратын. Алайда балалар мен жасөспірім және жастар ұйымдарының көптеген жатымды жақтары да болды. Ағап айтатын болсақ, балалар мен жастардың көшбасшылық қасиетінің өз тәжірибесінде шыңдалуы, сынып және мектеп белсенділерінің ұйымдық және тұлғалық мәртебесінің тәртіп пен оқу еңбегін ұйымдастыруға жатымды ықпалы, оқушылар ұжымының ішкі өзіндік іргетасының болуы, қоғамдық белсенділікке негізінен қабілетті оқушылар тартылғандықтан, ұстаздар қауымының олардың алдында жауаптылығының артуы, нашар оқушылар мен мінез-қылық ауытқуы байқалғандардың алдымен оқушылардың өз ұжымы алдында жауаптылығы т.б. Сабақтан және мектептен тыс дамытушы және ұйымдық шаралардың да басы-қасында ұстаздардан да бұрын оқушылар қоғамдық ұйымдары өкілдері болағын. Оның сыртында,

жоғары сыныптың үлгіні оқушылары орта және бастауыш сыныптар балаларына қамқорлық жасап, олармен әрқелкі сыныптан тыс тәрбиелік шаралар ұйымдастырып, ағасының інісіне, аяйының сиңісіне қамқорлығы ортақ мақсатты игілікті істерде үйлестірілетін. Оқушылардың қоғамдық жауапты тіршілігі, әрине ұстаздар тарапынан қамқорлық, көмек пен бақылауды қажет етті. Қалайда біртұтас ұйымдық және адамдық арабайланыстар жүйесіне негізделген оқушылардың өзін-өзі басқару құрылымы, егер ол шын мәнінде жұмыс жүргізсе, аса маңызды тәрбие, әлеуметтік арабайланыс, қоғамдық пайдалы іске белсенді қатынас пен көзқарас, іс-әрекет, бір-бірінің алдындағы ұжымдық жауаптылық, адамдық проблемаларды адамгершілікпен реттеуге үйренудің маңызды мектебі болғаны күмән тудырмайды.

Шынында, егер мектептегі жылдары оқушыға сенім арғылып, әлеуметтік маңызды істер тапсырылмаса, өз тәжірибесінде қоғамдық маңызды мәселелерді талдап және шешіп үйренбесе, өрісі жоғары және әлеуметтік мінезді Тұлға қалай өсіп қалыптаспақ? Өркениетті азаматтық қоғамды жасайтын да, әлеуметтік бағдарланған мемлекетті де өз қолдарымен жасап баянды ететіндер мектеп жасында-ақ өзінің әлеуметтік тұлғасын қалыптастырып үлгерген болашақ ел азаматтары.

Сөйтіп, мектептің ең басты субъектілері оқушылар болғандықтан, өзінің әлеуметтік жағдайына сай ересек әріптестерімен ақылдаса, бірлесе отырып, олардың мектеп ісін жүргізумен шұғылдануы – заңды құбылыс. Онсыз әлеуметтік әріптестікке, мектеп аясындағы демократияға, көпшіліктің азшылықты әлеуметтік бақылауына, адамдық ортада өмір сүруге, өзінің немесе құрбыларының тәжірибесінде үйренуге және ұжым алдындағы жауаптылықты сезінуге орын жоқ. Осындай адамдық арабайланыстар жүйесін тудырмай, оқушылардың тұлғалық есеюіне жағдай жасамай, мектептің ересек субъектілерінің өздерінің жасы кіші әріптестерін тұлға бола алмай жатқандығы үшін кінәлауға да құқығы жоқ.

Жалпы, әлеуметтендіру идеалына сай, әрбір мектеп есігін ашқан бала, одан соң ол жасөспірім, білім мен тәрбие соған керек болғандықтан, оқытып тәрбиелеушілер талабынан шығып, олармен үйлесімділікте еңбек етуге тиіс. Өмірдің шындығында олай болмайды. Бірі талапты, дарынды, екіншісі жалқау, тек отбасы мәжбүрлеуімен мектепке келеді, үшіншісі оқығысы келгенмен, өрісі жетпегендіктен, жігері мұқалады, төртіншісі бәріне бірдей тәртіп нормаларын бұзғанды мәртебелілік деп санайды, бесіншісінің қабілеті болғанымен, жасық, т.с.с. Сөйтіп соңғылары проблемалар тудырады, мұғалімге қосымша жұмыс тауып берелі, оқу барысының жемісті болуып тежейді. Алайда қай бала болмасын ол мектеп әлеуметінің ажырамас құрамды бөлігі. Оның үстіне білімдік жағынан ғана емес, тәрбие жағынан да сұраныстарға терең. Жағдай сұраныстарға сай педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық сараптауларды, алынған нәтижеге сай іс-әрекеттермен адами қатынасты талап етеді. Олай етуге болмайды. Ойткені әрбір оқушының кем дегенде мемлекеттік мөлшерленіп қосқан стандарт деңгейінде білімдік және адамдық дамуы – мектептің алдына қойылған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс. Сол үшін мемлекет мектепті мүмкіндігінше қызмет көрсетіп, жалақымен қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта мектеп жасына жетіп қалған әрбір баланың жалпы мәдени, арақатынастық мәдени дамуына, тек физиологиялық емес, жандүниесі денсаулығы жағынан даярлығының жеткілікті болуы барынша мүдделі қоғамдық құрылым – ол, ең алдымен, мектеп. Қоғамдық орта мен билік сатыларында балабақша және мектеп қызметінің логикалық біртұтастығы енді ғана шын мәнінде түсінік таба бастағанда сияқты. Алайда түсінік болғанымен, мәселенің толыққанды шешілуі әлі де проблемалық сипатта болғандықтан, мектепке өзіне тиісті және тиісті емес міндеттерді өз жауаптылығына қабылдап, құлықсыз немесе базалық даярлығы жеткіліксіз балалармен жұмыс жүргізу шеберлігін шындай беруге тура келеді.

«Таяқтың екі басы бар» деген халық даналығынан туындаған тұжырымның мектептегі адамдық арабайланыстарға да қатысы бар. Бір жағында оқушы, екінші жағында мұғалімдер қауымы. Бірақ қауымдастықтың жасы кіші әріптестерінен айырмашылығы – ұйымдастыру, оқыту, тәрбиелеу, тұтқиыл бақылау, толықтыру, күрделі мәселені шешу, бағалау, тіпті, жазалау құқығы осы қауым қолында. Әрбір кәсіптік және адамдық арақатынастар мен нормалар шеңберінде. Сол үшін олар арнайы білімдік және адамдық іргелі ғылыми-практикалық даярлықтан өткен. Сондықтан олардан оқу-тәрбие жауаптылығы талап етуге оқушылар да, отбасы мен мемлекет те құқылы. Қалай болғанда да, іргелі білім мен тұлғалық тәрбие мәселелерін дер кезінде шешудің тиімді тетіктерін табу – осы ұстаздардың ақылында.

Шешуші және өзара байланыстағы екі қауымдастықтың жарасымды және сапалы қызметін қамтамасыз етуге қажетті алғышарттарды даярлап, қамтамасыз етуге білім жүйесін басқарушылар, мектеп директоры мен басқа да ұйымдастырушылар, қызмет көрсетуші құрылымдар қызмет атқарады. Оларға мектептің тіршілігін реттеуші мемлекеттік сипаттағы нормалаушы құжаттарға сай басқару, бақылау, реттеу құқығы мен құзыры берілген. Нормалық құжаттар талаптарына сай және мектеп қызметі құндылықтарын негіздеп ала отырып, олар мектеп әлеуметі алдындағы міндеттерді нақтылай түседі, оның орындалуын қадағалайды, қажетіне қарай шешімдер қабылдайды. Сол себепті «басқарушы» деп аталатын құрылым субъектілері

архиві негізгі екі тұлғаның қалыпты қызметі үшін керекті алғышарттарды қамтамасыз етуге арналған. Кейбір мектептерде басшылар тек талап қояушыларға, соңғы екі басты фактор жауап берушіге ғана шектеліп кетеді. Бұған ұстаздардың кәсіби жеткіліксіздігі мен біраз оқушылардың өзінің әлеуметтік мәдени дұрыс атқармауы себепші болуы да мүмкін. Қалайда оқушы мен оқытушының құқығы мен еркіндігінің мазмұны басты құндылық болып саналмаған ортада білім-тәрбие идеясымен мектеп қызметінің тиімділігін сәйкестендіру қиындайды. Баспасөз материалдарына қарағанда, кейбір елді мекендерде директордың мектепті өзінің меншігі ретінде пайдаланып, кадр мәселесін шешуді жеке басының мүддесін біржола бағындырып қоюы – кездесіп тұратын шындық.

Сонымен, оқушының оқу еңбегі мен адамдық арабайланыстағы орны мен ролі оның мұғалімдермен, ата-аналарымен өзара түсінігіне, олармен кооперациялық сипаттағы еңбек қатынасына түсіп, белсенді қатысуына тікелей байланысты. Мұндай жағдайда оқушы тек өзінің ғана жағдайын емес, бүкіл сынып жағдайын, өз қатынасының сынып ұжымы еңбек нәтижесіне әсер ететінін сезінеді, өз жауаптылығына өзі жауапты айналады. Екінші жағынан қарағанда, оқушылардың кооперациялық сипаттағы ұйымдасқан іс-әрекетін дәйектілікпен ұйымдастыра алу шеберлігі ұстаздар қолында. Ондай іс қолынан келмейтіндердің кәсіптік қабілеті (компетентность) күмән тудырады.

Мектеп өмірі тәжірибесінде тек білімдік қана емес, тәртіп пен тәрбиеге байланысты құбылыстардың да көрсетуі байқалып тұрады. Соның бірі – оқушы мен оқытушы арасындағы келіспеушіліктер. Ол кейбір жағдайда ұшығып, жатымсыз салдарға жеткізеді: оқушы мектепті тастап кетеді немесе егестің арты оқушыны «бұзық», «ауытқыған» қатарына шығарады, оны қосымша сабақ үйрену ниетінен айырады, сөйтіп жүріп, ақыры қалыпты «оқушы» мәртебесінен айырылып, өзін қоршаған құрбылары арасынан шеттеп шығуға мәжбүр болады. Оқушының қателіктерінің болатынын алдын ала біле тұра, ұстазды қорғау жағдайындамыз. Бірі – әлі өмір тәжірибесі таяз, адамдық арақатынастар мәдениетін игеріп болмаған, жатымсыз мінезге алып келген ықпалдар торапынан әлі біржола босап шыға алмаған жас буын. Екіншісі – дәл осы сияқты мінез-қылықтар мен іс-әрекеттерді реттеу, жолға келтіру «инженері». Оның тек кәсіптік оқу орнында ғана емес, мектептегі әлеуметтік практиканың өзінен үйрететіні де мол.

Мұғаліммен «келіспей қалуға» кездесетіндер «нашар оқушылар» мен «ауытқи бастағандар» ғана емес. Біраз дарынды оқушылар да стандарттық емес ой-өріс, сұранысының басқалардан озып тұратынын, талабының жоғарылығы, оқыту әдістерімен келісс бермейтіні, еркін ой болуға құштарлығы, мұғалім білімі мен мінез-қылығында байқалған тежелістерге төзімсіздігі сияқты қасиеттері негізінде мұғалімдермен келіспеушіліктерге ұшырасады. Осындай құбылыстардың төркініне үңіліп, байыппен жағдайды бағалай отырып, арақатынас мәселесін ақылмен реттеу кез келген мұғалім қолынан келе бермейтіні өкінішті.

Реніш, егес, келіспеушілік... Бұлар мектеп субъектілерін адамгершілікті ортақтасқан еңбекке апарар жол емес. Талай тағдыр ұстаздық шеберліктің жетіспеушілігінің құрбаны болған.

Сонымен, мектептегі әлеуметтік арабайланыстардың мәні мен мазмұны неден көрінеді және оны бірлесіп адамдық арақатынастар жүйесі етеш тұрғандар қандай әлеуметтік құбылыстар?

Біріншіден, мектеп ұжымы тіршілігіне жүйелілік беріп тұрғаны – сол іс-әрекеттердің әлеуметтік мәні. Адамдар арабайланыстары негізінде белгілі бір мән жағыр. Мұғалім тарапынан өзі оқушыларды білімдендіру әрі оның тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеп қалыптастыру; өсу деңгейі әрқелкі себептермен мектепке қалғандарды ол қалыптан алып шығып, тиісті қатарға қосу; отбасымен байланыса, күш біріктіре отырып, әр оқушыны мектептен кейінгі қоғамдық өмірге білімдік, көзқарастық, мәдени даярлау; осы мақсаттарға жету үшін білімдендіру мен тәрбиелеудің барлық мүмкін болған тетіктерін ақылдылықпен, шеберлікпен іске қосу. Осы әлеуметтік мәнді басшылыққа ала отырып, ұстаздар әлеуметтік іс-әрекет апарары. Ал оқушылар болса, әлі қалыптасып болмаған, әрқелкі ортада алған тәрбиесі және дағдысымен мектепке келген жеке адамдар болғандықтан, сөзсіз тек тәртіпті және білімқұмар болып қана қоймайды, сырттан өзімен ала келген қиындықтары мен тежелістерін де ортаға шығарады, проблемалар тудырады. Сөйтіп ұстаздар шеберлігін талай-талай сынға түсіреді. Адамдық жылылық пен қайырымдылық, жанашырлық пен талап, білімділік пен ізденіс мол болған ортада бар мәселе онымен шешіліп, шәкірттері ұстазы жақсылығын мәңгілік жадында қалдырып, мектеппен қоштасып, үлкен өмірге абыроймен жолға шығып жатады.

Оқушы іс-әрекеті де әлеуметтік мәнге толы болды. Өйткені ол білімдепді, мәдениеттенді, құрбыларымен арабайланыста адамдыққа ысылып үйренді, әлеуметтік ортада өмір сүрудің қыр-сырын меңгерді. Оқу мен тәрбиелену кеністігінде оқушымен ұстаз бірлесе отырып, әлі қозғалысқа келмей жатқан түсіністік, еңбек ынталану, белсенділік ресурстарын бірлесе іздеді, тапты, іске қосты. Екі жақ та бір-бірінің алдындағы жауаптылығын сезінумен, ұйымдаса жемісті еңбек етуге тырысты. Бұл дегеніміз – сана деңгейінде жүріп жатқан тұнып тұрған психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік арабайланыстық құбылыстар. Оның бәрі түптеп келгенде, мектеп субъектілерінің қызметінің әлеуметтік мәнін құрайды.

Мектеп ұжымының отбасы немесе баланы қамқорлығына алған субъектілермен мәнді арабайланыста болуы маңызды. Себебі ар оқушының өз тіршілігінің мән-мағынасын түсінуіне, өмірлік құндылықтары мен мақсат-мүддесін айқындауына зор ықпал ететін орта, алдымен, отбасы және басқа қамқоршылар ортасы. Мектеп оны жалғастырады, қажет болғанынша түзейді, жетілдіреді.

Балалардың әлеуметтік, психологиялық және мәдени әрқелкі ортадан еді. Мектепке өте ауыр әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық салмақ түсірген уақыт – өгпелі тарихи кезеңі айтпасқа болмас. Жұмыссыздықтан, күйсіздіктен, қаржы жетіспеушіліктен өзі де, баласы да күйзеліс көрген отбасылар, толық емес отбасы жағдайындағы әке мен аналар аз болмады. Мектеп-интернаттар мен интернаттардың жұмысын тоқтатуына байланысты материалдық базасы нашар және білікті педагогы жеткіліксіз шағын мектептер саны артты. Екі-үш ауысымда қысылып-қымтырылып оқыған, оның үстіне оқулығы мен құрал-жабдықтары жетіспей жатқандары қаншама еді. Қоғамдық ортада мұғалімнің әлеуметтік мәртебесі күрт төмендеп, бірқатар мұғалімдер ұстаздық емес, тек функционалдық рөл атқарушыға айналды. Бала жаны өте сезінгіш, көзі байқағыш. Олар мектеп ұжымындағы хал-ахуалдың басты сарапшысы Әсіресе, жасөспірімдер. Олардың басқаларға қарағанда психологиялық ерекшелігінің бірі – сөз бен ісін алшақтығына төзімсіздігі. Ересектер мінез-қылығы мен іс-әрекеті идеалы мен шындығы арасындағы қайшылықтардың жасөспірім сеніп келген мектептен байқалуы, оның үстіне мектеп пен отбасынан тыс жатқан көрсеткіш орта қылықтары мектеп тәбнесіне проблемалық сипат бермей қоймайды.

Қорыта айтқанда, мектеп іші – тұнып тұрған жүздеген, мыңдаған сана деңгейіндегі арабайланыс құбылыстары мен оның бүртұтас жүйесі. Арабайланысқа келтіретіндер, оларды іс-тәжірибеге қосып құндылық, мотивациялық қозғалыс беретін – ол мәндер, әлеуметтік мәндер. «Сабақ» деп аталатын білімдік-әлеуметтік құбылыс, әр оқушы түйсігі мен санасына жетуге барынша тырысу, ұйымдастыру, бағыттау, үлгерімі немесе тәртібі тежеулі оқушыны түзетуші-дамытушы қосымша жұмыстар, балалардың отбасылық рухани және материалдық жағдайын зерттеу, оқу ісіне жұмылдырушы тәрбие шаралары... тұлғаны дамытушышылық мәні болмаса оның бәрі істелмеген болар еді. Әлеуметтік мән мақсат пен мүдделерді түйістіріп, өз төңірегіне оның алыпбарушыларын бірлестіріп, мағыналы іс атқартады. Мектеп – тұтып тұрған әлеуметтік мәндер мен арабайланыстардың біртұтастығы. Осының мәнін түсінген маман ған нағыз ұстаз бола алады.

Мектепке, білім мәселесіне бәріден де жақып тұрған педагогика, психология және социология ғылымдарының жоғарыда атал көрсетілген мәселелерді ғылыми-практикалық және мазмұндық жағынан реттеуге білгірлікпен қатыласуы да жаңа әлеуметтік-тарихи уақыт жағдайындағы мемлекеттік мәнді іс және қоғамдық тапсырыс.

2. Жалпыға бірдей білім беретін орта мектептің әлеуметтік функциялары

Мектептің бірінші әлеуметтік функциясы - барлық мектеп жасына толған балаларды мектеп шаңырағының астына біріктіріп, бәрін бірдей мемлекет талабына сай білімдендіре отырып тәрбиелеу.

Егер соңғы жылдарға дейін мектеп табалдырығын балалар 6 және 7 жастан аттаса, енді барлық республика мектептерінің 12 жылдық білім беруге аяқ басуымен байланысты балалар мектеп партасына жаппай алты жасында келіп отырады. Қаржыландыру тұрғысындағы ұйымдастырылуы және бағдарлық, деңгейлік саралануына байланысты қазақстандық мектеп көптүрлі: элиталық немесе ғылымдар саласына бейімделген мектеп, гимназия, дарындылар мектебі, лицей және шартты түрде ғылым айтқанда – бұқаралық мектеп, мектеп-интернат, әлеуметтік жетім балалар үйлері мен қалпына келтіруші мекемелер жанындағы мүмкіндігі шектелген балаларға арналған мектеп.

Мектептің қай түрі болмасын арнайы даярланған мемлекеттік стандарттар негізінде жұмыс жүргізеді. Білім стандарттары – бәрине бірдей ортақ базалық, бағдарлық негіз және өлшем. Ол – сапа келілігі, білім сапасын бақылауда басшылыққа алынатын ортақ норма. Сол себепті мемлекеттік стандарттар (кездесетін кемшіліктеріне қарамастан), балалар, жасөспірімдер мен мектеп жасындағы жастарды білімдік және құқықтық тұрғыдан әлеуметтік қоғаудың аса маңызды факторы. Мектептер басқа да мүдделі қоғамдық құрылымдармен бірлесе отырып, қаңғыбастыққа, сауатсыздыққа, әлеуметтік жетім немесе мүмкіндігі шектелген балалардың білімнен шет қалуына жол бермеуге тырысып, бәрине бірдей міндетті білімнен бірде бір баланың сырт қалмауын қамтамасыз етеді. Бұл мемлекеттің оркениеттілігінің кепілі және дәлелі. 12 жылдық мектеп қызметіне, оның соңғы екі жылының жоғары деңгейдегі мамандыққа бағдарлануымен байланысты, ендігі жерде бәрине бірдей міндеттісі – негізгі мектеп, яғни 10 жылдық білім. Жастарды бағдарлауына байланысты өндіріске бағдарланған кәсіптік оқу орындары, колледждерді оқып аяқтаған соң жоғары оқу орындарында білімді жалғастыру мүмкіндігі мемлекеттің Білім заңында қарастырылған. Кейбір бағыс елдері тәжірибелеріне сүйенсек, бұл жол біріншіден, еңбектің барлық салаларын білімді мамандармен қамтамасыз етуді, екіншіден, жоғары оқу орнына өндірістік тәжірибесі бар, еңбекте пісініп жетілген жастардың келуін ұлғайтпақ. Ол үшін ұлттық білім жүйесі өзінің сабақтастығын сақтаиды.

Бұралық сипаттағы жалпыға бірдей білім беретін мектеп мәселесіне қайта оралсақ, қала мектептерінің негізгі бөлігі мен ауыл мектептерінің дерлік барлығы бұқаралық сипаттағы, яғни, жалпыға бірдей білім беруге арналған білімдік және тәрбиелік әлеуметтік институттар. Бұл балалық шақтың, жасөспірімдердің және мектеп жасындағы жастардың барлығын бірдей, ешқайсысын сыртта қалдырмай өз шаңырамының астына жаппай біріктіретін, әлеуметтік, ұлттық, дәстүрлік, демографиялық, территориялық, гендерлік және әлеуметтік мемлекеттің негізгі тірегі болатын ерекше маңызды әлеуметтік институт.

Мектептің екінші әлеуметтік функциясы - әр баланың жас шамасына сай сапалы білім мен тәрбие алу құқығын қорғау, өз қойнауында оны іс жүзінде асыру әрі әлеуметтік көңқабаттылық, көпменшіктілік, мұқабаттылық, көпдәстүрлілік жағдайында балаларды әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық қорғау. Бала қай әлеуметтік қабаттың, қай ұлттың, қандай елді-мекеннің, қандай отбасының, қандай әлеуметтік-психологиялық ортаның өкілі болса да, мұғалім алдында олардың бәрі бірдей. Ол - білімдену және қорғау құқығы мен мүмкіндігі теңелген, әділетті адамдық кеңістіктің өкілі. Бәрінің де ендігі мәртебесі - ОҚУШЫ. Өскелең ұрпақтың ең үлкен әлеуметтік қауымдастығы. Оқу мен тәрбие істерінің басты тұлғасы және білім беру мен білімдену іс-әрекетінің басты алып барушысы. Мектепті мектеп ететін оқушылардың ұстаздарының көмегімен етпен өз еңбектері: оқу еңбегі, тәрбиені игеру еңбегі. Мектеп оқушылары өзіндік іс әлеуметтік орта. Оларғы тек ұстаздар ғана тәрбиеленейді, олардың өздері де бірін бірі тәрбиелейді. Оқушылар, жалпы, балалар, өзара тәрбиелік ролі мен қасталы өте жоғары орта. Тек сол әлеумет ересектер тарапынан түсінік тауып, аса маңызды тәрбие тетігі ретінде іске қойылса.

Бір-екі жыл емес, тұтасымен алғанда (9-11) 10-12 оқу жылы бойына балалар, жасөспірімдер мен жастар бәрине ортақ белгілі бір мінез-қылық, іс-әрекет, этика нормалары шеңберінде тіршілік жасап, еңбек етеді. Бірде табысты, енді бірде кемшілікті болғанымен, мектептегі «мұғалім» деп аталатын ересек әріптестерімен бірлесіп, біртұтас ұжымдық білімдік-мәдени әлеуметтік орта құрастырады. Бұл орта мүшелерінің де басқа әлеуметтік институттар субъектілері сияқты қоғамның, ұжымның, өзінің алдындағы жауапшылығы мен міндеттері бар. Құқы мен міндеті, еркіндік мүмкіндігі мен жауапкершілігі барлық субъектілер үшін қатар қойылған талабы жоғары ұжым - әлеуметтік ұйымдасқан, қуатты және жан-жақты дамытпалы адамдық ортаға айналады.

Сол жауаптылықты тек сұрап қана қоймай, өз деңгейінде идеалға сай ұйымдастырушылар мектептің жаппай қызметкерлері мен мұғалімдер болғандықтан, оқушылар олардың мәртебесін құрметтеп, арабайланыс нормалары мен этикасын сақтайды.

Жас ерекшеліктеріне сай өскелең ұрпақтың ішпей үш буыны - балалық шақ (6-10/11 жас арасы), жасөспірімдер (11-15/16), жастар (16-17/18) осы әлеуметтік орта мен кеңістікте топтасатындықтан, мектеп - сол үш буынның ерекшеліктерін бейнелейтін адамдар арабайланысының біртұтас жиынтығы және әлеуметтік қауымдастығы.

Әлеуметтік-таптық көпқабатты қоғам жағдайында ауқаты жоғары, орта және төмен отбасыларынан келіп, бір мектеп, бір сынып партасына отырған құрбыластар, педагогтардың үйлестіруші, бейімдеуші және адамгершілікті ықпал етуімен, тез үйренісіп, түсінік тауып, достасып келе барады. Бәрінен де мықты үйлестіргіш күш - ол оқу қызмегі мен сыныптан тыс ортақ істер. Бәрінің де іс-әрекеті ортақ мақсатқа - білімденуге бағдарланып, мақсат пен міндеттер бірлескен әрекеттер барысында шешіліп жатады. Оқу және тәрбиелену процесі оқушылардың бір-бірінің мінез-қылығын, іс-әрекетін, жеке адамдық ерекшеліктерін, жағымды және көлеңкелі қырларын, арабайланыстар мәдениетін, қабілеті мен қиналысын өз көзімен көріп, көңіл қойып, бақылауға, сезінгеннің бәрін ішкі талдауға мүмкіндік береді. Осы негізде ұйымшылдық немесе жатсыну, өзара түсінік немесе түсінбестік, өзара көмек немесе немқұрайлылық, жауаптылық немесе тек жекебастық жауаптылық сияқты құбылыстардан тұратын әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптасады. Осының бәрін бақылай, бағдарлай жүре реттеу, біртұтас әлеуметтік ортаға тән қасиеттерді тәрбиелеу ісі тағы да ұстаздар қауымы жауаптылығында. Сыртқы ортадан келген талаптар мен денгейлер бір ортада түйіскендігіне байланысты ұжымдық психологияны қалыптастырып дамыту проблемасыз болмайды.

Қалайша оқушылар ортасы білім мен тұлғалық дамуға бірдей теңе-тең мүмкіндік алған, әлеуметтік әділетті қауымдастық пен ұжымның ажырамас тұтастығы. Солай болуға тиісті. Әлеуметтік жетімдік пен кедейшіліктің немесе баршылықтан бас айналу салдарлары ендігі жерде мектеп ішінен алыстайды. Қайсының болмасын адамдық дамуы маманданған ұстаздардың жігі бақылауында. Жүздеген, мыңдаған тағдырлар білім ошағы төңірегінде тоғысып, «қоғам», «мемлекет» деген үйдің бір сенімді кірпішіне айналуда және қаланула. «Отан» деген шаңырақ астында өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, бір елдің қабілеті, азаматтары ретінде баянды тіршілік ету тәжірибесінен өтуде. Есейе келе, қоғамдық пайдалы

субъектінің қай саласында қызмет жасамасын, «әлеумет» деген бір ұжымның бар екенін сезініп, бір-бірімен силасымды тіршілік жасауға бағдарланып тәжірибеленуде. Нарықтық қатынасқа негізделген экономикалық арабайланыстар және меншіктің көптүрлілігімен байланысып жатқан адамаралық қатынастар жағдайында мектептің әлеуметтік үйлестіруші қызметінің мәні өте терең. Тек осылайша Қазақстан Республикасы экономикасы мен ғылыми-техникалық саласы дамыған елдер ұрынып калған жекебастық өзімшілік наукасынан өзін аман сақтап қала алады. Осындай ғаламат құбылыстардың құрылысшылары болу және еңбегінің игілікті нәтижесін көріп сезіну бақытына ие болағын – мектеп ұстаздары. Егер дәрігерлер адам жанының арашасы болса, мұғалім – жас ұрпақтың қорғаны, даналықтың бейнесі, ынтымақ пен оркеңістіктің, ел болашағының жасампазы.

Мектептің үнінші әлеуметтік функциясы - білімдену мен тұлғалық тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ете алатындай әлеуметтік орта және кеңістік жасайтыны. Неге «білімдену» мен «тәрбиелену» аражігін аша отырып тұтастырмақпыз?

Біріншіден, биологиялық құбылыс болып өмірге келген баланы әлеуметтік мәнді бойына жинақтаған қоғамдық тұлға болып қалыптасып шығуы үшін оған шыдамдылықпен білімденуге, адамдар ортасының тіршілігі тәжірибелерін игеріп, оны өзінің қасиетіне айналдыруға тура келеді. «Білім» дегеніміз – білім-ғылым арқылы тәрбиелену және даму. Білімдену процесіндегі тәрбие тәжірибесі. Сол себепті балалар мен жасөспірімдердің, жастардың қандай өмірлік тәжірибесі көріп, түйсініп, содан үйреніп жүрген оның тағдыры үшін срекше мәнді. Сол үшін балабақша мен мектеп білімі мазмұны екіселініп іріктеліп алынады, арнайы жобаланады және әлеуметтік бағдарланады.

Екіншіден, сол беріліп жатқан білімнен, үйретуден, жаттықтырудан күтілетін нәтиже қандай және түптеп келгенде еліне де, отбасына да, білім берушілерге де керекті қандай адам, қандай тұлға? Осыдан келіп алдымен ТҰЛҒАның өзін жобалап, оның идеясын нығайтып алу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі Қазақстан мектебінің жұмыс істеп тұрған бағдарламасына қарасақ, күтілген басты нәтиже – ол Тұлға. Білім концессиясы мен бағдарламалары білім беру процесін осы ұғыммен берік байланыстырған.

Шын мәнінде, биологиялық құбылыс болып өмірге келген бала әлеуметтендіру нәтижесінде тұлға, яғни, әлеуметтік құбылыс болып қалыптасуы қоғамдық және адамзаттық қажеттілік. Егер оған ересектер ортасынан берілетін әрқелкі кеселді құбылыстар боғет болмаса. Отбасы, білім мекемелері мен макроорта қажетті дамытушы алғышарттарды дер кезінде жасай алса.

«Тұлға» ұғымы адамның әлеуметтік бейнесін сипаттайды. Оның басты айқындаушысы – қоғамдық ортаның мақсат-мүддесі мен өзінің мақсат-мүддесін адамгершілік, әлеуметтік құндылықтар негізінде үйлестіре білуі, соған сай мінез-қисымы мен іс-әрекеті. Өзіне бағыт-бағдар беретін әлеуметтік құндылықтарды талғампаздықпен таңдай алуы, оны өзінің ішкі мотивтік құбылыстарының, мақсаты мен ісінің негізіне алу қабілеті.

Мектепте оқымаған қарапайым адамдар да тарихи өмірде тұлға бола алған. Қазіргі әлеуметтік-тарихи уақыттың одан айырмашылығы сонда, айталық, Қазақстанда, әр адамның тек адамгершілікті тағым-сезім негізінде ғана емес, мектепте жан-жақты білім, тәрбие ала отырып, кемеліне келген әлеуметтік бейне болу мүмкіндігі бар. Дегенмен, неге қазіргі педагогика ғылымының кейбір өкілдері мектептің басты міндеті оқушы тұлғасын қалыптастыру дей отырып, әлеуметтілікті білімділіктің қолжарығында қалдыра береді? Білімділік мен әлеуметтіліктің етене үйлесімі ғана оны жаңа сападағы тұлға, әлеуметтік әлеует етпеуші ме еді? Байқалатын екінші қайшылық, тұлға тәрбиелеуді басты міндет ете тұра, қазіргі білім бағдарламалары авторлары мектептегі әлеуметтік тәрбиеге тиісініше мән бермейді. Мектеп өмірі мен оның білімдік-тәрбиелік тіршілігі әлеуметтік арабайланыстар тұрғысынан қаралып жобаланбайды. Бір қарағанда мұғалімдер әлеуметтік-психологиялық құбылыстармен емес, бір жерден алып екінші жерге қоя салатын затпен жұмыс істейтін сияқты. Бұл жағдай педагогикалық ортаның адамдық-әлеуметтік арақатынастардың шындығы мен сұраныстарынан әлі алшақ тұрғанын дәлелдейді. Сол себепті білім жөніндегі негізгі мемлекеттік құжаттар сынаржақты түсініктер мен тұжырымдар негізінде жасалады.

Тарихтағы Ұлыларды ұлылық деңгейіне алып шыққан олардың әлеуметтік сезімталдығы мен қайтса қайтпае әлеуметтік мінезі. Соның нәтижесінде бүркемеленбеген шындықты танып, біліп, санасына саралал, бар проблеманы реттеудің жолдарын іздеген, сол үшін күрес жүргізген. Ақылы, ынғасы мен әлеуметтік сезімі мен мінезі бар оқушы ғана өзін де, басқаны да ұйымдастыра алады, қиындықты жеңе алады, сөйте отырып оқу еңбегімен де өз мәшінде шұғылданады. Олай болса, «білімділік» пен «әлеуметтік» (тұлғалық) біртұтастықта қаралып, қойылып және шешілуі тиіс. Мұғалім мен оқушы арабайланысының іргетастық негізі осы. Оның басты бір алғышарты – мұғалімнің оқушының ойы мен ісінің еркіндігін мойындауы, оған білгір үйретуші, төзімді бақылаушы және бағдарлаушы болуы. Әлеуметтік мәні бар, сыны мен танымы мол өзіндік іс-әрекетке оны жібере білу. Болашақ ұстазды осындай істер мен қабілеттілікке үйрету – педагогикалық оқу орнының басты борышы мен қоғам алдындағы жауаптылығы.

Идеалдың қорытындысы ретінде білім әлеуметтануының негіздеушісі, француз ғалымы Эмиль Дюркгеймнің әрбір тарихи кезең тұлғаның өзіндік типін жасайды және бүкіл тәрбие сол типтің идеалын ұштастыруға қызмет етуге тиіс деген ойын келтіреміз. Э Дюркгейм «оқытудан» «тәрбиелеуді» жағары алады, себебі оқыту, білімдендіру тәрбиеге қызмет ететін маңызды фактор деп санады [1]. Олай болса, жабандану қойнауында трансформациялық үрдісті стратегиялық міндет етіп қойған жаңа Қазақстан Республикасына қандай типтегі ТҰЛҒА керек деген сұрақтың жауабын тауып алмай істелген істер тиімділікті пайдалы және нәтижелі деген ой келеді. Осы тұрғыдан қарағанда, қоғамның «әлеуметтік әлеуметті» құрайтындар қандай адамдар қазақстандық қоғамға, оның болашағы үшін, өзіне де, елге де тиімділікпен қызмет жасауға даярланған және бағдарланған елінің шынайы патриоты, әлеуметтік денсаулығы берік, мектеп беруге тиісті білім мен тәрбиені толығымен игеріп шыққан азаматтар. Ондай тұлғаның басты айқындалушылары еңбек етуге сұранысының және еңбек ету мәдениетінің қалыптасқаны, еңбектің істеу құштарлығы, қоғамдық белсенділігі, әлеуметтік мінезі мен көзқарасының қалыптасқаны болса керек.

Еңбек етуге, шығармашылық ойлауға үйренбеген адам оқу еңбегімен де өз деңгейінде шұғылдана алмайды. Оқу барысындағы білімді игеру қиындықтарын жеңуге өзін-өзі жұмылдыратындай мінезі болмаса, оның нәтижесі – нашар үлгерім, мұғаліммен және отбасымен арадағы, ақырында өзі өмір сүріп отырған қоғаммен келіспеушілік. Осыдан шығатын қорытынды: отбасы үшін де, мектеп ұстаздары үшін де аса маңызды шарт – баланы еңбек етуге, нәтижеге өз еңбегі, өз күшімен жетуге дағдыландыру, оның әлеуметтік-психологиялық алғышарттары мен тетіктерінің мемлекеттік деңгейде ойластырылып қалуы.

3. Мектеп – дамытушы әлеуметтік орта және кеңістік

Мәдениеті, экономикалық мүмкіндіктері әрқелкі отбасылық, әлеуметтік-таптық, ұлттық, дәстүрлік, әртүрлі территориялық-географиялық ортадан мектеп табалдырығын аттап кірген балаларға бәріне бірдей қолайлы дамытушы орта жасау – мектептің әлеуметтік институт ретіндегі өзіндік ерекшелігі және міндеті.

«Қоршаған орта», «әлеуметтік орта» туралы бірқатар ғалымдар өз түсініктерін баяндап, оның жас ұрпақты тәрбиелеуге тікелей және жанама қатынасы туралы талай тұжырымдар жасаған. Соның бірі – философ Эдвальд Шленков. Ол былай тұжырымдайды: «Егер бала тұлға болып шықсын десеңіз, қалайша тұлға болып өсіп кеткенін оның өзі де байқамай қалатындай дамытушы әлеуметтік орта жасаңыз» [2].

Жас ұрпақтың дамуына мүдделі негізгі үш орта өзара жинақтала келе қоғамдық органы құрайды. Олар: отбасы, білім институттары және отбасы мен білім институттарынан тысқары жатқан адамдық және материалдық орта. Осылардың әрқайсысы ғасырлар бойы қалыптасқан белгілі нормалар мен ережелерге сәйкес қызмет жасап отырып, өскелең ұрпақ үшін өзіндік арабайланыстық кеңістіктер жасайды.

Отбасын алатын болсақ, өмірге бала әкелу және оны дамыған адам етіп тәрбиелеу оның әлеуметтік тарихи қалыптасқан функциясы. Отбасылары адамдар саны жағынан әрқелкі: нуклеарлық (әке, шеше, бір немесе екі бала), кеңейтілген (ата-ана, бірнеше бала, әже, ата, ата-қарындас, апасы мен інісі, жақын қандас т.б.), толық емес отбасы (балалар тек анасы немесе әкесімен бір отбасын құрайды). Осы «отбасы» кеңістіктеріндегі адамдық қатынастардың, соның ішінде өмірге ұрпақ әкелудің бүкіл қоғам үшін мәні жоғары. Ондай ересек ұрпақтың орнын басып, қоғам дамуын жалғастыруды алып барушылар болмас еді немесе босап қалған кеңістікті басқа елдің азаматтары толтырар еді. Ондай елдің ертені бұлыңғыр.

Алайда отбасы кеңістігінің өзі іштей көпқырлы. Бірі баланы жасынан еңбекке және адамгершілікке баули алды, екіншісі, керісінше, зиянды дағдылары немесе қатыгездігі арқылы баланың психологиялық дамуына зиянды жақаратса, бала кезінен-ақ өмірдің аштысының дәмін татырып, өсу жолын қиындатады. Қоршаған макроортаға келетін болсақ, ол да іштей алуан түрлі, көпқырлы. Балалар, жасөспірімдер мен жастар жақсы мен жаманды, өркениеттілік пен жабайылықты, арамдық пен адалдықты осы ортаны бейнестей ересектердің мінез-қылығы, іс-әрекеті, олардың жасампаздық немесе бұлдірушілік тіршілігі мен оның жатымды немесе жатымсыз салдарларынан көріп оседі. Сол себепті мемлекет пен отбасылардың арасы барлық балаларды бір-бірінен бөлектемей, алаламай, жіктемей, қорламай, жасытпай білім беріп отырып, тәрбиелеп шығаратын балабақша мен мектепке ауады [3]. Идеалына сай мектеп – адамгершілікті адамгершілік арақатынастар кеңістігі, барлық өскелең ұрпақ үшін бірдей дамытушы орта.

Дегенмен, көп жағдайда мектептің қоғамдағы тәрбие проблемаларымен жалғыз бетпе бет келудің қолдай беруге болмайды. Әр орта өзіне тиісті қызметін өз мәнінде атқаруға тиіс.

Өкінішке орай, әке мен шешенің балаға берер жақсылығының қоры мол болғанымен, оның бәрі орымен іске қосылып, өскелең жастың игілігіне айнала бермейді. Өзі атқаруға тиісті міндеттердің бірқатарын олар балабақша, мектеп, тағы басқа білім институттарының мойнына арта салуға әуес. Біреулерінің

қоғамдық пайдалы еңбектен, күнкөріс тауқыметінен қолы тимей жатса, енді біреулері зиянды дағдылардан босамайды. Соңғысы дамытудың орнына баланың тұнбалылығына үлкен дақ түсіріп, психологиялық денсаулығын нашарлатып, оқу ісіне деген қоңыл-күйін бүлдіреді.

Қаншама балалар мен жасөспірімдер «әлеуметтік жетім» санатында (бұл, әсіресе, қалаларда кеңірек кездесіп отыр). Олар жағұядан тыс өмір кешіп, тіршілік жасауға мәжбүр. Зерттеулер көрсеткендей, балалар үйлері, интернаттар мен киын балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілердің 80 пайызының өмірге жолдама берген және тоғыз ай көтерген ата-аналары тірі, бірақ баланың олар үшін керегі болмады. Кейбір отбасылары «тәрбиелеудің» қатыгез әдістерін жиі пайдаланатындықтан, бала үйден кетіп калуды дұрыс деп санайды.

Отбасы мен мектептен тыс жатқан адамдық ересектер ортасы мен кеңістіктер іштей өте қарама-қайшылықты. Бірі жас ұрпақ жанын аялап, қалайда жақсылық жасауға немесе жақсы мінез-қылық байқауға тырысса, екіншілері балалар, жасөспірімдер мен жастар есебінен қалтасып қалындатады, оларға «тауар» ретінде қарайды, соған сай іс-әрекеттер жасайды. Балалар мен жастардың көзалдарынан өтіп жатқан айналадағы ересектердің адамгершілік нормалармен келіспейтін іс-әрекеттері оларды «Өмір» деген қалың орман арасында адастырып та әкетеді. Өмірдегі бұралан шындықтарды бірқатар бұқаралық ақпарат құралдары толықтырып, мектеп кеңістігіндегі құндылықтар мен сыртқы өмірдің қолғабын «құндылықтары» тек қайшылықты болып қоймай, жасөспірімдер санасында «шайқасқа» да түседі. Мектеп бағыттайтын құндылықтардың жеңіп шығуы осы білімдік-мәдени орта субъектілерінің даналығына, байқағыштығына, ойларының сергектігі мен епті іс-әрекет шалшаңдылығына, танымдық қабілетіне, бала жан-дүниесіне үніле отырып, дер кезінде әрекет етуіне байланысты. Сырттан келетін зиянды құбылыстар мен оның салдарларынан оқушыны арашалап алу, әлеуметтік-психологиялық тазарту, түзету, беіімдеу арқылы білімдендіріп тәрбиелеу тауқыметі мектептің әлеуметтік ортасының еңісіне тиеді. Сол себепті мектептің әлеуметтік кеңістігі жекедара өзіндік жабық кеңістік емес, ол – әлеуметтік қорғаушы және дамытушы кеңістік. Мұғалім – ол пән мұғалімі, сынып жетекшісі, қоғамдық ұйымдастырушы, әлеуметтік қорғаушы, құқықтық мәселелерді реттеуші, отбасымен жұмыс жүргізуші, мектеп кеңістігін сыртқы қоғамдық ортамен байланыстырушы, ол – психолог, социолог, педагог.

Оның сыртында, мектеп мұғалімдерінің 80 пайызынан артығы әйел жыныстылар, көпшілігі балашағалы. Оның мұғалімдік мәдениеті отбасының ішкі тіршілігі мәселесін басқаларға сілтей салуға жоғары бермеітіндіктен, отбасы істерінің іс ауыртпалығы оның нығынан табылады. Табыс қозғалысының сұранысына сай келмейтіндігі ол да бар. Міне, қазіргі мектеп мұғалімі осыншама көпқырлы тіршіліктің иегері және көпқырлы бағғы жүктемелердің алыпбарушылары. Оның өзі әлі жеткілікті әлеуметтік қорғалмаған.

Бір қоғамның жас ұрпағы отбасылық тұрмыс-тіршілігі жағынан әрқелкі әлеуметтік қабатқа бала кезінде-ақ жіктелді. Бұқаралық және элиталық мектептерде оқитындардың құрамынан да белгілі бір деңгейдегі әлеуметтік стратификациялық құрылымның бейнеленуін байқауға болады. Мемлекеттік білім стандарттары оларды бір-біріне білімі, мәдени жақындастырғанымен әрқелкі өмір салты мен дағдыларға әрқелкі сипаттағы ұжымдық орта мен арабайланыстар жүйесі есейіп, іс басына келгенде бұлардың бір-біріне қоғамның азаматтары ретінде ортақ тіл табысуында проблема тудыруы ықтимал. Батыс елдер мектептері мен қоғамын ойлаңдырып отырған проблеманың бірі де осы. Бұл – ұлттық білім жүйесі алдында отандық әлеуметтік әлеумет тәрбиесіне қатысты мәселенің бірі. Оқушыларды сыныптарға жіктеп отыруға бұқаралық мектептер де әуестеніп алды. Өз істерін алыс шет ел тәжірибесімен түспізірмек болды. Өмір шындығы және қалыптасқан дәстүрлер әрқелкі болғандықтан, көшіріп ала салғанның бәрі тиімсіз бола бермейді. Оның үстіне шеттен келген тәжірибенің байыбына да бәрі бара бермейді. Айталымын, оқушыларды білім деңгейіне қарап жеке сыныптарға топтау практикасының өткен ғасырдың елуінші және алпысыншы жылдарында бірқатар батыс елдерінде орын алғаны рас. Бірақ оның мақсаты – үлкен жеткіліксіз оқушыларды уақытша бөлектеп алып, арнайы толықтырушы бағдарламаны іске қосу арқылы озық сыныптар оқушыларымен теңеу болатын. Ол үшін толықтырушы бағдарлама мен әдістеме жасалып іске қосылды. Күтілген нәтиже – әртүрлі себептермен білімі жеткіліксіз болып отырған оқушылар арнайы көмектің көрсетілуі арқылы білімін көтеру. Ал қазіргі қазақстандық мектептердің тәжірибесінде базалық білімі жеткіліксіз оқушылар бөлек сыныпқа отырғызылады, бірақ олармен білімін толықтырушы бағдарлама теңеуші арнайы бағдарлама жасалмайды, іске қосылмайды. Сөйтіп, соңғылары екі рет шеттетілді. Жаңа оқитын және үлгілі құрбыластары жанында жүріп, соларға қарап есеуден, талпынудан, өз жағдайымен салыстыра отырып сын көзбен қарауға үйренуден, жанашыр құрбыларының көмегі мен қолдауымен «дұрыс» оқушылармен жұмыс жүргізетін неғұрлым білімді және тәжірибелі ұстаздар білім беруіне олардың ықпалы қамқорлығынан. Мұндай қолдан жасалған жіктеулер ондаған, тіпті жүздеген оқушылардың мектептен іздеп келген әділеттілік пен мейірімділікті, сапалы білімге апарар жолды таба қоймағаны сенім артқап ұстаздарының ол үшін дәрменсіздік танытқанын дәлелдейді.

Оқушылардың ұжым ішіндегі әлеуметтік-мәдени жіктелуінің үшінші түрін олардың сабақтан тыс уақыттағы мектептің қоғамдық, мәдени әрі дамытушы тіршілігі байқатады. Мектеп қауымдастығының ересектер жағы қоғамдық және мәдени дамытушылық мәні бар сабақтан тыс жұмыстарға және өзін-өзі басқару ісіне негізінен үлгерімі жақсы, өзі онсыз да оған бейім оқушыларды тартып, тағы да ондай іс-әрекеттерге әлі үйренбегендер мен жеткілікті ұйымдаспағандар тек көруші мен тыңдаушының қатарында қала береді. Егер білім (тәрбие, оқу және даму) дегеніміз әлеуметтік тәжірибе болатын болса, оқушылардың соңғы тобы тағы да өз тәжірибесінде дамудан шет қалды ғой?! Бәріне бірдей тәрбие және білім беруді сұраған қоғамдық, мемлекеттік тапсырыс ше? Әлде ол тапсырысты толыққанды орындауға «мұғалім» деп аталатын қауымдастықтың мұршасы келмеді ме немесе кәсіптік шеберлігі жетіспеді ме? Мұндай жағдайда мектептің әлеуметтік функциясының барлық бала, жасөспірім мен жас адам үшін бірдей орындалмай-тыны анық.

Мектептердің материалдық базасы мен техниклық, лабораториялық жабдықталуындағы және білікті оқытушы кадрлармен қамтамасыз етілуіндегі әрқелкілік те оқушыларының білімденуіне жасалған жағдайлардың тең болмауына, біліми-мәдени әрқелкілікке алып келеді. Өйткені, бірі жеткілікті жабдықталған пәндік кабинеттер мен лабораторияларда, техникалық және материалдық, спорттық, мәдени, әдістемелік қамтамасыз етілген мектепте оқыса, екіншісіне химиялық реакцияларды, физикалық заңдылықтарды мұғалім тек ауызбен баяндайды, оқу еңбегі жаттандылыққа айналады. Бәрінің білімдену құқығы тең болғанымен, мүмкіндіктері әртүрлі. Нәтижесінде барлық жас азамат алуға тиістісін дер кезінде алып, қоғамдық әлеуметтік ортаға өз құрбыларымен тепе-теңдік жағдайында еніп бара жатқан жоқ.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық даму стратегиясының қоғамның әлеуметтік әлеуетін бірінші кезектегі міндет етіп қоюы – мектеп оқушыларының әлеуметтік дамуын барынша өзекті мәселе етті. Қазақстан қоғамының әлемдік тегеурінді бәсекесіне лайық болуының шешуші алғышарты – оның азаматтарының бойындағы адамдық қасиеттері мен білімінің жоғары деңгейі. Ендігі әлеуметтік тарихи уақыт пен кеңістік жағдайында халықтың аз ғана тобының білімділігі аздық етеді. Білімділік пен жоғары мәдениеттілік бұқаралық сипат алуға тиіс.

Мектептің білімденуші субъектілерінің сұранысы үнемі зерттеліп, соның нәтижесіне негізделген ғана нақты тәрбиелік шаралар анықталып іске асырылуы керек. Біздің тарапымыздан 2003-2006 жылдары қала мектебінде іске асырған әлеуметтік эксперимент нәтижелері бұған көзімізді жеткізе түскен еді [4].

Мектеп директоры, шығармашылық топ және психолог пен әлеуметтік педагог, әлеуметтік қызметкердің өзара келісімі бойынша мектеп оқушылары үлгерімінің шындығын нақтылай түсу жұмысы жүргізілді. Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері берген мәліметтер есепке алынды. Оқу қызметі, оқушының оқу еңбегі барысында байқатқан іс-әрекетінің сипаты және олардың базалық білім шамасы назарға алынды. Сөйтіп, оқушылардың оқу еңбегіне қатынасы мен оның мотивтік қырларын бағалау үшін төмендегідей өлшем-көрсеткіштер басшылыққа алынды:

№1 Оқу ісіне ынтасы төмендер

№2 Білімдік базасы жеткіліксіз болғандықтан, нашар оқитындар

№3 Жақсы оқуға базалық мүмкіндігі бар болса да, ұйымдаспағандар

№4 Жақсы оқитындар

№5 Жақсы оқитын және ізденгіш, талаптылар

Бастауыш сынып балалары біртұтас объект етіп алынды. Басқа сыныптар бойынша мұғалімдермен ақылдаса отырып, бірқатар оқушылар үшін игерілуі проблемалық сипаттағы пәндер саналы түрде іріктеліп алынды. Оның қатарында жиі кездесетіні – математика, биология, тарих, қазақ және шет тілі, химия, физика, әдебиет, информатика т.б. пәндер бар. Мақсат – жақсы нәтижені тауып көрсету емес, керісінше, білім сапасына бөгет болушы факторларды табу. Сөйтіп, 5-ші сыныптан 4 пән, 6-шы сыныптан 5 пән, 7-ші сыныптан 9 пән, 8-ші сыныптан 8 пән, 9-шы сыныптан 10 пән, 10-шы сыныптан 9 пән, 11-ші сыныптан 5 пән бойынша оқушылардың білім алуға қатынасы зерттеу назарына алынды. Қажетті ақпаратты жинау кезінде пән мұғалімдері барынша жинақылық пен нақтылық көрсетті. Фактілерді өңдеп, жинақтау шығармашылық топ өкілдері үлесіне тиді.

Іріктелген пәндер бойынша жинақталған оқушылардың оқу еңбегіне қатынасының көрсеткіштерін анықтауға бағдарланған статистикалық ақпаратты жинақталып жүйеленді.

Жинақталған фактілерге қарағанда, бастауыш мектеп балалары білімі сапасы басқа сыныптармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Дегенмен, мұғалімнің қосымша күш жұмсауына негіз болатын себеп бұл ортада да бар екен. Бірен-саран баланың ынталылығы, біразының базалық даярлығы жетіспей бөгет болып тұрса, енді бірқатарына жинақылық пен іштей ұйымдасқандық жетіспейтін көрінеді. Сұранысқа сай арнайы бағдарланған жұмыс жүргізіп, балаларды байқалған кемшіліктерден ұстазы тезірек шығарып

алмаса, ондай қасиеттің созылмалы сипат алып, бірақола орнығып алуы, тіпті, өмірлік дағдыға айланып, жоғары сыныптарда да осы әдеттерден арыла алмауы әбден мүмкін.

Білім өзіне керек болса да, тереңірек білім алуға өздігінен жеткілікті ынта қойып, жігерлілік танытпау мұғалімнің оны білімдендіруге тырысқан еңбегін құмға құйылған судай етіп, көңілін де қалдырып, онымен қосымша жұмыс істеуге енді мұғалім тарапынан ынтасыздық тудыруы мүмкін әлеуметтік-психологиялық құбылыс. «Жасынан еңбек етуге үйретілмеген», «өзінің алдағы өмірінің мәніне назар аудару дағдысына айналмаған» жасөспірімдер деп бағалайық олардың мінез-қылығын. Бірақ та «мұғалім сабақты дұрыс түсіндірмеді», «сұрағанымға түсінікті жауап және мұғалім тарапынан түсінік таба алмаған сон тыңдауға да ниетім жоқ», деген жауаптың да табылуы ықтимал. Ынтаның жетіспей жатуының 8, 9, 10 сынып оқушыларының тарапынан көбейе түсуі пәндердің күрделене түсуімен байланысты ма әлде сезінгіш жасөспірімнің көңіліне қаяу түсіретін арақатынастар қырлары баршылық па? Назарға алынған пәндер бойынша ниетсіздік таныту фактісі барлық қайталанған фактілердің 13,8 пайызын көрсетіп тұр. Қалайда бұл оқушылар мектеп психологы тарапынан бірқатар көңілін жалдыратар, күдіктерден арылтып, ынта мен жігерді арттырар, қиындықты ақылмен, ізденіспен, еңбекпен жеңудің жолдарын үйретуші шаралардың іске асырылуына зәру балалар. Біздіңше, бірқатар педагогтардың өздері де сондай жасөспірімдермен сарпатталған педагогикалық-психологиялық жұмыс жүргізуге психологиялық бағдарлауды қажетсінеді. Психолог оларды балаға дағдылы қозғалыспен емес, жанаша қарауды, мүлдем басқа тиімді педагогикалық әдістерді пайдалануға бағдарласа. Қалай болғанда аталған бағдарысты жағдайдан оқушыны алып шығудың жолы ізделуге тиіс.

Базалық білімінің жеткіліксіздігі де сапалы білім алуға бөгет жасаушы ірі фактордың бірі болып шықты. Тағы да екі жаққа бірдей адамдық арабайланыстар мәселесі. Мәселенің шешілуі – жетпей тұрған білімінің себебі баланың өз еркінеп тыс жатқан факторлармен байланысты екен ұғынып, жетіспей тұрған базалық білімді оқушының өзімен келісе отырып, толықтырушы қосымша жұмыстар арқылы керек деңгейге көтеріп, теңеу жұмысының мұғалімдер тарапынан атқарылуы. Зерттеу барысында іріктелген пәндер бойынша жақсы оқушы қатарынан көрінуге бөгет болып тұрған қайталанған фактілердің 26 пайызын базалық білімі төмендігі алып тұр. Базалық білімінің өз деңгейінде болмауының себептері де әркелкі. Бірнеше тұйық мінезді, үлгерімі «орташадан» аспай тұрған оқушымен ауызба ауыз әңгімелескенімізде олардың шын көңілінен шыққан мынадай жауаптарды естідік: «мен бұғанға дейін ауылдағы шағын мектепте оқығанмын, басты себеп өтіп кеткен тақырыптарды менің нашар білетінімде деп ойнаймын; сабақтан тыс мұғалімнің қосымша жұмысына қала алмаймын, себебі менің асханадан тамақтанатын отыруға жағдайым жоқ; егер жақсы көмек болса, тырысып, жал-жақсы оқып кете аламын ғой деп ойнаймын; мұғалім сабақты тез түсіндіреді, ұқпай қаламын, қайталап сұрауға жасқанамын; сыныптағы жақсы оқитын балалар көмек көрсетсе мен тырыса аламын ғой деп ойлаймын; үйде даярланатын оқулығым жоқ».

In Artemyev's paper "The Search of Approaches to the Phenomenon of Man Studying through the Prism of the Unity of Sciences" the historical chronology of the development of the idea of unified science of man is summarized

Keywords: person, science, phenomenon

Увлекательный поиск ответов на вечно будоражащие вопросы: «Что такое человек?», «Откуда он пришел?», «Какова его роль в этом мире?» – берёт своё начало в глубокой древности. И вот уже несколько тысячелетий лучшие умы пытаются найти ключ к разгадке феномена Человека, но именно на этом пути Истина, как горизонт, удаляется всё дальше и дальше, а сократовская формула: «Чем больше я узнаю, тем больше понимаю, что знаю слишком мало» – наполняется всё более глубокой значимостью.

Не случайно выдающийся французский учёный-биолог и хирург-экспериментатор, лауреат Нобелевской премии Алексис Каррель в заглавии одной из своих книг вынес очень мудрые слова: «Человек – это незнакомец», тем самым как бы вспомнил о великом Канте, который ещё в XIX веке пришёл к выводу, что в философии существует всего три вопроса:

- Что я могу знать?
- На что я могу надеяться?
- Что я должен делать?

И покрываются они, как он писал незадолго до смерти в книге «Логика», одним вопросом: «Что такое человек?»

Большие надежды в познании, в том числе и Человека, возлагали на так называемую «единую науку». Проект такого знания был предложен немецкими романтиками. «Вся наука едина», – заявлял Новалис (Фридрих фон Харденберг). А его современник Фридрих Шлегель считал, что богом университетов должна быть энциклопедия, выступающая в качестве «Новой Библии», в которой синтезировались бы все достижения наук и искусства. И это было связано с тем, что в то время «в самом названии высшего учебного заведения – «университет» (universities literally translated) подчёркивалась идея существования единства всего научного знания и общности, объединяющей все отрасли науки, все специальности ученой деятельности» [1].

«Философский Прометей» Фридрих Шеллинг вообще считал, что подлинной наукой не может быть никакая-нибудь частная наука, а лишь единая, в ранг которой он возводил философию, то есть призывал вернуться к истокам. Именно она (философия), по его мысли, «есть непосредственное изображение и наука (самого пра-знания)» (об этом он писал в 1803 году в «Лекциях по методике академического изучения»).

Карл Маркс единство науки рассматривал сквозь призму естественно-исторического и социально-исторического бытия, т.е. через единство исторического познания, провозгласив, таким образом, единственной наукой, универсальной и всеобъемлющей, историю.

В XX веке идеи «единой науки» приобретают сторонников и новый импульс в программе так называемой «унифицированной науки» Венского кружка. Эта программа в дальнейшем получила название «стандартной концепции науки». В 1935 году проект «Международной энциклопедии унифицированной науки» был вынесен на обсуждение Международного конгресса научной философии, состоявшегося в

Париже. Было задумано выпустить 10 серий, включавших 260 монографий по логике и методике науки. За дело взялся Чикагский университет, но из 260 книг было выпущено лишь 19.

Безусловно, философско-методические поиски единых принципов научного знания сыграли положительную роль прежде всего в плане отыскания «объединяющих черт все расширяющегося полиморфизма научных теорий» [2], в обеспечении тесной связи и взаимодействия различных научных дисциплин, в том числе естественно, и в поисках подходов к изучению феномена Человека. Они не могли не привести и привели к идее комплексного изучения проблем Человека, ибо как справедливо заявил Пьер Тейяр де Шарден: «В человеке резюмируется всё, что мы познаём...» [3].

В России эта идея возникла ещё в первой трети двадцатого века, и принадлежала она сначала психологу и врачу Владимиру Бехтереву, а позже – писателю Максиму Горькому.

В середине 30-х годов М. Горький вокруг идеи Института Человека собрал вместе ученых, философов, врачей, писателей. Но только в 50-х годах, т.е. в период хрущёвской «оттепели», эта идея стала приобретать конкретные формы. Именно тогда под руководством академика П. Федосеева был создан научный Совет по комплексному изучению философских вопросов естествознания, где проблема человека вполне закономерно вышла на одно из центральных мест.

В 1988 году состоялся Всемирный конгресс на тему «Философское понимание человека», где советская исследовательская школа получила мировое признание. Это имело большое значение. Именно тогда был создан Центр науки о Человеке, а при нём – Институт Человека. Была сформулирована общая академическая программа «Человек, наука, общество: комплексные исследования», к которой активно подключились и академические институты союзных республик, в том числе и Казахстана.

И это был безусловный прорыв, ибо Человек и должен рассматриваться как система, с ее существенными характеристиками и критериями подлинности. Только диалектически конкретное, системно-комплексное исследование проблемы позволяет истолковать становление, социально-гносеологическое и морально-психологическое самоопределение личности как многоплановый, нелинейный, дискретный процесс, исторические корни которого уходят в далёкое прошлое.

Но при этом, как представляется, очень важно исходить из того, что к Человеку не могут быть в полном смысле применены рождённые в недрах рационализма формулы: «понять предмет – значит построить его» (Спиноза), понять – значит выразить в понятиях (Гегель) и другие того же рода.

Более реалистичны, на наш взгляд, констатации, одной из которых является вывод Михаила Бахтина: «Человек не может быть понятием». За этим выводом стоит понимание того, что логико-понятийная дискурсия носит вещный характер, она способна исчерпать в знании вещь, объект, но не субъект, ибо главное в субъекте не то, что выражает общность с другими субъектами, а то, что отличает его от них. Поэтому, по словам М. Бахтина, это – область открытий, откровений, узнавания, сообщений. *Здесь важна и тайна.*

К этому следует добавить, что хотим мы того или нет, но никакие теории единства науки не могут противостоять всё большей дифференциации науки, на основе которой и происходит «прогрессирующая систематизация научной деятельности» (Н. Овчинников). Иправ был А. Эйнштейн, когда писал: «Специализация во всех областях человеческой деятельности, несомненно, привела к невиданным достижениям, правда, за счёт сужения области, доступной отдельному индивидууму» [4].

И в наше время немало тех, кто принципиально против идеи комплексности. В частности, автор «Философской антропологии», известный российский учёный П. Гуревич пишет: «Кажется чего проще: объединим усилия философов, биологов, психологов, социологов – и получим иное обобщенное целостное знание о человеке... Однако комплексные усилия далеко не всегда приводят к глубоким и значительным достижениям. Это заметили уже многие отечественные специалисты, потерявшие интерес к синтезу накопленных сведений. Дело в том, что предпосылки и выводы различных конкретных дисциплин зачастую несовместимы. Если, скажем, экономика допускает, что человек способен к рациональному выбору, то психология исходит из того, что мотивы человеческого поведения в большей степени иррациональны. Социологи рассматривают человека как чрезвычайно пластичное существо, способное к различным общественным адаптациям. Психология в противовес данной установке ищет стабильные характеристики психики, которые обеспечивают постоянство поведения личности внутри любой эпохи. Биологи пытаются доказывать неизменность человеческой природы, историки же, наоборот, проявляют интерес к тому, как под влиянием культурных факторов преобразуется человеческое естество...» [5].

К этому следует добавить, что Человек есть множественность, имя которому легион малых и больших «Я» (Г. Гуджиев), а потому и существует множество его интерпретаций.

Поэтому, видимо, целесообразнее больше говорить не о единой науке о человеке как таковой, а обоб-

нам методологическом основании. И таким методологическим основанием науки о Человеке и человечестве в целом, безусловно, служит философская концепция Человека, т.е. философская антропология как особая сфера философского знания, ибо «философия, – как справедливо отметил в интервью газете «Вечерний Алматы» академик РАН, председатель международного редакционного совета журнала «Вопросы философии» В.А. Лекторский, – решает одни и те же на самом деле вечные вопросы, на которые невозможно дать окончательный ответ. Дело в том, что эти проблемы особые – они относятся к предельным основаниям жизни и деятельности, к универсальным способам вписанности человека в мир» [6].

Мы находимся в поиске ответов на вечно будоражащие человечество вопросы: «Что такое Человек?», «Откуда он пришёл?», «Какова его роль в этом мире?» А Истина пока, как сказочная Синяя птица, ускользает от нас, остаётся голубой мечтой, потому что на её Вершину нельзя взобраться, идя, во-первых, лишь по одной тропе: от того она и Истина!

А, во-вторых, как говорил Махатма Ганди, её нельзя познать, не изменив себя.

Но очень хочется верить, что человечество когда-то разгадает все тайны Человека!

1 Единство научного знания. – М.: Наука, 1988. – С. 5.

2 Новая философская энциклопедия в 4 томах – Том 2. – М.: «Мысль», 2001. – С. 2.

3 Тейяр де Шарден П. Феномен Человека. – М.: Наука, 1987. – С. 220.

4 Эйнштейн А. Собр. научн. трудов. – Т.14. – М., 1965. – С. 326.

5 Гуревич П. Философская антропология: учебное пособие. – М.: Изд-во «Вестник», 1997. – С. 18-19

6 Газета «Вечерний Алматы», №124, четверг, 3 октября 2013. – С. 26.

УДК 070 (574)

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ: ҰЛТ ТАРИХЫН ЖАЗУДАҒЫ ЖАҢА ҮРДІСТЕР

Ж.Кенжалин – с.ғ.к., «Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры, Редакторлар кеңесінің төрағасы

Мақалада Қазақстан тарихын зерттеу-зерделеу мәселесіне байланысты еліміздегі БАҚ-тың атқарып отырған ролі туралы баяндалады. Әсіресе, қазақ баспасөзінің ұлт тарихы тақырыбын жазудағы тәжірибесіне назар аударылады.

Тірек сөздер: ұлт, тарих, баспасөз

В статье рассматриваются вопросы о роли республиканских СМИ в изучении и освещении истории нашей страны. Особый акцент сфокусирован на опыте и работе казахскоязычной прессы по этой тематике

Ключевые слова: нация, история, пресса

In the article there are considered the issues of a role of republican mass media in studying and broadcasting of our country's history. Special emphasize is focused on the experience and activities of kazakh language press on this topic.

Keywords: nation, history, press

Алаш жұртына арнаған Жолдауында Елбасы Н.Назарбаев былай деді: «Қазақ Елінің Ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» Олай болса, Мәңгілік Елдің бүкіл рухани әлемі: әдебиеті мен мәдениеті, тарихы мен сол тарихты зерттеп-зерделеп ұрпақтан ұрпаққа табыстап жатқан ғылымы мен ілімі де мәңгілік. Ал осының бәрін жалпақ әлемге жария етіп, үлкенді-кішілі дуалы ауыздың мәртебелі мінберіне айналып отырған – баспасөз. Енді мәселеге нақтырақ келейік.

Ұлт тарихының соқтықпалы-соқпақты ұлы жолы қоғамдық дамуымыздың қай-қай кезеңінде де үнемі көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар назарында болған. Алаш өркениетіне озіңдік үлес қосуға ұмтылған тарихшыларымыздың әр ұрпақ өкілі өзінше байлам жасады. Олар Ата Тарихтың толғаулы кезеңдері туралы ой топшылап, әлеуметпен пікір бөлісті. Сол пікірлердің дені мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып, қалың қауым кәдесіне асқаны тағы шындық. Демек, қазақ баспасөзі ұлт тарихының шежірешісі, Алаш тарихының айнасы болды десек те артық айтпағандық деп білеміз.

Осы тұрғыдан келгенде өткен ғасырдың алғашқы жиырма жылында ұлт санасын оятуға қажымай, талмай күрескен «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа», «Алаш», «Серке», «Қазақстан» сынды басылымдардың тарихи рөлін атап айтпасақ болмайды. Мәселен, «Қазақ» газеті өзі тұсау кесіп, алғаш шыға бастаған кезінде-ақ «Қазақтың тарихы» деген тақырыппен екі рет мақала жариялап, оқырманмен ой бөлісті.

Желішек күннің қандан болашағын білуге тарих анық құрал болады. Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын білмесе, оның артынына өзі де жоғалуға ыңғайлы боп тұрады», – деп жазады Түрік баласы дейтін автор.

Осы автор келесі бір мақаласында: «Бөтен жұрттар қатарында ала-бөтен біздің қазақ халқының асылы

тексеріліп, тарихы жазылған жоқ. Бүгін Азия картасының төрттен біріне ие болып отырған қанша миллион қазақтың тарихы комескі қалыпта қалып тұрған жайы бар», – деп елінің ертеңіне елсидеп, сол бір кезеңнің ашы ақиқатын тағы жазады /2/.

Осынау олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Қазақ» өзінің әр нөмірінде А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ө.Бөкейхановтың ұлт тарихына-тағдырына қатысты сүйекті мақалаларын жариялай бастайды. Мәселен, М.Дулатов «Тарихи жыл» деген мақаласында Қазақ елінің әр-бергі тарихынан деректер беріп, қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік кезеңнен «Ақтабан шұбырынды» туралы, Қазақстанның Россияға бағынуы, 1868 жылғы «Уақытша Ереже», 1916 жылғы Қазақстандағы Ұлт-азаттық көтерілістің басталуы туралы тарихи құнды деректер жариялайды./3/ Ө.Бөкейхановтың «Қазақ-та» жарияланған 200-ге жуық мақалаларының ішінде төл тарихымызға қатысты дүниелердің орны ерекше. Атап айтқанда, оның Том губерниясында, Алтай округінде тұратын қазақтардың тарихынан мол деректер жазып қалдыруы, Семей, Ақмола, Торғай, Каспий сырты, Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарканд облыстарында тұратын халықтардың тарихы, салт-дәстүр, шаруашылығы туралы жазған ой-толғамдары кейінгі зерттеушілер үшін мол мұра болып қалғаны анық.

Ел зиялыларының осындай сүбелі туындыларын «Айқап» журналының да беттерінен кездестіруге болады. Мәселен, М.С. деп қол қойған автор журналға хат жазған Е.Дүйсенбайұлының пікіріне сүйене отырып «Аталардың үлгі боларлық ісі болса, қолға ұстап, залалды істер болса, ол істі енді істемей тастау үшін» деп өз ойын сабақтайды /4/. Осындай ойдан ой туындаған басылым қазақ тарихына қатысты мақалаларды жиі жариялауды мықтап қолға алған. Мәселен, «Қазақ қай заманда Россияға қосылған», «Қазақ шежіресі», «Абылай» деп аталатын мақалаларда ұлт тарихына байланысты ой-гүерлік пікірлер берілген.

Жиырмасыншы ғасырдың 20-30 жылдарында, сондай-ақ 40-50 жылдарында Қазақстан тарихына байланысты ел құлағын елеңдеткен жиындар өтіп, жекелеген тұлғалар тағдырына қатысты мәселелер қаралған. Ал олардың бәрі-дағы кезінде баспасөз беттерінде жарияланып, мерзімді басылымдар қоғамдық ой-тоғысының мінберіне айналғаны мәлім.

Мәселен, мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың «Красный Казахстан» журналында жарияланған мақаласы (1926 жыл, №1) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің ел тарихында алатын орнына арналса, осы материал жекелеген азаматтар тарапынан қилы-қилы пікірлер тугызған. «Коммунистическая мысль» журналының бас редакторы И.Меницкий, Түркістан аймағының партия қызметкерлері Е.Федоров, П.Галзуо т.б. мақалаға орай өзіндік пікірін жазған.

Баспасөз беттеріндегі пікірталастарды зерттей отырып Т.Рысқұлов Қазақстан тарихында 1916 жыл тақырыбы әлі жете зерделенуі керектігіне назар аударған /5/. Ал «Түркістан революциясының тарихы» деген мақаласында ақиқаттың өңін теріс айналдарып қалың оқырман қауымды әрі-саріге салып қоятын «тарихшылар» туралы ойын ортаға салады. Ол Н.Борисов дегеннің «Түркістандағы Октябрь» атты мақаласындағы өрескелдіктерді батыл сынға алады /6/. Т.Рысқұлов автордың жағдайдың мән-жайына қанықпай үстірт байлам жасайтынына қынжылады. Оның үстіне Н.Борисовтың бұл мақаласындағы жәйттар Сафаровтың «Колониялды революция» деп аталатын кітапшасынан айна катесіз көшірілгендігін дәлелден жазады.

Сөйтіп, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ қазақ зиялылары ел тарихына аса жауапкершілікпен қарау керек екендігіне айырықша назар аударған. 40-жылдары қазақ тарихын зерделеуге қатысты мәселелер талантты тарихшы Ермұхан Бекмахановтың есімімен тікелей байланысты болды. 1938 жылы Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты орта мектеп оқушылары үшін Қазақ КСР тарихын бастырып шығаруды жоспарлайды. Бұл шешім шыққанымен үш жыл бойына осы оқулықтың бірде-бір парағы жазылмаған. Себебі: оны жазып, баспаға өткізетін бірде-бір маман болмаған. Өйткені, қазақ зиялыларының ішінен осы мәселемен айналысады-ау дейтін тұлғалардың бәрі дерлік 1937-1938 жылдардағы зұлмат кезінде Сібірге айдалған, түрмеге отырғызылған /7/.

Ал бірақ қалайда «Қазақ КСР тарихы» жазылуы керек. Осынау бір жағынан абыройлы, сонымен қатар жауапкершілігі зор жұмыста Н.М. Дружинин, А.М. Панкратова секілді орыс ғалымдармен қоса талантты жас тарихшы Е.Бекмаханов та бшек сыбана кірісті. Кітаптың XIV тарауы «Кенесары Қасымовтың қолбасшылығымен қазақтардың азаттық жолындағы күресі (1837-1847 жж.)» деп аталды да оны Е.Бекмаханов жазды. Кейін бұл тарау кеңейтіліп, ғылыми диссертациялық жұмысқа айналды. 1947 жылы тарихшы Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабы орыс тілінде жарияланды. Кітап баспадан шығысымен-ақ тырнақ астынан кір іздегендер Мәскеуге ВКП (б) Орталық Комитетінің Насихат басқармасына, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетіне, «Правда» газетіне, «Большевик» журналына арыз-шағымды қардай бората бастады. Сөйтіп, зиялы қауым арасында теке-тірес басталып, тарихшылар жүз шайысуға дейін барған қып-қызыл дау өршіді.

Бұл даудың бір канатында қазақ тарихнамасының шын мәніндегі жоқшылары болса, ал екінші канатында жеке шамшылдық мүдделерінің жетегінде кеткен кеңестік әсіресаясаттың қоламтасын көсеушілер бой көрсетті. Біз жоғарыдағы деректерді не үшін оқырман қаперіне салып отырмыз? Басы ашық бір ақиқат бар: ол – тарих, тарихнамә мәселерімен айналысу өте абыройлы да беделді іс, сонымен қатар оның жауапкершілігі де жоғары.

Осы тұрғыдан келгенде 2013 жылғы бесінші маусым күні Астана қаласында өткен зиялы қауым өкілдерінің бас қосуы көптеп көкейде жүрген мәселелердің шешім табуына түрткі болды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты еңбегінде «Тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабалардың ұлағатты өміршең алар гәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз» деп атап көрсетті /8/

Осы бағытта атқарылатын сан-қырлы жұмыс Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомстволық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында тарқатыла баяндалды. Бұл алқалы жиында еліміздің тарих ғылымының алдында үлкен сынақ тұрғанына баса назар аудару еді. Сонымен қатар, ол сынақ рухани-әлеуметтік саладағы атқарылатын жұмыстардың өлшемі болатындығы атап көрсетілді. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында – халық» деген атпен жарияланған еңбегі аясында тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасын жасау керек екендігіне назар аударылды.

«Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты ретінде, – делінді жиында, Қазақстанның тарих ғылымының алдында катарда әдіснама мен әдістеме арқауында сапалық секіруді жүзеге асыруына жағдай жасауды, қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту; ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қашықтастыруды; Қазақстанның 20 жылының мәнін панымдауын айтуға болады» /9/

Осы міндеттер ауқымында республикалық БАҚ тарапынан атқарылатын жұмыстар легі де менмұнда-лағаны сөзсіз, республикамызда шығатын мерзімді басылымдар ел руханиятындағы осы бір оқиғаға айырышқа назар аударып, мәселенің мәнісін жете түспідіре байыптау бағытында билек сыбана кірісіп кетті. Осы ыңғайда аға газет «Егемен Қазақстан» өзге әріптестеріне жөн жосық көрсетіп келеді. Газеттегі академик М.А. Асылбековтің «Отан тарихы туралы ой», С.Дүйсеннің «Ортақ ұстанымнан ұтылмаймыз» («Егемен Қазақстан» 18 маусым, 2013 ж.), деп аталатын мақалаларында бүгінгі таңда тарих ғылымы алдында тұрған өзекті мәселелер ортаға салынған. Академик М.А. Асылбеков газет оқырмандары енді не істеуі керек деген сауал тастай отырып, өзіндік ұсыныстарын ортаға салады. Автор республика көлемінде тарихқа көзқарас жаңаша сипат алған кезеңде С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан тарихы кафедрасының жабылып жатқанына наразылық білдіріп, аға газет арқылы мәселе көтерді. Сондай-ақ оның тарих ғылымы мамандарын даярлаудың өзеккерді мәселелерін күн тәртібіне қоюы көкейге қонады.

Ал С.Дүйсеннің Отан тарихының әр дәуірін зерттейтін ғалымдардың кәсіби біліктілігіне қарай сапалық құрамын ынықтау керек дейтін пікірі де орнықты. Ғалымның тарих оқулықтарына қатысты ойлары да назар аударарлық.

Өткен 2013 жылы республикамыздың ақпарат құралдары төл тарихымызды түгендеу, саралау оны өзеккерді мәселелерін ортаға салу ыңғайында қыруар жұмыс атқарды деп есептеуге болады. Тіпті, осы мәселеге Ресей ғалымдары да үлес қосуға дайын екендіктерін білдірген деректер бар. Мәселен, Мәскеу мемлекеттік университеті тарих факультетінің деканы, ақпараттық-сараптамалық орталықтың директоры А.Власов өзінің сұхбатында: «Қазақстан мен Ресей тарихшылары арасында интеграциялық байланыс орнықса екі еллі ашықтататын емес қайта олардың арасын жақындататын деректерді ортақ олжаға айналдыруға болар еді» – дейді /10/. Бұдан әрі ол тарихты қайта зерделеу үрдісінде ежелден бір-біріне достық қолын созған қазақтар мен орыстардың ғаламдық өркениеттегі жолына шынайы көзқараспен баға беріп, тағылымдық тұстарын ортақ игілікке айналдырудың тәсілін қарастыру керек деген ой өрбітеді.

Сонымен қатар А.Власов тағы бір мәселені ортаға салады «Қазір ТМД кеңістігіндегі елдердің бірсыпырасы ұлттық тарихын қайта зерделеуге көшті. ТМД елдері тарихы соғыс өрті жүріп өткен елдімекендердің сыртқы көрінісін еске түсіреді. Себебі, тарих ерінбегеннің ермегіне айналып кетті. Саясаттанушылар да тарихшы, журналист те тарихшы, тіпті әдебиетші де тарихшыға айналды. Бұл қоғамды адастырады. Ғылыми тарих тек ақиқатқа ғана сүйенуі тиіс. Бұл ретте Қазақстан мен Ресей тарихшылары ортақ проблемаларымен бетте-бет келіп отыр» дейді ол.

Бұл – ойлауға тұрарлық пікір. Осы тұста мына бір мәселені де ойға алмасқа болмайды. Еліміздің егемендігінің аяғашқы жылдарынан-ақ еліміздің төл тарихымызды түгендеу үдерісі жалпай қолға алынғаны рас. Соның нәтижесінде тарихтың қойнауында қалып кеткен, тіпті қасақана ұмыттырылған есімдер тарихи жағдаяттар мен оқиғалар және оған қатысты тұлғалардың аттары жалғанның жарығына шықты. Олардың атын, ерлігін ұлықтау, есімін әспеттеу мақсатында қыруар жұмыс атқарылды. Бұл ауқымды

шаралар ел көлемінде жүргізілді, оған бойында ұлттық рухтың иненің жасуындай болса да ұшқыны бар азаматтар үлес қосты. Соның арқасында сұркия саясаттың салдарынан тарих беттерінен қасақана сызылып тасталған кісілердің есімі ұрпағымен қайта қауышты. Ал осы халықтық шаруаның көбі, әрине, журналистердің, әдебиетшілердің, саясаттанушылардың қажымай-талмай жүргізген ізденісінің арқасында болып отыр. Есесіне кәсіби тарихшылар, деректанушылар, әлеуметтанушылар, міне осынау қыруар қазынаны қайта ой қазанына салып қорытуға ғылыми негізденуге міндетті еді. Сонда мәселенің сорпасы қайсысы, көбігі қайсысы деген сауалға жауап өзінен өзі шыға келеді.

Ойымызды түйіндей келе айтарымыз әңгімені мәселенің мәніне бойламай тұрып біржақты бұра тартуға болмайды. Осы мәселені өрбіткен «Ана тілі» газетінде тәп-тәуір мақала жарияланды. Мақала авторы Забира Мырзатасва «Айтылған тарих» деп аталатын мақаласында Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығында атқарылып жатқан мәселелер төңірегінде сүйсіне баяндайды. ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор М.Қойгелдиев осы орталыққа жетекшілік ете отырып өз магистранттарымен, докторанттарымен тарих айту дәстүрін жаңғыртып, Отандық тарих ғылымын дамытудың қазіргі уақыт талабына сай зерттеу ісін қолға алғаны айтылады. Осындай бір сүйсінерлік дерек Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Светлана Смағұлованың сұхбатында көрініс тапқан /11/. Ол Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданына барған экспедициялық сапары кезінде осы өңірде 1900 жылы туған қазір 114 жастағы Нұркия Зейіндіқызымен кездескенін, одан естіген әңгімесін таспаға түсіріп, кейін мұрағаттық жазбалармен салыстырғанда деректер бірімен бірі дәлме-дал келетіндігін сүйсіне айтады. Міне, «Айтылған тарихтың» қажеттілігі.

Ұлттық тарихымыздың қатпар-қатпар мәселелерін жалғанның жарығына шығару бағытындағы үрдіске «Қазақ газеттері» ЖШС-не қарасты бірқатар басылымдар білек сыбана кірісіп, қыруар жұмыс атқарып деуге болады. Мәселен, «Ана тілі» газетіндегі республикалық Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы Бүркіт Аяғанның «Ұлы даланың иесі де киесі де көшпенділер» деп аталатын мақаласында ғылыми айналымға түсуге тиіс бірқатар мәселелерге назар аударылған. Онда біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі Сібірден Үндістанға дейінгі алып жатқан мемлекеттердің дамуында 2000 жыл бойы елеулі рөл атқарғандығы жөнінде нақты деректер негізінде баяндалады. Осындай оқырман олжасы болатын мақалалардың қатарына ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі профессор Бақтияр Смановтың «Жырым жазылған тарих» атты дүниесін атап өтуге болады /12/. Мұнда айтулы ақын Қалыбай Мәмбетұлының академик Н.Василовский жарыққа шығарған дастаны туралы кеңінен баяндалады.

Осындай қалың оқырманның рухани қажетін өтейтін мақалалар «Ақиқат», «Мысль», «Үркер» журналдарында және «Экономика» «Ұйғур аязы» газеттерінде де жарияланды. Мәселен, «Ақиқат» журналының оқырман қауымынан лайықты бағасын алып келе жатқан «Келелі кеңес» деп аталатын айдары бойынша жарияланған мақалалардан көкейге қонымды көптеген мәселелер ортаға түсетіні рас. Журналдың 2013 жылғы №8 санында «СССР-дің күйреуі қазаққа ұлт ретінде тигізген пайдасы мен зияны» деп аталатын дөңгелек үстел басындағы сұхбат оқырман қауым тарапынан лайықты бағасын алды. Жұрт назарын аударған жарияланымдар қатарынан О.Қауғабайдың «Ақтаудың Шевченко ағалу тарихы» («Экономика» газеті 27 маусым, 2013 ж.), М.Ұйықбаеваның «Ұлттық мәдениет және тарих» («Мысль» журналы №8 2013 ж.), Б.Қойшыбаевтың «Ұлттық мемлекетті тәрбиелейтін тарих қажет» («Үркер» журналы №9 2013 ж.), А.Камаловтың «Тарихсыз болашақ болмайды» («Ұйғур аязы» газеті 2013 ж.) деп аталатын материалдарын атап өтуге болады.

Тарихты зерттеу – мұражайлар мен мұрағаттарда, кітапханаларда тапжылмай отырып атқарылатын шаруа деп қана түсінсек, бұл мәселеге бір ғана қырынан келгендік болар еді. Ұлт тарихының алтын көмбесі ел-елден, жер-жерден табап тоздырын іздегенде ғана кезітетінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Осыдан біраз жыл бұрын «Ана тілі» газетінде «Елді сүю – мақтаныш» деп аталатын мақала жарық көрді. Онда журналист А.Исламбек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанынан құрылған «Қазақ елі» студенттік ғылыми-экспедицияның атқарған жұмысын жазады. Осы экспедиция мүшелері Маңғыстау, Қызылорда, Семей өңірлеріне сапарға шығып, жас ғалымдар елді мекендердегі халықтың тұрмыс-тіршілігімен салт-дәстүрімен, тарихымен танысып, анкеталық сауалнамалар, фокус-топтар ұйымдастыру арқылы «Қазақстан халқының тарихи семиотикалық құндылықтар саласын» жасауға үлес қосқан /13/.

Осы ыңғайда аталған газеттегі «Матенадаран және қыпшақ тіліндегі қолжазба» деп аталатын мақаланы да журналист ізденісінің табысы деп айтар едім. Мақала авторы республикамызға белгілі қаламгер С.Ибраһим Армян қолжазбаларының көмбесі аталған Матенадарандағы армян қарпімен қыпшақ тілінде жазылған біздің ұлы мұрамыз туралы молынап толғап, тиянақты жұмыс бітіріп оралған /14/.

Мақаланың құндылығы армяндар тарапынан атқарылап жатқан қыруар жұмысқа қазақ ғалымдарының қимылы үндес болуы керек деген мәселені күн тәртібіне қоюында.

Тарих бір күнде жазылып, құрышталып қолға ұстата салатын дүниес емес. Сондықтан оның сан қырлы, сан салалы шаруасына шаршамай, шалдықпай ыныдамдылық көрсеткендер ғана мұратты іске жетеді. Осынау мәртебелі жұмыстың бір тұтқасын қазақ баспасөзі абыроймен көтеріп келе жатқаны қуантады.

- 1 «Қазақ». «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. - А., 1998 ж. - 15-16 бб.
- 2 «Қазақ». «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. - А., 1998 ж. - 19 б.
- 3 «Қазақ». «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. - А., 1998 ж. - 447 б.
- 4 «Айқын». «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. - А., 1995 ж. 1-28 бет.
- 5 Рыскулов Т.Р. «Избранные труды» - А., Казахстан 1984. - с. 37.
- 6 Рыскулов Т.Р. «Избранные труды» - А., Казахстан 1984. - с. 84.
- 7 Сәрсекеев М. «Бекмаханов» М., Молодая гвардия, 2010 с.89
- 8 Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Ақиқат, 2013. №1, 27 б.
- 9 Тарих талқынында – халық. «Егемен Қазақстан» 6 маусым, 2013 жыл
- 10 «Ресей тарихшылары бірлесіп жұмыс істеуге дайын» // «Айқын» газеті 20 тамыз, 2013ж.
- 11 «Мәңгілік Елге айналу үшін тарихымызды түзеу керек», // «Айқын» газеті 29 қаңтар, 2014ж.
- 12 «Жырмен жазылған тарих», // «Ана тілі» газеті 18-24 шілде, 2013ж.
- 13 «Елді сүю - мақтаныш», // «Ана тілі» газеті, 6-12 ақпан, 2014ж.
- 14 «Матенадаран және қытай тіліндегі қолжазба», // «Ана тілі» газеті, 21-27 қараша, 2013ж.

УДК 821.512.122.0

Ғ.ҚАРАШТЫҢ «ЕКІ БАУЫРҒА» АТТЫ ӨЛЕҢІНДЕГІ ЖАЛПЫТҮРКІЛІК ИДЕЯ БАСТАУЛАРЫ

Б.М. Аташ – философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы

Бұл мақалада Ғұмар Қараштың «Екі бауырға» деп аталатын шығармасындағы негізгі идеялар талданады, жалпы түркілік идеяның бастапқы нышандары ашып көрсетіледі.

Тірек сөздер: Ғұмар Қараш, идея, түркі

В данной статье анализируется основная идея Гумара Караша в произведении «Екі бауырға», раскрываются первоначальные истоки общетюркских идей.

Ключевые слова: Ғұмар Қараш, идея, түркі

This article analyzes the main idea of the work Karasha Gumara «Ikki bauyrğa», reveals the origins of the obsetürkskih original ideas.

Keywords: Gumar Karash, idea, Turkish peoples

Ғұмар Қараш XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың айтулы ойшыл тұлғаларының бірі. Ол публицист, ақын, ағартушы, діндар және кәсіби деңгейдегі философ деп те айтуымызға болатын жан иесі. Біз осы орайда, оның философиялық көзқарастарына шолу жасап отпекпіз.

1916 жылғы «Қазақ» газетінің 29 ақпандағы 171 номерінде жарық көрген «Екі бауырға» деп аталатын өлеңі де кең дүниестаным мен парасатты пайымдауларды жинақтаған туынды. Бұл шығарманың мазмұны «Қазақ» газетінің соңғы кездегі жинақталған материалдарында негізінен қазақ пен татар елінің арасындағы достық қарым-қатынасқа негізделген, сол дәуірдегі екі ұлыстың өзара бірлікте болуы мен бір-бірін құрметтеуі туралы болып келеді деген түсіндірмелер берілген [1,503 б.]

Өнер туындылары, оның ішінде әдеби туындылар көп жағдайда белгілі бір кездегі заман шындығын немесе нақты қандай-ма бір оқиғаға қатысты болып келетіндігін ескерсек, бұл пікір де ақылға қонымды, себебі, өлең шығаратын шығармашылық шабыт үшін белгілі бір қозғаушы көңіл-күй мен түрткі болуы тиіс. Ал оның көркемделуі мен жалпылама байланыстырушы ойлары, идеяларын дәйектейтін негізде-лері қашанда да философиялық толғаныстарға толы болып келеді.

Татар мен қазақ арасындағы қатынастар XIX ғасырда қайтадан жаңа және жағымды белестерге көтерілді. Бұл, біріншіден, саяси арнада – Ресей отаршылдығының астындағы тұншыққандардың мүдде бірлестігі, ерікті миграция мен еріксіз қоныс аудару нәтижесінде татарлардың батыс Қазақстан жеріне қоныс аударуы; екіншіден, рухани-мәдени сала бойынша – мұсылман дінінің сол кезеңде қайтадан қуат алып, бұл діннің Ресей мұсылмандары арасында өркендеуі де осы татар миссионерлерінің қазақ даласына

ықпал етуімен байланысты болып келуі, Татарстан қалаларындағы сол кездегі оқу орындарының көптеп ашыла бастауы және онда қазақ жастарының білім алу беталысының пайда болуы, үшіншіден, тарихи тұғыдан – байырғы аймақтық геосаяси қоршылық, түбі бір түркілік терең туыстық және осыдан туындайтын тіл, діні, салт-дәстүр сияқты ұлт болмысының сәйкестенуі т.б. байланысты болып келеді.

Осы екі ел арасындағы мәдени-рухани-саяси байланыстардың орнығуының басты объективті негіздерінің бірі де туыстыққа келіп саятындығын ескерсек, өлеңнің атауы да қазақ дүниетанымындағы «бауыр» деген өзіндік бір этикалық және кәсіпкерлік ұғыммен берілгендігін аңғара аламыз.

«Бауыр» концепті ретінде ұлттық таным-түсінікте: қандастық, ағайындық, туыстық деген мағынаны беріп қана қоймайды, түпмәні екі жақ арасында қайырымдылық пен өзара түсінушілік, сыластық пен құрметтеушілік болса екен деген ниет қана емес, болуы тиіс, ол міндеттелген парыз болып шығатын биік гуманистік тұғырды айқындап береді. Бұл концепті ауыспалы мағынасындағы эмоционалды-рационалды ұғым бола отырып, ешқандай ұлттың философиясына ұқсмайтын қазақтың тол дүниетанымындағы өзіндік бір этикалық категорияның практикалық нәтижесі іспетті болып келеді. Нақтырақ айтқанда, адам ағзасындағы мүшенің атауы, оның иелікпен адамгершілік қатынастарға қарай ойысқандығы айқынсыздау. Мүмкін, «органикалық бауыр» мен «этикалық бауыр» түсінігінің арасында өзіндік бір байланыстар да бар шығар. Бірақ бұл әзірге жаратылыстану ғылымдары бойынша дәлелденбеген құбылыс. Халқымызда, әсіресе, құдалар арасында «өзара құйрық-бауыр жегізу» деген салт бар. Мұның мағынасы – тағамның дәмділігінен гөрі, өзара бауыр-туысқан болдық, осы өміріміз әрі қарай жалғаса берсін деген ниетті белгілеп береді. Яғни, жоғарыда атап өткен туысқандықтың шынайы өз мәнінде бір-біріне қамқорлығы мен мүлтіксіз сыйластығы, бір-біріне жәрдем берушілігі т.б. халықтық пайымдауларда «бауырмалдық» деген жалпы үрдіспен тиянақталады.

«Бауыр», «бауырмалдық» ұғымдары тек жалпы алынған абстрактілі түсінік емес, адамгершілік қатынастардың биік шыңы, гуманизмнің жоғарғы сатысы десе де болады. Егер тек құр туыстық қана сақталып, қарым-қатынас деңгейі өз дәрежесінде болмаса, онда ол «бауырластық» аясына енбейді де, жаңа ғана «ағайыншылық», «туыстық» деген сияқты мағыналармен шектеледі. Ендеше, осындай өзара «қанберушілік» бірлік – «бауыры елжіреп кетті», «ой, бауырым-ай» деген сияқты терең мағыналы сезімдік толғаныстарды білдіретін тіркестермен айшықталып келеді, бұл бүгінгі күні де сақталып отырған кәсіпкерлік деп те айтуға болатын құбылыс. Яғни, «бауыр» концептісінде маңызды екі құбылыс бар: генетикалық қандастық – табиғи-биологиялық және өзара құрметтеушіліктің ең биік шыңы – психологиялық-әлеуметтік. Яғни, «бауыр» табиғи құбылыстың өзін, ал «бауырластық» ондағы әрекет пен нәтижені береді, формальді логикалық тұрыдан алғанда субъект-предикат қатынасына сәйкестенеді.

Қазақ халқының терең дүниетанымы бауыр мен бауырластықтың аясын кең көлемде таниды. Сондықтан, оның жалпы мен жеке қатынасы бойынша шеңберлерін былайша сипаттап беруімізге болады. Түпнегізі – бір жанұядағы аға-іні, ала-қарындас және әке-шеше, екінші сыртқы шеңберде – олардың арғы аталарының өкілдері арасындағы қатынас, үшінші сыртқы шеңберде – руластар мен ауылдастар арасындағы байланыс, төртінші одан да сыртқы шеңберді – аймақ пен жүз, бесінші сыртқы шеңберде – тұтас қазақ халқының бірлігі, алтыншы сыртқы шеңберде – түркі халықтарының негізі арқылы топтасу. Жетінші сыртқы шеңберде – жалпы мұсылмандық ресми емес қауымдастық, сегізінші сыртқы шеңберде – шығыс халықтарының геосаяси тұрғыдан ортақтығы, тоғызыншы және соңғы бәрін қатитын шеңберде – тұтас жалпы адамзат қоғамы. Мысалы, Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», - деген толғанысы осы ең жалпы шеңбердегі этикалық ұстанымды қуаттайды. Ендеше, Ғұмар Қараштың «Екі бауырма» түсінігінің мазмұны түркілік және мұсылмандық туыстыққа негізделген десек те болады. Демек, бұл өлеңнің саяси-идеологиялық қырынан гөрі философиялық мазмұны мен негіздемесі басымдау екендігін аңғара аламыз: «Жік салмай, екі бауыр араңызға, Төртегі байқап қара анаңызға, Айырмай қала, дала тисе тиер, Сыбаға ұраны бір қараңызға». Бұл жердегі «ұраны бір» деген ұғымның түпмағынасы, қазақ халқының бұрыннан әр руының өзіндік туы мен таңбасы, ұраны сияқты рәміздері болғандығына келіп саяды. Демек, «ұраны бір» бірдей ұранды, бір рудың, бір атаның балалары дегенді білдіреді. Ал «ұран» – белгілі бір рудың көп жағдайда, арғы ата-тегінің есімі немесе жалпы бір ортақ мәмілеге келген өзіндік ашық «пароль» іспетті, өмірлік кредосының қысқаша атауы және тұрмыстық қолданыста кәсіпкерліктің әйгіленетін жарияланатын, мақтанышпен аталатын сол қауымдастық бірлігінің куәсі іспетті атау. Ол жауға шапқанда, аруақ шақырғанда, ру бірлігін анықтауда т.б. жағдайларда қолданылатын саяси-әлеуметтік мағынасы бар ұмытылуы тиісті емес кәсіпкерлік концепті болып табылған. Яғни, жер дауы өршіп тұрған XIX ғасырда татар мен қазақ жері іргелес жатқандықтан, екеуі де өздеріне тиіссіз үлестерін алуы тиіс еді, шындығында, бұл үлес көп жағдайда, арнайы шекара ретінде белгіленбесе де, жайылым, қала салу, егін егу үшін Ресейдің ықпалы арқылы анықталатын еді. Бұдан бұйырылған сыбағаны екеуі өздігінше келісім-

мен бөліп алуы тиіс. Ғұмар Қараштың «Айырмай қала, дала тисе тиер», - деп отырғаны бұл жерде осы жайт болса керек. Мысалы, кезінде Ноғай хандығы құрылып, айтарлықтай аумақты алып жатқан шекара бойынша белгіленген жер тарам-тарам болып, осы XIX ғасырда жоғалып тынды. Сәйкесінше, ноғай хандығы ыдырап, халқы әр жаққа шашырап, бүгінгі күні ол да халық ретінде жер бетінен жойылудың аз-ақ алдында. Міне, XIX ғасырдағы жер мәселесінің ушығып тұрған шағы және болістің нәтижесі қайда апарып соқтыратындығын жетс түйсінген екі халық та, бұл мәселеде аса қобалжулы болғандығы түсінікті жайт. Осы қобалжу бірте-бірте өзара жерге талас пен саяси-әлеуметтік кикілжіңдерге айналуы ықтимал немесе бауырлас екі халықтың бұқарасының арасында да бірін-бірі жеккөрушілік туызуы мүмкін. Бұл тұстағы ақынның философиясының болжампаздығы осындай саяси мәселелердің болашағын толғауға келіп тіреліп тұр десе де болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында тек шекара үшін дала бөлінісі ғана емес, қала бөлінісі де орын алғандығына тарих куә. Мысалы, кезінде Ресейге өтіп кеткен, Орынбор мен Омбы, Қажы-Тархан сияқты қалалар осының айғағы: «Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,

Сарытау, Аштарханның жерін де алды.

Артынан Еділден соң нарынды алды,

Торғайдың ағаш қамыс, талын да алды», – деп кезінде Мұрат ақын жырлағандай, қазақ бірте-бірте өз жеріне деген иелігінен айрыла бастады [2,7 б.].

Ал «қараңызға» деген сөз жалпы бұқара халықты меңзесе керек, себебі, қазақтарда «қара халық», «қара» деген ұғымдар кей жағдайда ақсүйектікке қарсы қойлатын кеместушілік мағынасынан гөрі «жалпы халық» деген де ұғымды білдіреді және рәміздік мағынасында «қоп», яғни, «көпшілік» деген түсінікті де жамайды. Ендеше, екі ел – зиялыларымен қоса, тұтас халқының да ұраны бір деген ойды толғайды. Әрине, қазақтарда тұтас халық емес, негізінен әрбір рудың ұраны бөлек-бөлек, олар да бір емес, бірақ бұл жердегі Ғұмар Қараштың саяси-психологиялық түйіні – қазақтың «ұраны бір» деген философиясы арқылы екі халық арасында бауырмалдық сезімнің оятуды ниеттейді. Әрі қарай ойшылдың философиясы тереңдей түседі:

«Қала-еке, тең бауырды жұтам деме,

Теңдіксіз сақау күйде тұтам деме.

Бүйректен сирақ шықпай, қоңсы қонып,

Айрылса-ақ кеңінен ұтам деме.

Дала-еке, сен де сұмдық бастай берме,

Бір туған дос қаланы тастай көрме.

Түндігім күнбатыстан ашулы деп,

Шамыңды түнге жаққан тастай көрме.

Қашаннан бірің қала, бірің дала,

Емшектегі егіз өскен екі бала.

Жүре бер, абыз аға, қатар түзең

Гүлденер тұрмыс сонда ғана»

Бұл тұста ақын қазақ халқын – далаға, татар халқын – қалаға теңейді. Шындығында, сол дәуірде көшпелілік өмірді әлі де сақтап келе жатқан қазақ халқы дала архетипіне сәйкестенсе, бұрынғырақ отырықшы өмірге көшіп, қала салып, қазақпен салыстырғанда орнығып қалған татар жұрты «қала» деген атаумен беруге лайықтандырылған болып шығады. «Қашаннан бірің қала, бірің дала» деп отырған теңеуі тұтастай екі халықтың өмір салтына байланысты ажыратылған дихотомия десе де болады. Ендеше, бірінші шумақтың бастауындағы «Қала-еке» татарларға қарата айтылғандықты білдірсе, екінші шумақтың бірінші жолындағы «Дала-еке» деп басталатын бірінші сөз қазақтарға қарата айтылған. Яғни, ақын бұларды бөле жармай, екеуіне де бірдей және кезекпен үн қатады.

Әрі қарай ойшыл «тең бауырды жұтам деме» деп өз ойын батылырақ жеткізеді «Татарлар сіздер үшін, қазақтар тек қана бауыр емес, терезесі тең, яғни, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани жағынан алғанда да, өзара деңгейлес, аға-інілік, ұлы-құлылық қатынаста емес» дегенді білдіреді. Сонымен қатар, бұл сөздердің мәтін астарында өз елінің рухын түсірмейтін психологиялық келісімпаздықты басшылыққа ала отырып, аз-мұз айбат көрсету де жоқ емес. Екінші шумақты қазақтарға арнайды: бауыр сөзінің орнына «бір туған» деген тіркесті қолдану арқылы, олардың да ішкі бауырмалдық сезімін оятуды көздейді. «Дос қала», демек, қаланың өзі, татарлардың өзі даламен, қазақтармен дос дегенді меңзей келе, бұл тұста да батыл пікірлерін тиянақтайды: «Түндігім күн батыстан ашулы». Бұл тұстағы күнбатысы Ресей мен Еуропа мемлекеттері болса керек, түндігінің ашулы күйі – тек ақпараттық қана емес, игі істер, қорғаныс, мәдениет пен оркениеттің келіп құйылар арнасы іспетті тетік деген пайымдауды рәміздік түрде беретін таза ұлттық философиялық ойтолғамның көрінісі және поэтикалық шеберлік деп айта аламыз.

Ал «Түнде жаққан шам» ауыспалы мағынасында қолданылған, XIX ғасырдағы діни ағартушылық қызметте белсенді ықпал еткен және қазақ жастарының білім алуына жардемдескен, оқу орындарына қабылдаған татарстанның халқы дегенге келіп саяды. Яғни, өркениетке қол жеткізінен кейін де сол жұртты, сол халықты ұмытпа деген сияқты өсиетнаманың лебі байқалады. Келесі кезекте ақын өзгелерге сәл-пәл кішіпейілділік танытады: «Жүре бер, абыз аға қатар түзеп».

Бұл жердегі қала мен даланың қатар қойылуының екінші бір қыры – Н.Бердяев, О.Шпенглер сынды ойшылдардың көзқарастарына сәйкес [3], өркениет пен мәдениет айырмашылықтарының көрінісі түрінде белгіленген. Татарлар өркениетке, қалаға, еуропалық үлгідегі ағартуға егін шаруашылығын қолға алуға бет түзегендер болса, казактар көшпелі өмір салты мен дәстүрлі ауызша біліммен қаруланған ұлттық мәдениеттің шынайы келбетін паш етіп тұр. Шындығында да, өркениет пен мәдениеттің үйлесімділігі мен бірлігі, бірін-бірі қарсы қою арқылы күресуші жақтар емес, керісінше өзара үйлесімділік бойынша өрлеуді білдіретін дамудың үздік нұсқасы болуы шарт.

Бұл нұсқа шығыс елдері, оның ішінде Қазақ Елі де қолдайтын барынша жетілген, адамзат өркениетінің мәңгілік өрлеуі үшін де қажетті парадигма болып отыр. XX ғасырдың орта шенінен бастап қиынқам дамып келе жатқан Жапония мемлекеті бұл нұсқаның барынша айқын үлгісіне айналды. Демек, дала мен қаланың бірлігі тек сол дәуір үшін ғана емес, бүгінгі Қазақ Елі үшін де болашаққа бон сермеудің игі қадамы болмақ және әзірге одан басқа жол жоқ екендігі де баршаға аян.

Әрі қарай ақынның ойтолғамдары екі халықтың бауырластығы мен мүдде бірлігінің тек саяси ғана емес, табиғи объективті жағдайларын да сипаттап көрсетуге арналады: «Екі жол екі тұстан жосылып тұр, Шықпай-ақ көрінім жер қосылып тұр. Бір түшпен екі бұтақ өскен жоқ па?» Шет көріп несің мұның шошынып тұр». Бұл жердегі: «Көрінім жердің қосылып тұрғандығы» географиялық жағынан да жақын шекаралас екендігі, шекаралас жолдардың екеуіне ортақ жүретіндігі туралы ойды білдіреді де, «көрініс естіктің» өзі олардың мәдени-әлеуметтік жағынан да сұхбаттастығына себепші болатындығын толғайды. Сондықтан, да қазақ балалары Ресейдің басқа шалы ай қалаларына бармай, Уфа, Қазан сияқты географиялық орналасуы бойынша да жақын тұрған қалалардан білім алып отырған. Тарихқа көз жіберсек, бүгінгі ақпараттық-виртуальді қоғамға дейін географиялық жағынан көрші және жақын орналасқан мемлекеттер мен ұлыстар арасында мәдени-рухани байланыстар ерікті-еріксіз түрде орнағандығының куәсі боламыз. Бұл әсіресе, дін, ғылым, өнер сияқты арналарда анық байқалады. Ендіше, қазақ-татар мәдени-рухани сұхбаттастығы өздігінен біртіндеп жүзеге асып отырған шақта, достық-ынтымақтастық байланысты орнықтыру және оны күшейте түсу заман талабы.

«Бір түшпен екі бұтақ өскен жоқ па?», - деп түркілік қаңдастық бірлік идеясын қозғаған, Ғұмар Қараш эволюциялық дамудың дифференциациялануы (жіктелуі) үлгісінен де хабардар екендігін көрсетеді. Мысалы, бүгінгі күнгі біз бейнелік түрде нұсқасын ұсынып (модельдеп) жүрген Түркі тілдерінің генеалогиясының жалпы картасын терекке ұхсатып көркемдеуіміз бір қырынан алғанда формальді логикадағы конструкция, дифференциацияның бірден-бір мінсіз үлгісі. «Терек» дамудың барынша әмбебап конструкциясы, сондықтан да ол әлемдік мистерияда бүкіл ғаламның үлгісі (модель) болып есептеледі. Тұтас дүниенің әу баста бір негізден тарағандығы, оның төменгі, бастапқы, орталық діңгегіне сәйкестенеді, яғни, субстанция, ал бұтақтары және оның таралуы барлық заттар мен құбылыстардың бір-бірінен туындап, түпкі байланыстар арқылы өрбіп отырғандығын паш етеді.

Олай болса, түркі халықтарының таралуы, қазақтардағы шежірелік тұтас жүйесі, түркілік тілдердің шығу тегі мен дамуы т.б. барлығы қазіргі кезде көркемдік-бейнелік түрде осы «терек» үлгісінде ықпалдалған, жүйеленген, ыңғайластырылған. Түркі халқы тек татар мен қазақ емес, олар көп, бұдан бұл екеуі теректің көптеген бұтақтарының бір жұбы іспетті екендігін орнықты пайымдаған ақынның логикалық кескіндемесі өте шебер айшықталғандығын көре аламыз. Бұл жай ғана құрылым емес, түпмәні жалпы түркілік идеяға келіп тоғысады. Ол түркілік бірлік пен ынтымақтастық, әсіресе, патшалық Ресейдің қол астында тұрғанда аса қажеттігін де терең түйсінген сынайлы.

XV-XIX ғасырларда патшалық Ресейдің империялық саясатымен жоюылып кеткен түркі жұрттарын, Сібір (Көшім) хандығы, Қазан хандығы, Ноғай ордасы т.б. білімді-сауатты Ғұмар Қараштың білмеуі мүмкін емес десе де болады. Сондықтан, бұл түркі халықтарына бағытталған шабуылшыл және құртушы күш әлі де қауіпті екендігін ақын іші сезеді, сондықтан түбінде саяси тұтастыққа айналуы тиіс рухани-мәдени, достық-ынтымақтастық бірлік сол дәуір үшін аса қажет болғандығы түсінікті жаит. XX ғасыр басындағы Алашордашылар бастаған жалпытүркілік идея да осындай бастапқы-қозғаушы оилардан туындаған шығар.

Шындығында, Ғұмар Қараш қозғаған бұл идея дәл бүгінгі күні де өзектілігін жоюған жоқ, сондықтан, ақынның бұл жердегі саясат философиясы бізге неғұрлым түсінікті. Ақын бұл өлеңінің соңғы шумақта-

рында тек ынтымақтастық қана емес, бірігу идеясын паш етеді: «Біріксе жөней барар айкын жолда, жарық таң алдарынан жайнап атар». Демек, «Бауырластық-достық-бірлік» үштігі (триадасын) ұсынғандығын байқай аламыз. Бірінші бауырластықты сөз етіп, екінші достық қатынаста болу қажеттігін айта келе, үшінші бірлік идеясын қозғаған ақынның философиясы, сәйкесінше, «биологиялық-рухани-саяси» түзілімді паш етін тұр. Бұл теорияның практикалық нәтижесі – «жарық таңның алдарынан жайнап атуы», яғни, жарқын болашақ деген тұжырымды береді. Бұның үштік сипатын, үшеуінің бірлігін ақын қайтадан былайша дәйектеп қояды: «Бір жүріп, қол ұстасып, сапар шексе, Бауырлас жақындықтың дәмін татар». Автордың бұл тұстағы философиялық түйіні нақты «Қол ұстасу» (саяси) бірлігі «бауырлас жақындықтың» (биологиялық) шынайы мағынасын ашады.

Өлең 1916 жылы жарыққа шыққандықтан, сол бір жылдары ақын діни агартушы болғандықтан, жеке адамдар арасындағы моральдік қатынастарды негіздейтін ислам қағидағтарын жалпылап, бейбітшілік пен ынтымақтастық идеясын жалпыадамзаттық деңгейге деңін кеңейтуге ұмтылыс жасаған деп те айға аламыз.

Бұл ұстаным отандық ғалымдардың негіздеуімен қазіргі кезде де өзара түсіністік философиясы ретінде көрініс тауып келеді [4,240-340 бб.] Жалпы алғанда, бұл туынды – сарыуайымшылдық емес, оптимистік бағдарлы және жігер мен шабыт тудыратын болашаққа сенімділікті жариялайды: «Гүлденер тұрмыс сонда ғана», «Жарық таң алдарынан жайнап атар» т.б. Бұл сол кездегі қиыншылық жағдай мен ауыр тұрмыс тауқыметінен шаршаған халық үшін қуат беруші, үміттендіруші түрткілер еді. Негізінен, ақын шығармашылығына тереңірек бойлаған сайын сайын, оның философиялық ойтолғамдары түгелге дерлік оптимистік бағытта екендігін аңғара аламыз.

Сондай-ақ бұндай кең философиялық мағынамен қатар, оның ықшамдалған мағынасы бар екендігін, керісінше, ол екі ұлтқа емес, екі адамға арналғандығын ұсынатын көзқарастар да кездеседі. Бұл жерде автор өзінің облысында, яғни, Батыс Қазақстан аумағында бұл туындының шығу тегін қате түсіндіріп жүргендігін, ол шындығында, Темеш және Құмаш деген екі атасына байланысты айтылғандығын, «1 үндігім Күнбатыстан ашулы деп» дегені ол Құмаш атанған туған жер екенін, «Абыз-аға» дегені сол кездегі аймақта мектеп ашқанда көмек қолын созған Жарқаш ата деп аталған тарихтағы болған адам екендігін тұжырымдап, басқа да осы сияқты айғақтарды мысалға ала отырып өз пікірін дәйектейді.

Ғұмар Қараштың «Екі бауырға» атты өлеңі біріншіден, ынтымақтастық қатынасты негіздейтін саясат философиясы және екі жаққа қарата қатар айтылғандықтан, ресми емес түрде бекітілген өзара ынтымақтастық туралы пакеттің жобасы немесе ресмиленген құжатқа алып баратын бастапқы халықшылдық дайындық десе де болады, екіншіден, түркішілдік-мұсылмандық идеясын негіздейтін бірлік «тұжырымдамасының» поэтикалық үндеуі, үшіншіден, ел-жұртқа үміт пен болашаққа сенімділік туғызатын психологиялық көтермелеу, төртіншіден, мәдениет пен өркениет, дала мен қала туралы мәдени антропологиялық көзқарас және өркениетке ұмтылулы қолдайтын өзіндік таным парадигмасы, төртіншіден, ел ішіндегі бауырмалдық пен туысқандықты негіздейтін этикалық ылым де болып табылады.

Қазіргі таңдағы жаһандану заманында ұлттық-өркениеттілік өрісті дамыта түсу үшін отандық саясаттанушылар атап өткендей: «Әңгімен арқау қазақ мәдениетін дамыту және Батыс мәдениетіне қатынасы бойынша бәсекелестікке болуы үшін қайта өркендету туралы болмақ»[5,136]. Демек, ұлттық мәдениетті тұтырлы түрде өркендету, түтіп келгенде, жалпы түркілік рухани құндылықтарды бірлесе отырып, жанғыртумен байланысты болмақ. Қорыта келгенде, Шындығында да: «Еуропалық, Ресейлік білімнен және капиталистік өндірістік қатынастардан алыс жатқанымен көшпелі қазақ даласы әлеуметтік патшалық үкіметтің қатал қанауы мен отарлық езгісіне бас иіп, біржола отыра бермеді», - деп[6,426] отандық ғалымдарымыздың XIX ғасырдағы қазақ қоғамының бас көтерушілік саясатына баға беруінің келбеті XX ғасыр басында да осылай жалғасын тауып отырғандығының куәсі боламыз

1 Тақырып бойынша топтастырылған библиографиялық көрсеткіші//Қазақ газеті/бас редактор Ә Нысанбаев.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы «бас редакциясы», 1998.-560б.

2 Қ. Жүсіп. Екі жақты бір тілді сөйлейтін сөзге шешенмін//Ана тілі.-№28-11-17 шілде.-2013.-7б.

3.http://www.krotov.info/library/02_b/berdyayev/1923_059.htm

4 Нысанбаев Н. Философия взаимопонимания.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001.-544б.

5 Сейсен Н.Б. Жаңғыру және жаһандастыру үрдісінде құндылықты өлшемдері: мәдени-салыстырмалы талдау//ҚазҰПУ әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы.-№2.-2013.-3-18бб.

6 Әбсаттаров Р.Б., Қалдыбаева Т.Ж. Ыбырай Алтынсариннің әлеуметтік-саяси ұстанымдарының тарихи негіздері//ҚазҰПУ әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы.-№2.-2013.-41-46бб.

УДК 1 (091)

И.КАНТ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ СЫНИ КЕЗЕҢ ІЛІМІНІҢ КЕҢІСТІК ҰҒЫМЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Ш.К. Абеуова – ф.ғ.к. Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы

Аталмыш мақалада Канттың сыни философиясындағы негізгі категориялардың кеңістік мәселелері қарастырылған.

Тірек сөздер: сыни ойлау, кеңістік, метафизикалық, абстракция, философиялық ұғымдар

В данной статье рассматривается проблема пространства в кантовской критической философии как одна из основных категорий.

Ключевые слова: критическое мышление, пространство, метафизика, абстракция, философские понятия

In this article the space problem in Kant critical philosophy as one of the main of category is considered.

Keywords: critical thinking, space, metaphysics, abstraktion, concept philosophy

И.Канттың сыни философиясында кеңістік адам сезімділігінің априорлық формасы ретінде қарастылады. Сондықтан кеңістіктің тек құбылыстарға (феномендерге) ғана қатысы бар, ал өзіндік- заттардың дүниесіне (ноумендерге) оның еш қатынасы жоқ деп саналады. Ол ең басында кеңістік пен уақыт туралы бұған дейін философия тарихында орын алған көзқарастарды қысқа ғана қорытып береді. «Кеңістік пен уақыт дегеніміз не?» – деп сұрайды да, әрі қарай: олар шынайы бар мәндер ме (бұл арада кеңістіктің субстанциялық концепциясы айтылып тұр), әлде олар объективті түрде ғана заттардың қатынастары ма (бұл реляциялық концепцияның қысқаша тұжырымы) деп өз сұрағын нақтыландыра түседі де, әлде олар тек біздің жанымыздың субъективтік табиғатына ғана тән аңғару формалары (яғни априорлық формалар) ма екен деп, үшінші бір көзқарасқа (концепцияға) менгейді. Осы сұрақтарға жауап беру үшін ол алдымен кеңістік ұғымына метафизикалық, трансценденталдық философиялық түсіндірме береді [1, 65-71 бб.].

Кант кеңістіктің априорлығын дәлелдеу үшін төрт түрлі метафизикалық (яғни таза философиялық) аргумент келтіреді: бірінші, кеңістік сыртқары тәжірибеден қорытылған эмпириялық ұғым емес, өйткені тәжірибе іске асуы үшін алдымен кеңістік туралы елес (представление) болуы қажет; екінші, кеңістік біздің барлық сыртқары қабылдауларымыздың негізінде жатқан қажетті априорлық елес, өйткені кеңістік жоқ деген елес бізге жат, ал ештеңесіз бос кеңістікті біз елестете алмаймыз; яғни, дейді ол, кеңістікті құбылыстар мүмкіндігінің шарты деп қарастыру керек; үшінші, кеңістік заттар қатынастарын топшылаудан туган жалпы ұғым емес, ол таза аңғару, өйткені, Канттың айтуынша, біз бір-ақ кеңістікті елестете аламыз, ал басқа «кеңістіктер» дегеніміз сол жалғыз кеңістіктің бөліктері ғана. Кеңістік шыңтуайтына келгенде жалғыз, ал көп кеңістіктер бар деу, кеңістік ұғымын сол көптеген кеңістіктерден абстракциялау арқылы құруға ұмтылу – бұл бос әурешілдік, өйткені жеке-жеке бөліктерден тұтасты құрастыру мүмкін емес. Тіпті сол көптеген кеңістіктер туралы ұғымдардың негізінде априорлық аңғару жатыр.

Канттың төртінші аргументінің түсінуге де, түсіндіруге де қиынға соғатын жақтары бар. Оның айтуынша, кеңістік шексіз берілген шама есебінде елес береді. Оның осы айтқанының ар жағында ұғым мен елестің ара-қатынасы туралы терең сыр жатыр [2, 30-46 бб.]. Ұғым, дейді Кант, бір жағынан ол да бір үлкен елес, яғни шексіз көп әртүрлі мүмкін болатын елестерде соларға тәп жалпы белгі есебіндегі елес. Екінші жағынан, оның түсіндіруінше, бір де бір ұғымды сол ұғым өзінде шексіз көп елестердің басын құрастырып тұр деп ойлауға болмайды. «Дегенмен кеңістік дәл осылай ойланады (өйткені шексіз кеңістіктің барлық бөліктері бір мезгілде берілген. өмір сүреді). Сонымен, – дейді ол, – кеңістік туралы алғашқы елес ұғым емес, ол – априорлық аңғару» [1, 67 б.].

Кант бұдан кейін кеңістік туралы ұғымының трансценденталдық, яғни логикалық, түсіндірмесін береді. Жоғарыда берілген кеңістік ұғымының метафизикалық түсіндірмесін қабылдасақ, ал оны, Кант бойынша, қабылдамауға шарамыз жоқ, онда кеңістік туралы осындай принципті ұғымнан қандай априорлық синтетикалық білімдер шығатынын қарастыру керек, – дейді ол. Ондай білімдер бар, ол кеңістіктің қасиеттері туралы геометриялық білімдер, геометрия ғылымы. «Геометрия, – деп жазады ол, – кеңістік қасиеттерін синтетикалық түрде және соған қарамастан а priori анықтайтын ғылым» [1, 67 б.]. «Кеңістік туралы мұндай білімдер болуы үшін ол туралы елес қандай болуы керек?» – деп, Кант мәселені енді кері қояды да: кеңістік туралы елес алғашында априорлық, яғни таза (эмпириялық емес), аңғару болуы тиіс деген қорытындыға келеді. Кант бұл аңғарудың таза субъективтік екендігін, яғни адам тәжірибесінің

мүмкіндігін анықтайтын формалдық қасиет, сыртқы сезімнің формасы ғана екендігін өзіміше дәлелдеп шығады [1, 67-68 бб.].

Неміс классикалық философиясының басты өкілі Кант «сынға дейінгі кезеңдегі» ілімінде кеңістік Ньютон механикасындағыдай абсолюттік бос кеңістік делінін алынады да, материалдық денелер қозғалысының шарты есебінде қарастырылады. «Маған материяны беріндерші, сонда мен одан дүниені тұрғызымын», - деп Канттың асқан сенімділікпен айтуы [3, 126 б.], оның бұл кезеңде материалистік көзқарасты қабылдап, Ньютон механикасы негізінде космологиялық теорияны (яғни «аспан теориясын») құруына кіріспе ретінде естіледі. Кант-Лаплас теориясы деп аталатын бұл ілім, философия мен ғылым тарихында алғаш болып Әлемнің алғы тұмандық массалардағы тартылыс пен серпиліс күштерінің әсері арқасында қалайша құрылғанын түсіндіреді, сойтіп Әлемнің де өз тарихы бар екенін алғаш ашып береді. Канттың «сынға дейінгі кезеңдегі» басты еңбегінің «Аспанның жалпы табиғи тарихы және теориясы» деп аталуының да өзіндік терең мәні бар екендігі осыдан байқалады.

Канттың осы кездегі кеңістік туралы көзқарасының бір қыры реалдық кеңістіктің үш өлшемділігіне байланысты. Кеңістіктің қанша өлшемі бар екендігі туралы сұрақ әсіресе ғылымда көп өлшемді кеңістік ұғымын қолдана бастағаннан бері өзіне күрт назар аударуда. Математикада п-өлшемді кеңістік ұғымы (ал п тіпті шексізге ұмтылуы мүмкін) қолданылатыны белгілі. Әрине, бұл математикалық ұғымның да өз мазмұны бар, ал бірақ реалдық физикалық кеңістік дегенменен де тек үш өлшемді ғана (релятивистік физикада төрт өлшемді екенін ұмытпағаны жөн!). Кант кеңістіктің үш өлшемділігін Ньютонның тартылыс заңымен байланыстырады: «Үшөлшемділік, - деп жазады ол, - тегі, осы бар дүниедегі субстанциялардың бір-біріне әсер еткенде, бұл әсерлесу күші қашықтықтың квадратына кері пропорционал болатындығынан туатын шығар» [3, 70-71 бб.].

Канттың бұл жорамалынан туындайтын логикалық жиындықтарды қарастыра келіп, белгілі ресейлік философ Г.В. Лобастов «Кеңістік физикалық реалдылық және логикалық мәселе ретінде» атты мақаласында мынандай қорытындыға келеді: «Соңдықтан, - дейді ол, - тартылыс заңының анықтамаларымен (сипаттамаларымен) бірге бір уақытта кеңістіктің де анықтамалары (сипаттамалары) берілген екендігіш мойындауға тура келеді». Одан ары бұл автор А.Эйнштейннің жалпы қатынастылық теориясына сиптеп: «Жалпы қатынастылық теориясының тартылыс пен кеңістікті бір ғана нәрсе ретінде түсіне бастауы кездейсоқ емес», - дейді [4, 87 б.]. Яғни Канттың бұл жорамалының терең мәні бар екендігі байқалады: біріншіден, бұдан оның өз уақытындағы ғылымның нәріні терең игергендігі байқалса, екіншіден, бұл жорамалдан белгілі мағынасында пунктирлі түрде болса да, жалпы қатынастылық теориясына қарай деген, оның басты идеясы болып табылатын кеңістіктің метрикасы мен гравитациялық өрістің қасиеттері арасындағы байланыс туралы идеясына қарай деген әлдебір ишара бар ғой деуге құжылымыз. Әрине, бұл ойды Канттың өзі айтпағанымен, оның жоғарыда көрсетілген еңбегіндегі ой желісінен тұспалдан қорытуға болатын сияқты.

Қорыта айтқанда, Канттың ішінде кеңістік априорлық «таза интуиция», сезімділіктің (сыртқы түйсіктердің) априорлық қажетті формасы. Кеңістікте, бір жағынан, феномендер орналасады, яғни кеңістік олардың өзара қатынастарының жүйесі, екінші жағынан, кеңістікке априорлық форма ретінде абсолюттілік тән: «Канттың кеңістігі тек қана қатынастар жүйесі емес, ол Ньютонның кеңістігі сияқты абсолютті», - деп сипаттайды бұл жағдайды Б.Рассел [5, 834 б.].

Канттың дүние кеңістікте шекті ме, әлде шексіз бе дейтін антиномиясында осы екі қарама-қарсы көзқарастың екеуі де жоққа шығаруы кеңістіктің объективтік мәні жоқ екенін, оның тек адам сезімділігінің субъективтік формасы ғана екенін дәлелдей түскен еді. Бұдан біз Кант философиясының жүйелі тұтастығын байқаймыз.

1. Кант И. Критика чистого разума. - М.: Эксмо, 2006. - 736 с.

2. Абдильдин Ж.М. Диалектика Канта. - Алма-Ата: Қазақстан, 1974. - 160 с.

3. Кант И. Соч. в 6 т. - М.: Мысль, 1963. - Т.1. - 543 с.

4. Лобастов Г.В. Наука. Философия. Религия. // Материалы межд. научно-теор. конференции. - Алматы: КазНПУ, 2008. - С. - 496.

5. Рассел Б. История западной философии. В 3 кн. - СПб.: Азбука, 2001. - 960 с.

МЕРЕЙТОЙ ЮБИЛЕЙ

УДК 32:929 (574)

БОТАЙДАН ШЫҚҚАН КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ



«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген нақыл сөз тауып айтылған. Қай кезде де жол сілтер, ақыл кеңесін беретін, ақ тілекті Ұлы ұстазды құрметтейміз. Осындай ұстаздарымыздың бірегейі – асқан білім-дарлығымен, ерекше парасаттылығымен, биік адамгершілік қасиеттерімен жүректен орын алған абзал азамат, ғалым Әміржан Шалтықов ағамыз бүгінде мерейлі 75 жасқа толып отыр. Ағамыз Ботай жерінен шыққан.

Ботай Қазақстандағы ерте дүние аймағының ең көне мекені, ол біздің заманға дейінгі бес мың жылдай бұрынғы тарихи дәуірдің мәдени мұрасы болып табылады. Осы мекеннен дала өркениеті басталады. Бұл мекен көптеген халықтар мен ұлыстардың қарым-қатынасының орталығы болды деуге негіз бар. Оған себеп – Ботай жеріндегі қолға үйретілген кәдімгі жылқы. Ерте дүние өркениетінің ошағы делініп келген Қытайдың өзінде патшалар ат болмағандықтан салтанатты шеруге оғіз жегіп шығатыны тарихтан белгілі. Бірақ, ХІХ ғасырда алғашқы паровоз шыққанға дейін адамға қатынас құралы ретінде қызмет еткен тек қана жылқы болды. Жылқының адамға қызмет ете бастаған дәуірінен бастап Еуразия даласында ежелгі халықтардың көшіп-қонуы басталады, соның арқасында жаңа этнос қалыптасады, ертедегі мемлекеттер мен империялар құрылды. Міне, осы құбылыстардың барлығы жылқының қолға үйретілуінен болған нәрсе.

Сөйтіп, Ботай өркениеті әлемдік маңызы бар керемет оқиғаға айналды. Тіпті, профессор Н.Я.Мецерт Ботайдан табылған жәдігерлер ежелгі адамдардың алғашқы өркениеті деп келген Греция мен Египет емес, Ассирия мен Месопотомия да емес, Еуразияның орманды-далалы алқабында тамыр тартқан деген батыл байлам жасады. Бұл жөнінде одақтық, әлемдік семинар-кеңестер өткізіліп, «Ботай мәдениеті» ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілді.

Жер қазбалары Ботай жерінде жылқымен бірге арбаның да бірінші шыққанын дәлелдейді.

Еуразия идеясының тамыры далалық өркениет бастамасы Ботай мәдениетінде жатыр деуге болады. Еуразиялық дегеніміз – халықтар мен елдердің бірігіп өмір сүруі, бір-бірімен тығыз байланысы. Міне, Ботай мәдениетінің ашылуы бұрынғы жоғалған өркениетімізді қайтарып отыр, егер дәлірек айтсақ, неолит дәуірінен, немесе, мыс құрамдары енген тас дәуірінен.

Сонымен ғылымда Ботай мекенінде ежелгі адамдар жылқының етін, сүтін және күшін осы заманға дейін 4-5 мың жыл бұрын шеберлікпен пайдаланғаны дәлелденіп отыр. Бұл шын мәнінде тамаша тарихи жаңалық еді. Мұның саяси-әлеуметтік маңызы да бар. Тұрмыс-тіршілігі жылқының тісі мен тұяғына тікелей байланысты көшпелі қазақ бұл өлкеге келімізек емес, 4 мың жылдан бері жылқының қазысын кертіп жеп келе жатқан нақты көне халық емес пе?

Ботай Горбачев, Солженицын, Жириновский сияқтылардың сандырақтарына осылай бұл жерлер қазақтың ата жері деп нақты жауап береді.

Жылқы мен қазақты бөліп қарау мүмкін емес. Қашан да жылқы бар жерде қазақ бар – қазақ бар жерде жылқы өседі. Әлемдік ғылым 5300 жылдық тарихы бар ежелгі адамдар мекенін тікелей жылқы өсірумен байланыстырады. Ол дәстүр күні бүгінге дейін жалғасуда. Оны бүгінге дейін жалғастырып отырған басқа емес – тағы да қазақ. Осы айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болмай ма: осыдан 53 ғасыр бұрын Ботайды мекендеп, жылқы өсірген ежелгі адамдар «жылқының етін жесе – тісіне, жемесе – түсіне кіретін» бүгінгі қазаққа тікелей қатысты. Олар – біздің нақты ата-бабамыз.

Жылқының күші мен жылдамдығын бірінші игеру мен адам баласының бірінші ғарышка сапары қазақ даласы арасынан қандай байланыс бар? Бұл кездейсоқ емес қой деп тұжырымдауға болады.

Биылғы, 2014 жыл жылқы жылы болып жарияланып отыр. Егер жер бетінде бұл қасиетті жануардың адам қолына алғашқы үйретілуі қазақ жері болса, сонда неге сол жылқының бірінші үйретілген жерінде яғни Ботай ауылында, бүкіл ел көлемінде оны «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде кең шара ретінде өткізіп, тұлпардың бейне мүсінін қоладан құймасқа? Сөйтіп, жылқы мен оның қымызы, қазы-қартасын қазақстандық ұлттық брэнд қылып, бүкіл әлемге танытпасқа? Баспалар бетінде осы өңірді туристердің ағылып келетін аймағына айналдыру туралы көп айтылады, бірақ, өкінішке қарай, құрғақ сөзден ешкім әрі қимыл жасап отырған жоқ. Қазіргі әлемге белгілі «Ботай қонысы» Көкшеғая-Қостанай теміржолының бойында орналасқан, станцияның атын да «Ботай» деп атаған, енді тек қана осы жерге автомобиль жолын салып, туристік аймаққа айналдыру.

Сол Ботай бабаның атын жалпақ жұртқа танытып, аруағын асырған үрім-бұтақ зәу-заты баршылық. Осы арада бір айта кететін жайт, ол осы ауылдың Ботай атануы. 1932 жылы осы өңірде ұжымдастыру науқаны шарықтап тұрған кезде Айыртау ауданының шенеуніктері бұл колхоздың атын халық батыры Аманжолді деп қоюға ұсыныс жасайды. Бірақ, ботайлықтар өз аталарының атын қоюды талып етіп отырып алған. Сонда, олар келешекте өз аталарының аты әлемдік тарихқа кіретінін сезген де болар.

Мәуелі бәйтеректей жанырағын кең жайған ақ баталы сол бабаның текті бір тұяғы бүгінде елінің жерінің де тарихын терең жете зерттеп жүрген белгілі ғалым Әміржан Шалтықов.

Әміржан осы Көкше өңірінің солтүстік түкпірінде орналасқан кішкентай ғана ауылдан түлеп өскен саяси ғылым докторы, профессор. Әміржанның да туған жылы осы тарихи оқиғаға байланысты жылқы жылына сай келуі де кездейсоқ емес шығар деп ойлаймыз. Оның негізгі мамандығы тарихшы, саясаттанушы. Қазір қазақ жоғары оқу орындарының кара шанырағы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

Әміржан өзінің бесінші атасы болып табылатын Ботай бабасы туралы әкесі Есілмәннан көп естіген, оның өз дәуірінде белгілі адам болғанын жадына тоқи беретін.

Ботай ауылының ерекшелігі – ол үлкен тарихтың үстінде орналасуы. Бүгінгі Ботай ұрпақтарының мақтаншы – осы ұлы тарихи оқиғаның өз бабаларының атымен байланысты болуы, соның арқасында Көкше өңірінің ең түкпіріндегі кішігірім қазақ ауылының есімі бүкіл әлемге паш етілуі.

Қазіргі еркіндік заманда өзі туып-өскен топырақтың өмірбаянын ой-жадына тоқу үлкен үдеріске айналған. Атамекен тарихын тану әрбір азаматтың, әсіресе, жастардың парызы.

Ботай ауылының тарихы мол. Оның қырлары мен сырлары толық ашылып жатқан еді. Ар мен ұятты серік еткен небір жайсаң зиялылардың, адамгершілікке бой ұсынған азаматтардың найзанын ұшы, қолдың күшімен шапқыншылық өтінде көшкен елді қорған батырлардың басып өткен жерлері бұл жаққа жетерлік. Соның бәрі белгісіз күйде бүгінгі ұрпаққа әлі жете қойған жоқ еді.

Тарихтың осындай таным-тынысының тәрбиелік, патриоттық маңызы зор болмыс-бітімін зерттеп, оны бүгінгі ұрпаққа жеткізу, кейшігі толқынға қалдыру міндеті тұрды. Туған елдің сұлу көркін, тамаша табиғатының ойлы-қырлы жерлерінде мекендеген адамдарын мақтаныш етіп, басқа меймалім адамдарға жеткізу үлкен ғанибет емес пе?

Міне, осы үлкен міндетті Әміржан абыроймен іске асырды деуге болады. Өзінің тарихқа әуес немере атасы Айдарханмен туған ауылы жайлы бес кітапты жарыққа шығарды. Олар «Ботай», «Ботай баба», «Ботай ұрпақтары», «Досан батыр – Ботайдың әкесі», «Кенжебек – Ботайдың ұлы» деп аталады. Олар бұл кітаптарында өз ауылы туралы жалпы мағлұматтарды береді де, XX ғасырдың басында өз атасы Шалтық қажының (ол кісі XX ғасыр басында қажылыққа екі рет барған) құрастырған шежіресін жаңғыртып, Орта жүздің, соның ішінде Атығай руының шежіресін бүгінгі ұрпақтармен ұштастырады. Ондағы мақсат – бүгінгі жастар өзінің ата-бабаларының қайдан шыққанын, не шаруа тындырғанын білдіру. Соларды зердесіне тоқып, өз тарихын білгенде ғана жас ұрпақ түп-тегін мақтан тұтып, құрметтеп өседі.

Ежелгі өркениет Ботай тарихының бір тармағы ғана, осы тұстан түндік көгергеніне бір ғасырдан асқан ауылдың басынан нелер өтіп, не кетпеді: келімсектерден жерін қорғау, яғни отаршылдарға қарсы күрес, ақ пен қызылдың айқасы кезіндегі аласапыран, күштеп ұжымдастыру жылдарындағы зорлық-зомбылық,

алапат аштықтағы ақтабан шұбырынды, сұрапыл соғые уақытындағы жоқ-жітік, жанкешт еңбек – бәрі-берін бастан кешті ғой ел. Бұл бір Ботайдың ғана емес, мыңдаған қазақ ауылдарының тағдыры.

Ботайдың әкесі Досан Абылай ханның замандасы, оның жақын серіктерінің бірі болған. Он сегіз жасынан бастап ханның жасағында болып, оның жорықтарына белсене қатынасып, ерлік көрсеткен. Абылай ханның Петерборға жіберген елшіліктерін екі рет басқарып барған. Құжаттарда Досан батыр деп көрсетіледі. Ол құжаттар Ботай ауылынан 20 шақырымдай жердегі Шокан Уалихановтың туған ауылы Сырымбетте оның мұражайында сақтаулы. Бұл аталарының ерен ерліктері туралы «Досан батыр – Ботайдың әкесі» атты кітабында жан-жақты көрсетілген.

Ал, Әміржанның Ботай бабасы Кеңесары ханның замандасы болған. Уәли ханның тоқалы атақты Айғаным ханшамен қоныстары қорш болып, тығыз қарым-қатынаста болған. Шоканның әкесі Шыңғыс аға сұлтанның жазғы жайлауы Ботай ауылынан 4-5 шақырым жердегі Иманборлық өзенінің бойындағы Аюқар деген жаталауда орналасқан. Қолтеген аралас-құралас кезінде Ботай баба жас Шоканды қору де мүмкін. Кеңесары көтерілісіне Ботай өзінің кенже алтыншы ұлы Кеңжебекті аттандырған. Ол 26 жасында 1838 жылғы Ақмола қаласындағы соғыс қамалын алу барысында ерлікпен қаза тапқан. Соңғы ақпарат құралдарының деректері бойынша, қазіргі Астана қаласының орталық аймағында Ақмоланың соғыс қамалын алған кезінде Кеңесарының 250-дей сарбаздары қаза тапқан. Солардың ішінде, әрине, Кеңжебектің де мүрдесі бар деп ойлаймыз. Ол бабаларының ерлігі туралы «Кеңжебек – Ботайдың ұлы» атты кітап жарық көрді.

Ботайдың өзі көзі ашық, зиялы азамат, қажы болған. Оқыған –тоқығаны, өмірден түйгені көп қажы отаршылдық саясатқа жанымен қарсы болды, жергілікті патша әкімшілігіне жағынып, оларға қызмет етуден бас тарттады және өз ауылдастарына ақылын айтып, жерлерін айырылып қалмауға ақыл-кеңес беріп, отаршылдардың құйтырқы әрекеттерін әшкерелеп отырған. Бабаларының осындай қазақ қоғамы үшін ерен еңбектерін бүтінгі ұрпақтары ұмыт қалдырмай, зерттеу жүргізіп, арнаулы «Ботай баба» атты еңбек жазып шығарды.

Ботай бабаларынан кейінгі ұрпақтары да өз аталарының өсиетін іске асырып, өз жерлерін келімсектерден сақтап қалу үшін көп еңбек етіп, ел басқару ісіне белсене араласқан.

Айта кету керек, Шәлтік қажының жалғыз ұлы, Әміржанның әкесі Есіпманның әкесі Сүлеймен де өзі өмір сүрген аймақтың, яғни Атығай руының атақты билерінің бірі болған. Оның нәтижелі билік қызметі тек Кеңес өкіметінің үстемдігімен аяқталған.

Әрине, Ботай сияқты көзі ашық, зиялы азаматтардың қазақ жерінде көп болғаны айдын анық. Кеңестік идеологиясы үстемдік еткен жағдайында біздің әдебиетіміздің кейіпкерлері көбіне ұлы орыс халқымен достықтың жалауы ретінде жергілікті патша әкімшіліктерімен тіл табысып, солардың сөзін сөйлеп, қоян-қолтық қызмет істеп, жағымпаздықпен айналысқан азаматтарымызды мақтаныш ететінбіз. Ал, Ботай баба сияқты патша әкімшілігіне жағынбай, оларға қызмет етуден бас тартып, өз ата-баларының жерін оларға ұстата салмай, отаршылдық қитұрқы саясаттарын әшкерелеп отырған қанша азаматтарымыз болды, тіпті ондай еркіншілікті аңсаған азаматтар әрбір ауылда болды деуге болады. Ол кезде оларды ұлтшылдар, қазақ жерінің Ресейге қосылуына қарсы адамдар деп айдар тағып, жазаладық. Олардың ерен еңбектері кеңестік идеологияның қазақтар орыс шаруаларының келуін қуанышпен қарсы алып, олардан егіншілікті, тағы басқа нәрселерді үйренді деген қауесеттерін жоққа шығарды.

Осы бабалары туралы кітаптар арқылы ұмытылып бара жатқан ата-бабаларының қайта тірілгеніне Әміржан дән риза. Ұрпақ пен ұрпақ арасындағы байланысты үзбей, оны қалпына келтіруге талпыныс жасалды.

Енді бүгінгі ұрпақ Досан, Ботай, Кеңжебек аталары, олардан кейінгі ұрпақтарды бес саусақтай біліп, олардың өнегелі істеріне шаттанып, мақтаныш қылуларына әбден болады.

Міне, Әміржан осындай тарихи міндетті орындағанына дән риза.

1939 жылдың басында Ботай ауылында қарапайым колхозшы шаруаның отбасында дүниеге келген Әміржан мектеп жасынан өз алдына мақсат қоя білген. Оқудан бір адам шаршамаса Әміржан шаршар еді. Щучье қаласындағы қазақ орта мектебін 1956 жылы ойдағыдай бітіреді. Бұл тың игеру дақыртының дуылдап тұрған шағы. Орта білім алғандардың бәрі дерлік ауыл шаруашылығы мамандығын алуды армандайды. Жасы он алтыға толып, төлқұжат алғанша Самарқан атанып келген Әміржан да ол дүрмектен шет қалмады.

Самарқан дегеннен шығады. Әміржан туған жылдары Кеңес еліндегі поляктар мен немістер жер аударылып, бір легі шалғай шеттегі Ботай ауылына да келеді. Адам баласын алалау дегенді білмейтін Есіпмән төргі бөлмесін бір поляқтың отбасына беріп, өзі бес баласымен ауыз үйде отырады. Енді ғана тәйтәй басып жүре бастаған Әміржанға тілі келмеген әлгі поляктар мен балалары Самарқан атап кетеді. Ол

Самарқан болып өседі. Самарқан болып оқиды. О кезде мектеп құжат сұрай ма, оқитын бала болса болды. Сөйтпін, ол он алтыға толғанда ғана тууы туралы куәлігі бойынша азан шақырып қойған атына не болады.

Ағасы Бақытжанның да тағдыры осы тақылетті. Анасынан ауызданбай қалып, оны негізінен орыстар қоныстанатын көрші Шанғал селосында тұратын шешесімен бір күні босанған украин әйелі бауырына басып, баласымен бірге өсіріп, бірге оқытып. Боря, Коля деген екі баланы егіз тугандай етіп тәрбиелейді. Сол бірге өскен бауырлас досы Николай Васильевич Иващенко кенін үлкен атақты дәрігер болып, Бурабай курортының бас дәрігері қызметін ұзақ жылдар абыроймен атқарды. Осы қызық оқиғаны қазақтың белгілі жазушысы Қалмұқан Исабаев «Социалистік Қазақстан» газетінде жетпісінші жылдары майын ағызып, халықтар достығы тақырыбында көлемді мақала жазған болатын.

Бақытжан інісін Алматыға өзі-ақ әкеліп, ауыл шаруашылығы институтының агрономдық факультетіне емтихан тапсыртқанмен, Әміржанның жолы болмай, балы жетпей елге қайтады. Енді әкесінің аманаты – қалың орман ішінде отырып, бір дұрыс үй салып беру арманын орындау үшін Әміржан келесі жылы орманның мамандар даярлайтын факультетіне тапсырып, тағы да сәтсіздікке ұшырайды. Сонда да тауалы шағылмаған табанды да тағанды, тіл мен тарихқа бейімі бар жігіт қайтсем де жоғары білім алмай қоймаймын деп, үшінші жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне қабылдау емтиханын ойдағыдай тарсырып, оқуға түседі.

Университетті 1963 жылы бітіріп, ол Көкшетау пединститутына оқытушы етіп жіберіледі. Алайда екі айдан кейін армия қатарына шақырылады. Онда екі жылдай жүріп оралғасын, бұрынғы орнына бармай, облыстық архивке аға ғылыми қызметкер болып ораналасады. Ондағы мақсаты – архив құжаттарының негізінде Көкше өңірінің тарихын зерттеу, ғылыми нәтиже шығару еді. Осында жүріп Әміржан облыстық республикалық газет-журналдарға мақалалар жазып, жұртшылыққа белгілі бола бастайды.

1968 жылы Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып туған жерінің түлегі Еркін Нұржанұлы Әуелбеков келді. Оған дейін тыңға келгендер әбден дәсін, бастауыш білімі барлар шаруашылық басқарып, орта білімдер аудан басшысы болып, жергілікті ұлт кадрларының жолын жауын тастаған болатын. Соның салдарынан облыстағы он екі ауданының тек екеуінің ғана басшысы қазақ болды. Жоғары білімді қазақ жігіттері асса бөлімше басқарып, көбі қатардағы мұғалім қызметін атқарды. Ұлтжанды да жігерлі Еркін Нұржанұлы келе сала осы солақайлыққа қарсы күрес ашып, жергілікті ұлт азаматтарын өсіруге күш салды. Жоғары білімді жас мамандарды батыл көтеріп, кеншар директоры етіп, жауапты партия кеңес қызметіне жіберіп, қабілетті кадрлар жасағын қалыптастырды. Әміржан да жаңадан жасақталған жергілікті кадрларының алғашқы легіне ілігіп, обкомпын лекторы болып бекітілді. «Білім» қоғамының жолдамасымен бұрын да жер-жерде лекция оқып жүргенінің септігі тиді. Оның лекторлық шеберлігінің бір ерекшелігі – сөзді ұрымтал да ұтқыр деректерден сабақтап, аудиторияны бірден баурап, өзіне лезде қаратып алады. Өз ойын қарапайым тілмен тыңдаушыларына түсінікті етіп жеткізе біледі және әр аудиторияның ерекшеліктерін ескеріп, әңгімесін солардың бейімі мен бейіліне қарай құрады. Бұл қасиеттері оны әлі күнге дейін құрметке бөлеп келеді.

Обкомда үш жыл лектор болып істегеннен кейін Алматыдағы жоғары партия мектебін бітіріп, Әміржан Шалтықов 1973 жылы облыстың тың игеру кезінде ашылған Ленинград аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланды. Аудан басшыларның бірі болып, жаңа жұмысқа қызу кіріскен ол аудан жұртшылығы аңдында аса абыройлы болды. Оның елеулі еңбегі тиісінше бағаланып, ол 1976 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. Ол кезде Әміржан отыз алты жаста болатын.

Сол жылы Мәскеудің Орталық партия Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасына түсті. Әміржан өзінің талабымен осы оқу орнына түсті деуге болады. Себебі, партия билеп тұрған заманда бұл оқу орны Одақ көлемінде ең жоғары дәрежелі оқу орын болып есептелетін. Оны бітіргендер міндетті түрде кандидаттық қорғап, ғылым атағын алып шығатын. Ең әуелі оған түсу қиын болды, ол әрбір партия қызметкерінің арманы, оған түсу үлкен бәсеке болатын. 1979 жылы оны Әміржан тарих ғылымдарының кандидаты деген ғылыми атақпен бітірді.

Оқуға түсу бар да, оны ойдағыдай бітіру, көздеген мақсатқа мүдірмей жету бар ғой. Ол үшш адам артына, отбасына алаңсыз болуы болу керек. Бұл жөнінен Әміржанның айы онынан туған бақытты азамат. Жан жары Жаныл күйбең тіршіліктің күллі ауыртпалығын өз мойнына алып, оған берік тірек бола білді. Алматыға оқуға барам дегенде қарсылық жасаған жоқ. Үйленгеніне небарі екі-ақ жыл болғанда екі жас сәбиін бағып, екі жыл күтті. Академияға барам дегенде де мақұл деді. Мәскеуге өзі де балаларымен көшіп келіп, жатақханадағы ерінің жұмысына бөгет болмайын деп, қаланың шет жағынан пәгер жалдап, өзі тұрып жатқан тоғыз тәжілі үйдің подвезін жуып, отбасын асырады. Осындай ерлікке барабар еңбегі үшін дос-жарандары оны «декабристка» деп әзілдейді. Бертінге дейін ол өзі бітірген шет тілдер институтында, қазіргі Абылай атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде ағылшын

тілінен сабақ берді. Ерінің ғылым шыңына шығу жөніндегі арманын жүзеге асыруына жан-тәнімен атсалысты.

Әміржан Мәскеудің осы оқу орнын бітіріп, ғылыми атақ алған Көкшетау облысы тарихында екінші болды. Ал, біріншісі – осы Ботай ауылының түлегі және өз інісіне жол көрсеткен ауылдас ағасы Қалит Захирьянов еді.

Ботай ұрпақтарының ішінен қатардағы мұғалімнен Қазақстан үкіметінің мүшесі, министр лауазымына жеткен осы Қалит еді. Он жылдан артық еліміздің баспа жөніндегі Мемлекеттік Комитетін басқарып, зиялы қауымның ішінде үлкен беделге ие болды. Партия билігінің бәсеңдеп, жариялылық кезінде Алаш арыстарының, басқа да жазықсыз жәбірленген қазақ зиялыларын ақтауда ұлтымыздың кеменгер ұлдарының бірі Өзбекәлі Жәнібековпен бірге көп еңбек сіңірді.

Ботай мәдениетін ең бірінші ашқан Қалиттің туған ағасы Есіләмбек болатын. Оның мамандығы тарихшы. Ботай ауылы Иманборлық өзенінің жағасында орналасқан. Тарих пәнінің мұғалімі Есіләмбек Зікірияұлы бастаған оқушылар осы жерге жиі келіп, шашылып жатқан тастарды, мал сүйектерінің қалдығын т.б. құралдарды жинап жүретін. Есіләмбек осы тастардың, неше түрлі құралдардың бұл жерде жай жатпағанын сезеді. 1970 жылы оларды Көкшетау облысының мұражайына экспонат ретінде ұсынады. Міне, әлемді дүркіреткен оқиға осындай кішкентай нәрседен басталды. Бұл келешек Ботай қонысы болып шықты.

Мәскеудегі оқуды бітіргеннен кейін Әміржанның елге оралуға мүмкіндігі болмады, себебі, оны Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өзіне лектор қызметіне шақырды.

Бірақ, Әміржан осы қызметінде жүріп, өзінің негізгі арманы – ғылыми жұмыспен айналысу ойынан кетпеді. Аппарат жұмысы ол ойын кейінге қалдыра берді, төрт жыл аппарат жұмысынан кейін ол біржолата ғылыми жұмыспен айналысуға бет алды. 1984 жылы Орталық Комитеттің шешімімен өзі оқыған Алматы жоғары партия мектебіне доцент болып бекітіледі. Осы оқу орнында 1992 жылға дейін істеп, сол жылы Қазақ дене шынықтыру институтының тарих кафедрасының меңгерушісіне ауысты. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет, білім және денсаулық министрлігінің Тіл саясаты департаменті Әміржанды өзінің бөлім бастығы қызметіне шақырды. Астананың Ақмолаға ауысуына байланысты үкімет мекемелері сонда ауысты да, Әміржан Алматыда қалды.

Сарғая күткен қызара бөртеді деген шын. Ақыры, Әміржанның ғылыми жұмысын жеріне жеткізуге мүмкіндік туды. 1998 жылдан М. Ғынышпасов атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясында профессор, саясаттану ғылымының докторы, 2000 жылдан Қазақ қатынас жолдары университетінің кафедра меңгерушісі, ал 2009 жылдан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура Институтының профессоры болып істеді.

Әміржанның ғылым жолында шұғылданатын мәселесі де бүгінгі заманда өте өзекті әрі көкейкесті болып табылады. Кеден ісі – әрбір экономиканың негізгі институтының бірі. Ол мемлекеттік билік жүйесінде өте маңызды тетікке айналды. Қазір Елбасымыз алға қойған мақсат – ең дамыған 50, содан кейін 30 елдің қатарына кіру болса, ол үшін алдымен экономикамызды жан-жақты өркендетіп, экономикалық қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуіміз керек. Міне, осындай күрделі мәселелерді шешуде кеден қызметі ең басты рөл атқарады. Әміржанның соңғы көлемді еңбегі «Кеден саясаты және Қазақстанның әлемдегі оғыз елдің қатарына кіруі» деген монографиясының осылай аталуы да кездейсоқ емес.

Адамзат тарихында кеден қызметіне немісқұрайлы қарап, оны шеберлікпен жүргізбеген мемлекеттер экономикалық дағдарысқа ұшырап, ақыры ыдырауға дейін барған. Мысалы, тарихтағы ежелгі алып елдер – Грекия мен Рим сияқты аппауыт мемлекеттердің күйреуіне бір себеп – кеден саясатын оңтайлы жүргізбеуінің салдары деп атайды зерттеушілер. Оған атышулы Карфаген мемлекетінің жүргізген кедендік саясаты дәлел.

Карфагеннің басшысы атақты қолбасшы Ганнибалға өзінің ежелгі бақталасы Рим империясымен соғысқа дайындалу үшін көп қаржы қажет болады. Қару-жарақ сатып алып, әскер даярлауға қаражат табудың жолын іздестіргенде оның ең тиімді көзі – қолма-қол қаржы жинауға қолайлы кеден салығы боп шығады. Ганнибалға бұл әбден ұнап, халқын басқа салық түрлерінен босатады. Алғашқы кезде кеден салығынан көп қаржы жинайды, бірақ кедендік тарифтердің көтеріле беруіне байланысты контрабандалық тасымалдау көбейіп, мемлекеттік қаражаттың көлемі азая-азая, ақыр аяғында Карфаген экономикалық дағдарысқа ұшырап, Римнен жеңілуге мәжбүр болады. Бұдан шығатын қорытынды – мемлекет кедендік саясатты байыппен жүргізу керек, кедендік тарифтерді бас-көз демей көтере берсе, тасымалдаушыларды заңсыз тауарлар өткізуге мәжбүр етеді. Оны контрабанда дейді, яғни, қаржы мемлекеттің емес, жеке адамдардың қалтасына түседі деген сөз.

Кеден қызметінсіз егеменді мемлекет болып өмір сүре алмайды. Ойтпесе, ол мемлекеттің экономика-

сы бейберекеттікке ұшырайды. Демек, жана Қазақстанның Кеден комитетін тәуелсіздік жариялаудан төрт күн бұрын құрулуы тегін емес. Бұл мемлекет басының көрегендігі болатын. Егер бірінші тәуелсіздік күшімен шекарамызға кеден бекеттерін құрмағанда, алыс және жақын шетелдердің тауарлары бізді түгел басып қалатын еді. Егер елімізде өндірілетін тауарлардан шет елден келетін сондай бұйымдар басым болса, онда Қазақстандағы сол тауарлар шығаратын өндіріс орындары банкротқа ұшырап, жабылады да, жұмыссыздық көбейеді, экономикамыз дағдарысқа ұшырайды. Сондықтан, кеден қызметінің тек экономикалық қана емес, сонымен бірге саяси-әлеуметтік маңызы да өте-мөте зор.

Міне, Әміржанның докторлық диссертациясының тақырыбы осындай егеменді еліміз үшін өзекті мәселе. Ғалым бұл мәселені кенінен зерттеді, тек кеден қызметінің экономикалық тиімділігі емес, сонымен бірге саяси, әлеуметтік, мәдени байланыстар жағынан тиімділігін талдап, оны кенінен зерттеді, өзінің ұсынастарын жасады. Бұндай зерттеу Қазақстанда ғана емес, тіпті ТМД елдері ішіндегі ең алғашқы ғылыми еңбек болды. Оған Мәскеу, Новосібір, т.б. ғылыми орталықтардың ғалымдары жоғары баға берді.

Профессор Әміржан Шалтықовты кеден органдарында кадр дайындау мәселелері көп толғандырады. Ол өзінің кеден саясаты жөніндегі тұжырымдарын жоғары білімді, парасатты жас кадрлар арқылы іске асыратынына түсінеді. Сондықтан да өзі қызмет ететін жоғары оқу орындарында кеденшілер дайындайтын топтарға дәрістер оқиды. Оны жана «Кеден ісі тарихы» оқу курсының негізін қалаушы деп есептейді, себебі, ол тіпті 1998 жылдың өзінде осы курс бойынша алғашқы болып курстың оқу бағдарламасын дайындаған болатын да, содан кейін ол мемлекеттік стандарттың негізіне айналды. Соның негізінде республикада кеден мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқулық басып шығарды. Оның оқулығын еліміздің барлық жоғары оқу орындары пайдаланып жүр.

Жалпы, Әміржан Шалтықовты саясаттану ғылымында кедендік саясаты мектебінің негізін қалаушы деп таниды. Себебі, ол саясаттану ғылымында осы салада ең бірінші болып докторлық зерттеу жүргізіп, бұл мәселеге жан-жақты талдау жасаумен оған жол ашқан ғалым. Қазіргі уақытта оның көптеген шәкірттері ұстазының жолын сәтті жалғастыруда. Әміржан Шалтықовтың ғылыми басшылығымен бірнеше ғылым кандидаттарының, PhD докторының, көптеген магистранттардың диссертациялары осы тақырыптарда қорғалды.

Әміржан Шалтықов он жылдай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің саясаттану ғылымы бойынша докторлық және кандидаттық дәреже беру жөніндегі диссертациялық кеңестің мүшесі болып, жас ғалымдарды дайындауға өз үлесін қосты.

Ғалымның қазіргі түбегейлі шұғылданып, көп ойландыратын мәселелері – Қазақстанның әлемдік экономикалық интеграцияға ету жолдарын сараптау, әлемдік және аймақтық интеграция, ондағы тәуелсіз еліміздің орны мен келешегі, кеден органдарындағы коррупциямен күресу жолдарын анықтау, оның тетіктерін айқындау, олардың қызметін одан әрі жетілдіру т.б.

Әміржанның тарих, саясаттану ғылым салалары бойынша бірнеше монографиялары, 250 ден аса ғылыми еңбектері бар. Алыс-жақын шет елдерде 50 астам еңбектері жарық көрді. Берлин және Сеул қалаларында өзі қызмет ететін кафедра мүшелерімен бірге ағылшын, неміс тілдерінде көлемді монографиялардың тарауларын жазып шығарды. Келешекте де осындай көлемді еңбектер жоспарланып отыр.

Әміржан сонымен бірге қазір «Қазақ зиялылары» атты жинақты баспаға дайындауда. Онда Әміржанның әр жылдары қазақ зиялылары туралы жазған материалдары кірген. Оның ішінде Елбасымыздың көшбасшылық даналылығынан бастап, Қолаевтың кеменгерлігі, Әуелбековтың жігерлілігі туралы басылымдар т.б. министрлер, академиктер т.б. көптеген ғалымдар, әртүрлі мемлекет, қоғам қайраткерлері, қатардағы мұғалімдер, қызметшілер т.б. жайында баспасөз бетінде кезінде жарияланған еңбектері. Сонымен бірге, жинақта Бұстай ауылынан шыққан зиялы қауымның өкілдері біраз сөз болады. Оған негізде бар. Бар-жоғы 50-60 үйден тұратын шағын ауылдан жоғарыда аталған бір министр, министрлердің орынбасарлары болғандар, Кокшетау қаласының әкімі болып істеген Батырханов Мапарбек, үш ғылым докторы, оның ішінде Абай Байғенжіңді атауға болады, ол Виктория королі атындағы Британдық орденнің кавалері, медицина ғылымының докторы, профессор, қазір Астанадағы республикалық Медициналық ғылыми орталықтың директоры, Әділ Хамзин, медицина ғылымдарының докторы, халықаралық деңгейдегі қазақстандық уролог ғалым. Әміржанның өзі саясаттану ғылым докторы, профессор. Ал, ғылым кандидаты болғандар он шақты болады. Бұл жинақта осы ауылдың белді түлегі Ереймен Салпықов туралы очерк берілген. Мәскеудің алтын институтын бітірген. Еліміздің қоғамдық-саяси істеріне белсене араласқан. Горбачевтың қайта құру дәуірінде Мәскеудегі дос-жарандарымен 80-ші жылдардың аяғында бүкілодақтық либералды-демократиялық партияны құрушыларының бірі болып, сол партияның идеологиялық платформасының авторы болады, яғни сол партияның бағдарламасын өз қолымен жасайды. Бірақ сол партияның басшыларының бірі бүгінде атакты Жириновскиймен идеологиялық ауызбіршілік болмай,

сол партияны тастап, елге оралады. Сонда бұл жинақтың мақсаты – кішкентай ғана өз ауылының мысалында ұлттық қазақ зиялыларының қалыптасу заңдылығын талдау. Жалпы, қазақ зиялыларының шығуы, қалыптасуы көбіне ауылмен байланысты екендігін дәлелдеу болып табылады.

Мысал ретінде, Ботай ауылы өңіріндегі ауылдардан шыққан қазақ зиялы қауым өкілдерін айтуға да болады. Шоқан Уәлихановтың туған ауылы Сырымбет, Ақан серінің ауылы Қоскөл, Үкіл Ыбырайдың ауылдары Ботайдан 10-15 шақырым жерде ғана. Осы Ботай өңіріндегі ауылдардан Бәйкен Әшімов, Еркін Әуелбеков, Шәпет Қоспанов. Сұлтан Досмағамбетов, Кәкімбек Салықов, Шота Уәлиханов сияқты көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерлерінің шығуы тегін емес деуге болады.

Әміржан тек ғалым, ұстаз ғана емес, ол сонымен бірге үлкен насихатшы, саясаткер. Өзінің үлкен еңбек жолын лекторлық қызметтен бастады емес пе? Міне, қазір де 75 жастың тұғырына келіп қалса да, ол өзінің байырғы мамандығын үлкен шабытпен жалғастыруда. Ол Алматыдағы Әуезов ауданы әкімшілігінің ақпараттық-насихат тобының белсенді мүшесі ретінде үлкен абыройға ие болуда. Тек, 2013 жылдың өзінде ғана әртүрлі ұжымдарда ол 50-ден аса дәрістер өткізген екен. Аудан, Алматы қаласының қоғамдық өмірінің саяси- мәдени маңызды шараларына белсенді араласады.

Әміржан бүгінде ұлағатты ұстаздық һәм насихатшылық қызметімен өзінің өмір жолдарын жалғастыруда. Ботай бабаның текті тұяғы танымал ғалым, татымды ұстаздың діттегеш осы.

Қорыта айтсақ, профессор Әміржан Шалтықов – интеллектуал, ғалым-новатор, ой еңбегі шабытының шыңына шыққан, шебер насихатшы, қандай марапат айтсақ та жарасатын қадірменді ұстазға осынау мерейлі сәтте нағыз шеберге тән сергектікпен ел мүддесіне қызмет ете беріңіз деген тілек арнағымыз келеді. Сіз біздің қазынамызсыз, мақтанышымызсыз!

Раушанбек Әбсағтаров, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корресподент – мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

1. Шірәлиев С.Ж. – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, п.ғ.д., профессор, Абай атындагы ҚазҰПУ ректоры
2. Сейсен Н.Б. – с.ғ.к. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының доценті
3. Матакбаева Л.Х. - д.полит.н., профессор кафедрасы политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ им. Абая.
4. Әбсаттаров Ғ.Р. - с.ғ.к. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының доценті
5. Махмұтов Б.Л. доктор PhD. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
6. Насырова М.Ю. – к.филос.н., доцент кафедрасы регионоведения КазУМОиМЯ имени Абылай хана
7. Калдыбаева Т.Ж. - э.ғ.д. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры
8. Калдыбаева Т.Ж. - э.ғ.д. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры
9. Мамбеталиева Г.С. - д.полит.н., профессор дипломатической академии МИД КР
10. Абсаттаров Р.Б. - ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филос.ғ.д., профессор
11. Рау И.А. филос.ғ.д., профессор, почетный доктор АН Азербайджана
12. Азырханова А.А. - соискатель Института философии и политико-правовых исследований Национальной академии наук Кыргызской Республики
13. Мамытгов Э. А. - аспирант института философии и политико-правовых исследований НАН КР
14. Эшанкулова Н.А. - Ст. преподаватель Бишкекского гуманитарного университета им. К. Карасаева г. Бишкек Кыргызстан
15. Әди Батиза - Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының магистранты
16. Жасекенова Г. - Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының магистранты
17. Саурбаева Р. - Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының магистранты
18. Шәкен М.Ш. - Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының магистранты
19. Байпаков М.К. - Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының магистранты
20. Артемьев А.И. - ф.ғ.д. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры
21. Кенжалин Ж. - с.ғ.к. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының доценті
22. Аташ Б.М. - ф.ғ.к. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
23. Абеуова Ш.К. - ф.ғ.к. Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
24. Әбсаттаров Р.Б. - ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филос.ғ.д., профессор, Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура Институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерішісі

Төраға Р.Б. Абсаттаров

Жауапты хатшы М.Н. Мусабеков